

СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ ӨЛКЕТАНУ МҰРАЖАЙЫ
«АСЫЛ МҰРА» ОРТАЛЫҒЫ

ШАЛ АҚЫН

Өлеңдер
Зерттеу деректер

«Арыс» баспасы
Алматы
2003

ББК 84 ~~Қаз7-5-4~~
Ш 21

Редакция алқасы:
Ғалым Қадірәліұлы, Болат Қожахметов,
Қайролла Мұқанов, Социал Жұмабаев

Құрастырған
Ғалым Қадірәліұлы

Ш 21 Шал ақын. Өлеңдер. Зерттеу деректер. — Алма-
ты: “Арыс” баспасы, 2003. — 200 бет.
ISBN 9965-17-107-6

Кітапқа есімі әйгілі Бұқар жыраудан кейін аталатын аузы дуалы
сөз сайыпқырандарының бірі Шал ақын бабамыздың саф жыр-
лары еніп отыр. Ақынның өлмес мұраларымен бірге қазақ, орыс
тілдерінде жазылған зерттеу мақалалар және оның кейбір орыс
тіліне аударылған туындылары аталмыш жинақтан орын тепті.


Жинақ жалпы жырсүйер қауымға арналған.

37140

ББК 84 Қаз7-5-4

Ш $\frac{4702250000}{446(05)-03}$

ISBN 9965-17-107-6 01 R



© “Арыс”, 2003

Аманжол ҚОШАНОВ,
академик, Ұлттық Ғылым
академиясының вице-президенті

АСЫЛ МҰРА

Еліміз Тәуелсіздік алған соңғы жылдар ішінде ұзақ уақыт қызыл империя идеологтарының, ар жағында Ресей отарлаушыларының қыспағымен езіліп-жаншылып келген ұлттық санамызды көтеру жолында, елдің елдігін танытатын рухани мұраларымызды халқымен табыстыру мақсатында республикамызда бірсыпыра елеулі шаралардың жүзеге асырылып келе жатқандығы бәріңізге аян.

Өздеріңізге мәлім, осы жылы Республика Президентінің нұсқауына орай Қазақстанның барлық облыстарына, сондай-ақ іргелес Ресей, Өзбекстанның шекаралас аудандарына ғылыми экспедициялар шығарылды. Құрамында тарихшы, әдебиетші, тілші ғалымдар бар бұл экспедициялардың халқымыздың ежелгі жер атауларын бұрынғы қалпына келтіру үшін, келешекте атқарылар шаруаларға өлшеусіз жәрдем беретінін, сондай-ақ әрбір төбе, әрбір қыстау, әрбір құдыққа берілген есімнің елдік тарихымыздың бұрын хатталмай келген қастерлі де қасіретті беттері екендігін бұрынғыдан әрмен дәлелдей түсті. Осы жолы ғана Қарасай батырдың, XVIII ғасырдағы аса ірі тарихи тұлға Әбілқайыр ханның жерленген жерлері анықталды. Көптеген тарихи тұлғалар туралы аңыз, әңгімелер, жырлар қағаз бетіне түсірілді. Ел арасында шешендердің көзі секілді әр жерден тамтұмдап кездесіп қалатын әңгімешіл қарттардан қыруар мақал-мәтел, арғы-бергі кезеңде өмір сүрген ақын, жыраулардың азды-көпті толғау-жырлары жазып алынды.

Ал сол кеудесі алтын қазынаның қоймасы секілді қарттарымыздың аса жоғары ілтипатпен еске алатын ақын, жыраулары арасында бүгінгі күні дүниеге келгеніне 250 жылдығы аталғалы отырған Шал Құлекеұлының орны айрықша қастерлі.

Өз заманында халықтың абыройы мен ары үшін болған небір қанды шайқастар мен алқалы жиындардың бел ортасынан табылған, есімі сол кездердегі тарихи құжаттарға түскен Құлеке батырдың перзенті, Үйсін Төле бидің жиені Шал Құлекеұлының біздің бірнеше ғасырлық поэзиямыздағы қадір-қасиеті ерекше.

Шал Құлекеұлы ақын ретінде еліне ерте танылған. Ол сүйініші мен күйініші қатар өрбитін жалпақ дүниенің күрделі құбылысын тереңнен байыптай білген ойшыл ақын. Оның өмірдің өтпелілігін, фәни дүниедегі жақсылық пен жамандық, әділеттік туралы, әйел ана, жақсы жар, тәрбиелі қыз тұрғысында, жалпы адам тағдыры туралы толғаныстары біздің рухани мұрамызға қосылған сүбелі сыбаға ретінде қабылдана бермек. Ол — осы туындылары арқылы қазақтың ақындық поэзиясының көш басында тұрған саңлақ суреткер. Ол ұлы ғалымымыз Шоқан Уәлихановтың: “Менің бабам Абылай ханның замандасы, Арғын, Атығай ішінде Бәйімбет табынан шыққан Шал ақын қазақ халқының тегі, қазақ халқын құраған рулар жайлы аңыздарды жинақтап, гажайып эпос жасаған”, — дегеніндей өз кезінің терең білімді оқыған азаматы.

Ақын мұрасының бүгінгі таңда қазақ әдебиетінің тарихын, тілін зерттейтін ғалымдарымыз бен көрнекті ақындарымыз, жазушыларымыздың, алыс-жақындағы түрік, қырғыз бауырларымыздың зерттеу объектісінің нысанасына айналуының өзі оның поэзиялық құдіретінің пәрменін паш етіп, алып ақын болғандығын айқындай түсуде. “Отан тарихы сабақтары және Қазақстан қоғамының жаңғыруы” атты Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының арнаулы сессиясында Мемлекеттік хатшы Әбіш Кекілбаев мырза қазақ халқының ұлы перзенттері Абылай, Әбілқайыр, Бұқар жырау, Төле, Қазыбек, Әйтеке билер, Абай, Шоқан қатарында Шал ақын есімін де атады. Бұлар халқымыздың рухани қуаты, ел егемендігінің ірге тасын бекіндіруге бірден-бір мәңгілік дәнекерлер деп танылды. Ал мұның өзі түптеп келгенде, бүгінгі конференцияны — біздің ұлттық әдебиетіміздің мерейін көтеретін, өміріміздегі елеулі оқиға деп есептеуге кепілдік береріне дау жоқ.

(Шал Құлекеұлының туғанына 250 жыл толуына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференцияны ашарда сөйлеген сөзі. 25.XI.1998 жыл)

“ӨЛЕҢГЕ ТОҚТАМАЙДЫ ШАЛ ДЕГЕНІҢ...”

“Шал ақын” аталып кеткен Тілеуке Құлекеұлы Ақмола облысы жерінде қазіргі Азат темір жол станциясының маңында 1748 жылы дүниеге келген. Әкесі Құлеке қазақ-қалмақ соғысының атақты батырларының бірі. Анасы — атақты Төле бидің қызы. Құлеке мен оның ағасы Тілекенің соғыстағы ерлігі жайлы әңгімелер ел ішінде күні бүгінге дейін айтылады.

Құлеке жайында Алматы мұрағатында нақты деректер де сақталған. Ол 1742 жылы Орта жүз атынан Россия қол астына қарау туралы ант берушілердің бірі болған. Абылай хан атынан Ресей мемлекетіне елшілікке барғаны туралы деректер сақталған. Ресей үкіметінің ресми деректеріне қарағанда Орта жүз Атығай руының Бәйімбет, Құдайберді тайпалары Есіл бойына қоныс аударады. Бұның ішінде Құлеке батырдың да ауылы болады. Бұлар келгенде Есіл бойы естектердің қарауында екен. Естектермен жер үшін болған соғыста Құлекенің ағасы Тілеке батыр қаза табады. Ағасының кегін алған Құлеке Есілден естектерді ығыстырады.

Ауызша жеткен әңгіме бойынша, Шал ақын қоян жылы, 71 жасында дүниеден өткен, бұл есеппен алғанда ақын өмірін зерттеушілер 1819 жылы қайтыс болды дейді. Қариялардың айтуынша, қазіргі Сергеев селосының қасындағы Аютас деген төбенің жанында, Есілдің оң жағындағы үлкен бейіт ішіне жерленген, бірақ қабірі белгісіз.

Құлеке батырдың төрт әйелінен Бәбек, Мәңке, Шардақ, Тілеуке (Шал), Қазақбай, Жүсіп атты алты ұл туады. Осы алты ұлдан тараған ұрпақ қазір жүз шақты үй шамасында деседі.

Күлеке батырдың Айман деген қызы Сегіз сері Баһрамұлының ұлы әкесі Шақшақтың бәйбішесі екен. Шақшақтың осы Айман бәйбішесінен Қаншайым есімді қыз, Бауыржан, Сексен (шын аты Бектемір), Баһрам, Есенжан, Қайыржан, Шағырай, Жанат атты жеті ұл туады.

Қаншайым – академик-жазушы Ғабит Махмұтұлының бабасы Мүсірептің туған анасы. Қаншайым күйеуі Шақшақпен бірге орыс отаршылдарына қарсы күресіп, керейдің батыр қызы атанған екен.

Шақшақтың Айман бәйбішесінен туған ұл балаларының ішінде Бауыржан мен Сексен екеуі де би болған. Ал Баһрам (Сегіз серінің әкесі), Шағырай, Жанат үшеуі де әнші, ақын әрі күйші өнерпаз болған, Шағырай мен Жанат сал-серілік кұрған.

Батырлық, жыраулық, өнерпаздық қасиет ата-бабасы Толыбай сыншы, Қожаберген жырау және Шақшақ Көшеқұлының өзінен дарып жатса да, ұрпағының нағашы жұртына ұқсауы табиғи заңды құбылыс деу керек.

Шал ақынның өзі жасының ұлғайған шағында Мәлімбай және Мәлике атты екі перзент көреді. Мәлімбай атты баласынан ұрпақ жоқ. Мәликені Қостанай жағына Нұрым дегенге ұзатқан екен. Нұрымнан – Айтбай, Айтбайдан – Наушабай, Наушабайдан – Нұржан Наушабаев ақын туған.

Күлеке баласы Тілеукенің “Шал ақын” деп аталуы туралы ел ішінде бірнеше түрлі әңгіме бар. Солардың ішінде зерттеушілердің ден қойғаны төмендегі әңгіме. Шал өлең шығарумен балауса жас кезінен бастап айналысқан. Жасынан сөзге үйір, шешен сөйлейтін тілге ділмәр, ойлы жас болып көзге түседі. Жасынан ел арасы ақындарымен айтысқа да түсіп жүреді. Оның кішкентайынан үлкендерше сөйлеуі, төрде отырып төрелік айтқанына қарап жұрт “Шал” атап кетеді.

Зерттеушілердің айтуы бойынша, Шал ақынның тұңғыш өлеңі – “Өлеңге тоқтамайды Шал дегенің”. Бұл өлеңді ақын шығармашылығының басы деп жүр. Өлеңнің шығу тарихы былай екен.

Әйгілі хан Күлеке батырдың бәйге алдын бермейтін жүйрік атын сұрап алып, кейін қайтармай қояды. Бірде Күлеке атын сұрауға барғанда баласы Шалды ертіп барады. Хан бала Шалдың көзінше: “Іші бок, сырты түк сол

мәстекті осыншама неге сұрай бересің?” — деген сөз айтады. Шал таңертең ерте тұрған ханның табынға ере алмай қалған бір қозыны арқалап бара жатқанын көріп қалады. Кетерінде хан екен деп қысылмай, өлеңдетіп, малжандылығын бетіне айтады.

Өлеңге тоқтамайды Шал дегенің,
Болмайды қойға пана тал дегенің.
Таң ата жалаң аяқ тоқты арқалап,
Хан ата, қалай екен мал дегенің?
Сыйлайды ханымыз деп үлкен-кіші,
Біреудің хақын жемес жақсы кісі.
Тақтағы хан, топтағы биді еңкейткен,
Хан ата, қалай екен малдың күші? —

дейді.

Өлеңді естіген хан Құлекеге: “Мына балаң маған үлкен адамдарша сөйледі, тумай жатып қартайған бірдеңе ғой”, — депті. Сөзден ұтылған хан Құлеке батырдың бөйге атын қайтарған екен. Хан алдында айтылған бұл өлең ел ішіне тез тарап, Тілеукеңің Шал аты мен ақындық атын қатар шығарған екен.

Осыдан былай Шал ақындық жолға көшеді, дарынды суырып салма ақын болады. Ертерек дәуірлерден қалыптасып, жалғасып келе жатқан, XVIII ғасырда өмір сүрген Тәтіқара, Көтеш ақындардан кейінгі қазақ дәстүрлі поэзиясын дамыта түседі. Оның бұл салада қосқан үлесі үлкен. Өлең-терме, толғау-тақпақтары сан жағынан мол, сапа жағынан мазмұнды, көркем және тақырыбы да кең. Шал ақын қазақ поэзиясындағы лирикалық өлең жанрын, өз замандастарымен салыстырғанда жан-жақты толықтыра түсіп, көркемдігін арттырды. Бұл тұрғыдан алғанда, оны толғауды көркемдік шегіне жеткізе білген Бұқар жыраумен ғана салыстыруға болады. Сондықтан да кейінгі кезеңдерде өмір сүрген ақындар Шал ақынды ұстаз тұтты.

Шал ақынның өлең, жырлары кезінде ел арасына кеңінен таралған. Қазірдің өзінде де ел аузында сақталып қалғандары бірқыдыру. Ұқыптап ескерілмегендіктен, оның шығармалары осы күнге дейін жиыстырылмай келді. Әйтсе

де, ақындық қалпын анықтауға толық негіз боларлықтай шығармалары бар. Шалдың атына телінген өлең-термелердің, тақпақ-толғаулардың көлемі 1600 жолға жетеді.

Шалдың бізге жеткен шығармалары негізінен әр жерде әр түрлі себептермен суырып салып айтқан шағын өлеңдерден тұрады. Терме-тақпақтары, нақыл сөздері, сөз қағыстары да баршылық. Шалдың ұзақ эпикалық жырлар шығарғандығы, қазақ халқының шежіресін өлеңмен жазғаны да Шоқан Уалихановтың еңбектерінен белгілі.

Шал ақын негізінен суырып салма десек те, өлеңдерін хатқа түсірерлік сауаты болған, оны айғақтайтын өлеңдері де жеткілікті. Мысалы:

Мен өзім талай сөзді хатпен жазғам,
 Әзілден мерт болады артық қазған.
 Өткен іске өкінсем өмірім зая,
 Тұяғыма ілінгенді қайта жазбан.

Шал ақынның өлеңдері тақырыбы жағынан өте кең. Ескі қазақ ауылының алуан түрлі тіршілік-тұрмысына қатысты жайлар, этика, мораль мәселелері — ақын өлеңдерінің негізгі объектісі. Адамдық, арлылық, адалдық, намысшылдық ақын шығармашылығының өзекті желісі. Өтірік пен өсек, еңбек етпеу әйел үшін де, еркек үшін де арзан, азғын қасиеттердің басы ретінде сипатталады.

Шалдың өз басы кедей болған, оны мына бір шумақ өлеңінен де байқауға болады:

Кедейлік, жабыстың ғой бала жаста,
 Мені ұятты қылдың ғой қарындасқа.
 Аш белімнен құшақтап айырылмайсың,
 Көз танысың жоқ па еді менен басқа?

Сондықтан да болар ақынның көп жырлаған тақырыбы — кедейлік. Кедейлік тақырыбы қазақ поэзиясында тұңғыш рет Шал шығармашылығында жеке тақырып дәрежесіне көтеріле сөз болады. Кедейліктің табиғатын жақсы таныған ақын бұдан құтылудың бірден-бір жолы ретінде еріншек болмай, еңбек етуді ұсынады.

Кенже ұлы кедейліктің ұйқы мырза,
Ерте жатып, кеш тұрса жаны ырза.
Біразырақ бас қосып кеңесейін,
Сәлем айт, еріншекке, келсін мұнда, —

дейді.

Адамның жасы, жастық шақ және кәрілік туралы өлең-жырлар қазақтың ауыз әдебиетінде ертеден бар. Бірақ дәл Шал ақындай бұл тақырыпты жеріне жеткізе жырлаған ақын аз. Сондықтан оны қазақ поэзиясында жас туралы шығармалардың негізін салушы деуге болады.

Бір жаста, екі жаста бесіктемін,
Бес жаста тәңірі берген несіптемін,
Алты жаста қайыңның тозындаймын,
Жеті жаста ойпаң жер бозындаймын,
Сегізде бала болып ойнап едім,
Тоғызда тайлы суға бойлап едім...
Он жасымда сүт емген қозыдаймын...
Он бес деген жасым-ай,
Жарға ойнаған лақтай, —

деп басталған адам ғұмыры туралы жазылған өлеңдерінің желісі кәрілік туралы өлеңдерімен аяқталады:

Шалыңның екі көзі жайнап жатыр,
Кеудемде нәпсі, шіркін, қайнап жатыр,
Байлаулы арқаным жоқ, қазығым жоқ,
Қайтейін, кәрілік шіркін байлап жатыр.

Шал ақынның:

Елу жасқа келген соң,
Пірдің сөзін сақтадым, —

дегеніне қарағанда, ислам дініне берік болған. Бұрынғы ақын-жыраулар дін туралы сипай ғана айтып кетсе, Шал дінді арнайы сөз етеді.

Жаратты Мекке менен Мәдинаны,
Жаратты иман, дұға, шын дүнияны.

Мұхаммед үшбу жүрген үмметіне,
 Жаратты сынамаққа бұл дүнианы.
 Жаратып он сегіз мың ғалам етті,
 Бірісін ғалым, бірісін надан етті.
 Жаратып жын-періні от пен судан,
 Жаратып топырақтан адам етті, –

дейді.

“Мейманасы тасқан жұрт тәңіріні ұмытқан, құдайды – бір, пайғамбарды – хақ деп білмейді. Ораза ұстамайды, бес уақыт намаз оқымайды”, – деп қатты сынға алып:

Жігіттер ораза ұста, намаз оқы,
 Фарасат майданы бар тергеледі, –

дейді.

Шал ақынның ислам парыздарын жетік біліп, жастарды дін жолына берік болуға шақыруы ақын мұрасының кеңес дәуірінде жарыққа шықпауына да әсер еткен болар.

Шал енді бір топ өлендерінде жастарды ибалы, әдепті, қайырымды болуға шақырады. Ары, жаны таза, мәдениетті жасты аңсаған ақын ондай абзал адамдар алдына зор мақсаттарды қоя біледі. Білім алғандар парызы еліне, халқына пайдалы қызмет ету деп ашық айтады:

Майда бол, жігіт болсаң, тал жібектей,
 Жарамайды қатты болу тікенектей.
 Білімің болса-дағы ұшан-теңіз,
 Пайда жоқ өз халқыңа қызмет етпей.

Адамның артықшылығы, жақсылығы көпке, туған елге пайдалы болуында деп қорытынды жасайды.

Ашқарак, сұғанақ, арызқой, пасық адамдар тобына да ақын қалада түседі. Өзімшіл, күншіл пасықтарға жаны таза жақсы адамдардың адал ниетті ізгі істерін қарсы қоя жырлап, бірінен жирендіріп, екіншісінен үйреніп, үлгі-өнеге алуға үндейді.

Үй ішінің берекелі, махаббатты болуын аңсаған ақын достыққа, адал махаббатқа негізделген тату-тәтті отбасы тұрмысын, берекелі, бақытты өмірін көксейді. Үй ішінің сәні – жар таңдауға үлкен мән береді:

Әйел алсаң қарап ал ақылдысын,
Сол болар басқалардан жақын кісің.
Ағайынға, туысқа қайырылса,
Дүниеде нағыз сол ғой мақұл кісің.
Ерге аю, балаға қасқыр болса,
Ондай қатын алғанның күні құрысын.

Ақын өзі өмір сүрген дәуірдің өзекті мәселелерін жыр-
лаған. Ол — ел басқару жүйесі, билік айту, отбасы, адам-
дардың мінез-кұлқы, жақсы-жаман қылықтары, жастық,
қарттық, кісілік табиғаты, жалпы өмір сүру философия-
сы, т.б. Осылардың бәрін ол поэзия қуатымен әрлендіре
суреттейді. Кезеңіне лайықты білімі бар, ескіше сауаты
едәуір Шалдың өз дәуірінің ой-пікірлерінен, діни ұғым-
нанымынан мол хабары болған. Өлеңдерінің көбі мақал-
мәтел, нақыл сөздерге, діни ұғым, бейнелі сөз тіркестеріне
толы. Мысалы:

Албастыдан дию да қашады...
Нәпсің бір көкжал бөрідей,
Иманың бағлан қозыдай,
Егер тию салмасаң,
Иманыңды жеп кетер.

Ағайынның асқанын
Қарындас білмес, жат білер,
Артқы қастың батқанын
Қаптал білмес, ат білер.

Адам басы Алланың добы деген
Қайда айдаса сол жаққа домалайды.

Қорыта келе айтарымыз, Шал өз заманының беделді
ақыны. Оның өлеңдері өз кезінің өзекті мәселелерін көте-
ріп, халыққа адамгершілік ақыл-ғибрат береді.

Ақын шығармашылығы әдебиетіміздің әлеуметтік сы-
рын айқындап, оның халықтық тенденциясын нығайтты.
Әлеби тіл мен көркемдік тәсілдің ілгерілей түсуіне өз үлесін
косты. Сондықтан Шал туындыларының әдебиетіміз та-

рихында елеулі орны бар. Өзінен кейінгі әдебиеттің көркемдік және идеялық жолына белгілі дәрежеде ықпал етіп отырған көркем сөз шебері.

* * *

1999 жылы Алматының “Дайк-Пресс” баспасынан “Шал Күлекеұлы” (Шығармалары. Зерттеулер.) атты 364 беттік көлемді кітап басылып шыққан болатын.

Кітаптың алғы сөзін жазған филология ғылымдарының докторы, М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының жетекші ғылыми қызметкері Жұмат Тілеповтың айтуынша: “Шығармаларын үлкеннен кіші, ұрпақтан ұрпақ жаттап, есімі ғасырдан ғасырға өлмей жетіп отырған Шал Күлекеұлы туралы алғашқы жазба дерек Шоқан Уәлиханов еңбегінде кездескенмен, ақынның бүкіл шығармашылық болмысын танытарлық туындыларының негізінен хатқа түсіп, зерттеліп қалың оқырманмен кеңінен жүздесуі – соңғы 40–50 жылдың жүзі.” Тұңғыш рет 1929 жылы “Жаңа әдебиет” журналының 5 санында бір ғана өлеңі басылған ақын мұрасы, 1958 жылғы 28 қарашада “Қазақ әдебиеті” газетінде белгілі қаламгер Ғалым Малдыбаев жариялаған сегіз өлең мен “Шал ақын кім?” деген беташар мақаласына дейін жұртшылықтың назарын аударарлықтай сүбелі материал жарық көрген емес.

Шалдың ақындық бітім-болмысын танытарлық жазбалар, ол туралы мақалалар мен зерттеулердің жариялануы негізінен 1960 жылдардан басталады. “XVIII – XIX ғасырлардағы қазақ ақындары шығармаларының жинағы” (1962); “Үш ғасыр жырлайды” (1965); “Ертедегі әдебиет нұсқалары” (1967), белгілі жазушы, ғалым М.Мағауиннің “Қобыз сарыны” (1968) және “Алдаспан” (1971) атты жинақтары шықты. Оларда Шал ақын туралы көлемді зерттеулер жасалып, оның бірсыпыра өлеңдері жарық көрді. Ол өлеңдердің басым көпшілігін автор Шал ақынның ұрпағы – жерлесіміз Жантілеуов Қошан қарттан жазып алған болатын. Осы автордың орыс тілінде шыққан “Кобыз и копые” (1971) деген кітабында да Шал ақын творчествосына талдау жасалған.

Дегенмен бұлардың бәрі де жалпы XV – XVIII ғасырлар ақын, жырауларына арналған мақалалар мен зерттеу-

лер болатын. Шал ақынға арналған жеке кітап бұған дейін дүниеге келген жоқ-ты.

1998 жылы туғанына 250 жыл толған арқалы ақынның өз атымен тұңғыш рет жоғарыда аталған жинақ шықты. Жинақ негізінен үш бөлімнен құралған. Бірінші бөлім “Шал ақын Құлекеұлының шығармалары” деп аталады. Мұнда ақынның әр жылдары жарық көрген өлең, жырлары түгел берілген.

Екінші бөлімде “Халықтар бірлігі мен ұлттық тарих жылына” және Шал Құлекеұлының 250 жылдығына арналып 1998 жылы 25 қарашада Алматыда болып өткен “Шал ақын Құлекеұлы және ақындық өнер” атты халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары топтастырылған. Академик Аманжол Қошановтың кіріспе сөзімен ашылған бұл зерттеу бөлімінде профессор Шәкір Ыбыраев, профессор Рәбиға Сыздықова, Халық жазушысы Мұхтар Мағауин, Қырғызстан ғалымы, профессор Абдуллажан Ақматалиев, жазушы Герольд Бельгер, профессор Құбығұл Жарықбаев, профессор Өмірзақ Айтбайұлы, ақын Кәкімбек Салықов, профессор Өтеген Күмісбаев, филология ғылымдарының докторы Нағима Сағындықова, филология ғылымдарының докторы Жұмат Тілеповтардың баяндамалары, осы конференцияда оқылған ақын Есләм Зікібаевтың өлең-толғаулары, соғыс және еңбек ардагері, Шал ақынның ұрпағы Уәп Латановтың естеліктері жарияланған.

Ал “Жекелеген зерттеу, жарияланымдар, қолжазбалар, материалдар” деп аталатын үшінші бөлімде профессор Рахманқұл Бердібаевтың “Ақындар атасы”, профессор Шерияздан Елеукеновтың “У предистоков национального романа”, Халық жазушысы Мұхтар Мағауиннің “Шал ақын” атты қазақ және орыс тілінде жазылған еңбектері, профессор Әнуар Дербісәлиннің “Шал ақын туралы бірер сөз”, профессор Ханғали Сүйіншәлиевтің “Сауырынан су төгілмес боз жорға”, филология ғылымдарының кандидаты Ғали Әбетовтың “Шал ақын жайындағы жаңа деректер”, педагогика ғылымдарының кандидаты Ендік Жұматаеваның “Шал ақын шығармаларындағы тәлім”, журналист Хамит Біржанұлының “Ұлылық ұрпақ мерейі” атты мақалалары, ардагер ұстаз, жазушы Сейтен Сауытбековтың “Аютас”, “Бала Шал” атты әңгімелері басылған.

“Жаңадан табылған ақын өлеңдері” деген бөлімде Шал ақынның марқұм Сейтен Сауытбековтың қолжазбасынан алынған көлемі 300 жолдан астам бұрын еш жерде жарияланбаған өлеңдері беріліпті. Сондай-ақ, белгілі сәулетші Шота Уәлиханнның әкесі Ыдырыстың архивінен тауып алған Шал ақынның бірнеше өлеңдері және ақын Кәкімбек Салықовтың 1953 жылы Молдахмет Тырбиевтен жазып алған Шалдың “Кереке” деген атпен сөз қағысы берілген.

Жинақтың соңында халық жазушысы Әбділда Тәжібаев бастаған 14 зиялы ақын, жазушы, ғалымдардың 1998 жылдың сәуір айында Елбасы Н.Ә.Назарбаевқа, Мемлекеттік хатшы Ә.Кекілбаевқа, Солтүстік Қазақстан облысының әкімі Д.Ахметовке жолдаған Шал Құлекеұлының 250 жылдық мерейтойын өз деңгейінде лайықты атап өтуді және оның туған жеріндегі Сергеев ауданын Шал ақын ауданы деп атауға көмектесулерін өтінген “Ашық хаты” келтірілген.

Құдайға шүкір, бұл өтініштер орындалды. Елбасының арнайы Жарлығымен ақынның туған ауданы “Шал ақын ауданы” деп аталды. Облыс орталығында, ақынның туған ауданында оның 250 жылдық мерейтойына арналған әр түрлі қызықты өнер сайыстары, айтыс, т.б. шаралар өткізілді.

Бір өкініштісі, аталған кітап өте аз данамен (600 дана ғана) шыққандықтан, облысымыздың сауда орындары мен кітапханаларына мүлдем түспей, көпшілік қолына жетпей қалды. Осыны ескерген “Асыл мұра” орталығы Шал ақынның осы кітапқа енген және енбей қалған өлеңдерінен құрастырып, оның толық жинағын оқырман назарына ұсынып отыр.



ЖАҚСЫЛАР АҒЫН СУДАЙ, АСҚАР ТАУДАЙ

Шал ақын шығармалары



Усташы-Мамбетовтың
облысы мен Семейге
И. С. ДУКАНОВА
© 1950

* * *

Өлеңге тоқтамайды Шал дегенің.
Қойға пана болмайды тал дегенің.
Жалаң аяқ, жалаң бас тоқты арқалап,
Хан ата, қалай екен мал дегенің?

Сыйлайды ханымыз деп үлкен-кіші,
Біреудің хақын жемес жақсы кісі.
Тақтағы хан, топтағы биді еңкейткен,
Хан ата, қалай екен малдың күші?

* * *

Бақытыңа кез бопты долы қатын,
Мұны алған ер жанжалға молығатын,
Ұрысса бар адамды жеңбей қоймас,
Бір үй түгіл, бір ауыл торығатын.

Өзінің кесапаты бастан асып,
Ері де бір пәлеге жолығатын.
Албастыдан дәу дию қашты дейді,
Бұл үйге қона алмаймын, пері қатын.



* * *

Пасыл да пасыл, пасылман,
Аққа құлпы жасылман,
Жақсыға сырым жасырман,
Жаманға, сірә, бас ұрман.
Мен бір шапқан жүйрік ат,
Бір желіксем басылман.
Өттің бір, дүние, өттің-ай,
Теңселе басып кеттің-ай,
Мен бір жүрген жорға тай,
Жылжи да басып кеттім-ай.
Домбыра қолда қарағай,
Қолға да оны алған соң,
Әріден бері салам-ай.
Жоғары мен төменге,
Ылди менен өреңге,
Даңқым кеткен баламын.
Шын ажалым жеткен соң,
Сызықтан мәлім өткен соң,
Айтпасам да, жарандар,
Мен де бір күн өлем-ай.
Түйе деген бір мал бар,
Тамағы тойса көп кетер,
Қас жаманның белгісі
Жиын тойға барғанда,
Тамағына өкпе етер,
Өкпелеймін деп кетер.
Нәпсің бір көкжал бөрідей,
Иманың бағлан қозыдай,
Егер тыю салмасаң,

Иманыңды жеп кетер.
Ел елдетер, елдетер,
Ашылған тұман желдетер,
Жақсылардың алдында
Біразырақ сөйлесем,
Онан да менің нем кетер.
Өлгеннен соң басыңа
Топырақ үйіп белгі етер,
Белгі еткеннің белгісі
Көміп бір тастап ел кетер.
Қайырсақ та сазда өтер,
Қаңқылдаған қаз да өтер,
Үш ай тоқсан жаз да өтер.
Ақ бетіне қан құйған,
Орамалын дәл құйған,
Ерініне бал құйған,
Қылықты туған қыз да өтер.
Домбыра қолда қарағай,
Қолға да оны алған соң,
Жүйрік туған ағаңыз,
Арыдан бері тербетер.
Базарға барсаң бақ білер,
Базардағы береннің
Әр бағасын сарт білер.
Өткен менен кеткенді
Көп жасаған қарт білер.
Жолдың алыс-жуығын
Белі де жуан ат білер.
Біреуді жақсы демесең,
Біреуді жаман демесең,
Бұл дүниеден өткен соң,
Шын дүниеге жеткен соң,
Көтеріп көрге салған соң,

Көр қараңғы болған соң,
.....
Кімнің жақсы, жаманын
Бір жаратқан хақ білер.
Адамзаттың белгілі
Бұл дүниеден өтері.
Өлгеннен соң белгілі
Тірлік бір жауап бітері.
Бұл айтқан сөз, құрбылар,
Бір күні болар керегі.
Басты бір аяқ қылады,
Бір алланың шебері.
Бақытты жігіт қол бастар,
Шешен жігіт дау бастар,
Әлемнен озған ала аяқ
Озып бір кетсе ойқастар.
Күнінде артықша туған жігіттер,
Жарысқа салмай кім тастар.
Елінде жақсы жігіттің
Алыста даңқы зор болар.
Мен сөйлеймін, мырзалар,
Сөйлемесем бұл жерде
Қадірлі сөзім қор болар.



* * *

Арғымақ ат кімде жоқ,
Міне алмасаң атша жоқ,
Ағайын-туған кімде жоқ,
Сыйласпасаң жатша жоқ.
Бұқарда бар бұлама,
Тәшкенде бар сұлама.
Ел жаманы шыға ма,
Шығадан жақсы туа ма.
Сыйласпасаң тіріде,
Екі көзің ағарсын,
Өлгеннен соң жылама.
Бұқар, Тәшкен азғанын
Ішіндегі сарт білер,
Қамқа тонның тозғанын,
Көп жасаған қарт білер.
Ағайынның асқанын
Қарындас білмес, жат білер.
Артқы қастың батқанын,
Қаптал білмес, ат білер.
Ел ішінде бір мола
Жау келсе де үрку жоқ.
Соқыр, қисық болса да
Бай ұлында шіркеу жоқ.
Неше мырза болса да,
Жер солқылдап тұрса да,
Кедейден басқа шіркін жоқ.

* * *

Саясы жоқ бәйтерек
Саздауға біткен талмен тең.
Жақсы ағаңыз бар болса,
Алдыңда сары белмен тең.
Ағайының көп болса,
Ұлық бір шеру қолмен тең.
Ақылсызға сөз айтсаң,
Алды бір тұйық жармен тең.
Молдадан сабақ алсаңыз,
Алуа, шекер балмен тең.
Пайдасы жоққа жалынсаң,
Семіз бір жемқор малмен тең.
Жақсы қатын алсаңыз,
Алланың жауған нұрмен тең.
Жаман қатын алсаңыз,
Маңдайға біткен сормен тең.
Уайымшыл жігіттің
Кең дүниесі тармен тең.
Уайымсыз жігіттер
Қара бұлан нармен тең.
Жетесі жаман жігіттер
Тоқсандағы шалмен тең.
Жаманнан көрген қорлығың
Көкірекке біткен шермен тең.
Бір қалған соң көңілің
Қаңтарда қатқан мұзбен тең.

* * *

Құдая, күдіретіңмен сақтағайсың,
Хақ деген пендең болса тастамайсың,
Су құйса төгілмейтін боз жорғаның
Аяғын аңдаусызда қақпағайсың.

Құдая, жаманыңмен теңді қылма,
Құрбымнан өзім теңді кемді қылма.
Жаратқан барша жанды пәруардігер,
Өзімдей пенделерге пенде қылма.

Ойнағы жын перінің Қап тауында,
Пенденің ойын, күлкі ден сауында.
Ер адам мақсатына жетпей қоймас,
Тілеуін алып өткен перғауын да.

Сөйлеп қал, қызыл тілім, жақ барында,
Кеудеде — ақыл, маңдайда — бақ барында.
Мың сайтан, жүз пәлекет қамаса да,
Бір тәңірі қағып шығар сақтарында.

Дария — сия болса, қамыс — қалам,
Жер жүзі қағаз болса рахаттанам.
Мұсылман қасіретімді шығара алмас,
Жиылып жатса-дағы перзент тамам.

Аянбай мен түсейін намысыма,
Қырымнан көз сала бер шабысыма.
Жүлде алып келе берген жүйрігіңді,
Қоса бер, аш, тоқ демей шабысына.

** * *

Түседі өлең десе қайғы-шерім,
Шығады айқайласам ащы терім.
Басылмас аузымды ашқан, мен бір көрік,
Барады ықыласыңа көңілім еріп.
Жел сөзді тәңірім берген неге аяйын,
Шашылған несібемді жүрмін теріп.
Мақтанба, малым бар деп бағыңызға,
Бағыңыз тұрса жақсы тағыңызда.
Саныңды, аузыңды ұстап бір соғарсың
Басыңнан бағың тайған шағыңызда.



ҚЫЗДАР ТУРАЛЫ

Жиырмаға жеткен қыз кәрі болар,
Өңі кетіп, шырайы сары болар.
Ер елуге жетсе де айыбы жоқ,
Әр уақытта біреудің жары болар.

Қыз он беске жеткенде мау тартады,
Ата менен енеге жау тартады.
Екі көзі ел көшсе төңіректе,
Шарасыздың күнінен жүк артады.

Қыз он беске жеткенде талма мойын,
Он алтыда қыздардың қылса тойын.

.
Он алтыдан асқан соң болмайды ойын.

Қыз он беске жеткенде кесте алады,
Жаман менен жақсыны еске алады.
Жиырмаға жеткенде тәйке деген,
Аюша жиған майын төске алады.

КҮЛЕН ШЕШЕНГЕ

Төрт ауылдың бір биі Күлен шешен,
Төреңізді тура бер құдай десең.
Өлсең де қабірінде тек жатпайсың,
Төре беріп біреуден пара жесең.

Төрт ауылдың бір биі Күлен қозған,
Қызыл тілде Қоңыратта Күлен озған.
Төре беріп біреуден пара жесең,
Қияметте жоқ дейді биден азған.

* * *

Бақ көшсе ақылыңа қарамайды,
Жақсыны жаман адам табалайды.
“Адам басы алланың добы” деген,
Қайда айдаса сол жаққа домалайды.

Жігіттер, ат атану тым-ақ қиын,
Ат атанбай болмайды құрмет сыйың.
Топтағы бай, таптағы би болсаң да,
Қолыңнан мал кеткен соң келмес күйің.

* * *

Күні шолақ болған соң түні қайтсін,
Жеңі шолақ болған соң қолы қайтсін.
Өзі жаман болайын деген бар ма,
Білімі, өнері жоқ, оны қайтсін.

* * *

Екі қатын алғанның дауы үйінде,
Жаман қатын алғанның жауы үйінде.
Жақсы қатын алғанның тойы үйінде,
Жаман қатын алғанның соры үйінде.

Салақ әйел ауы да болар тесік,
Қолын тығып қасуға оңай десіп.
Тағдырда маңдайыңа жазған болса,
Табиғаттың ісіне амал нешік.

Кез болса ер жігітке жақсы қатын,
Жақсы қатын шығарар ердің атын.
Жаман болса өз қылған істерімен,
Еріне қалдырады жаман атын.
Жақсы сол ерін күліп шаттандырса,
Атқарып тапсырмасын мойнына алса.

Ері жоқта күйзелтпей шаруасын,
Ағайын, көршілерін жадына алса.
Сапардан ері келсе үйге кіріп,
Жылы жүзбен қарсы шығып қолын алса.

ТОҚТЫНЫҢ БАТАСЫ

Енесі жануардың имеген бе,
Көп қойдан шөп қақтығып тимеген бе.
Антұрған қатын сауып қақтаған ба,
Болмаса, қойшы ондап бақпаған ба.
Алты ай жаздай бір теңі келмей жүріп,
Молтыр би бізге арнап сақтаған ба, алла ақпар!

* * *

Жамандар өзін-өзі зорға балар,
Бір өзінен басқаны төмен санар.
Жақсылар ағын судай, асқар таудай,
Жаймалап қайда жақсы орын алар.

Жігіттер, сақтаныңыз жаман достан,
Досыңның жаманынан артық дұшпан.
Өштескен жаудан адам сақтанады,
Тиеді “достың” оғы қапылыстан.



ӘКЕСІ ҚҮЛЕКЕ ӨЛГЕНДЕ АЙТҚАНЫ

Құлеке жиырмада арқар еді,
Отызда би, қырқында дарқан еді.
Кешегі дулап өткен Қүлекенің
Алдынан орыс, қазақ тарқап еді.

Алпыс бір мүшел келді мерттей болып,
Өтпедің сол мүшелден серттей болып.
Кешегі дулап жүрген ер Қүлеке,
Су тиген сөне қалдың өрттей болып.

Астынан көк өгіздің тас көтерген,
Кісіні арықтаған ас көтерген.
Бәрі де туған жанның өлмей тұрса,
Бұрынғы үлкен қайда бас көтерген!...

Астынан қара тастың су көтерген,
Мұнарды суға түскен бу көтерген.
Бәрі де туған жанның өлмей тұрса,
Бұрынғы батыр қайда ту көтерген!..

* * *

Бұл өлім қайда жоқ?
Жарқыраған айда жоқ,
Күркіреген күнде жоқ.
Өтері өтіп кеткен соң
Мың теңгелік қайғыдан
Бір теңгелік пайда жоқ.

* * *

Жарға біткен жантақты
Жаннан безген жан жейді.
Қабырғадан саз кешіп,
Жүк сүйреген нар жейді.
Кеудесінен оқ тисе,
Уһ демеген ер дейді.
Өткен қайтып келмейді,
Алғанын құдай бермейді.

* * *

Ашу — дүшпан болғанда, нәпсі — жауың,
Ақыл — тұрған алдында асқар тауың.
Жүрекке ашу келіп толған шақта,
Денеңнің біле алмассың ауру-сауың.

Ойласаң мың бір пәле тілден туған,
Шешендер топ ішінде тілді буған.
Бір адам қателікпен сөз сөйлесе,
Жабылып мың бір пәле соны қуған.

* * *

Жігіттер, жау алмайды ақылдассаң,
Білгішке көп білетін жақындассаң.
Қарап жүрген кісіге адам тимес,
Сабыр қып, өз бойыңды мықты ұстасаң.

Жақының жат болады алыс болса,
Жат та жақын болады таныс болса.
Сыртыңнан жаман туыс табалайды,
Аяғың бір нәрседен шалыс болса.
Әйтсе де жақсы туыс шыдамайды,
Бір жерде айғайласқан намыс болса.

* * *

Әр жерде қадір, құрмет көрген жанмын,
Жақсы менен жаманды білген жанмын.
Жайымды сіз білмейсіз, мен — жорға тай,
Тайпалып, талай топқа кірген жанмын.

Жақсылар бізді есінен тастамаған,
Өнерсіз деп жаманға бастамаған.
Қария қазақ, ноғай естіген жан,
Ұрынбаған қалмады жаста маған.

Мен өзім талай сөзді хатпен жазғам,
Әзілден мерт болады артық қазған.
Өткен іске өкінсем, өмірім зая,
Тұяққа ілінгенді қайта жазбан.

Жақсының жүрген жері той болады,
Ақыл жоқ, кей адамда бой болады.
Көрмеге қандай жаман болса-дағы,
Парасат кей шаһбазда ой болады.

Жамандар тыңдамайды жақсы сөзін,
Сүйресен де жақсы іске бұрмас өзін.
Надандар асыл білес сугас көрсе,
Гауһардай-ақ айырмас сонан көзін.

Адамды жөн білетін дана деп біл,
Істерін жалқау жанның шала деп біл.
Құр жасы елулерге келсе-дағы,
Білімсіз сондай жанды бала деп біл.

Шешен сол – сөйлер сөзден қамалмаса,
Жақсы сол – істер ісін тәмамдаса.
Апу-күпу дегенмен әулие емес,
Күнәсы күнә үстіне жамалмаса.

Жаман сол – жақсы сөзді ұға алмаса,
Ғалым болмас ұстаздан дұға алмаса.
Молла есімін алған жан толып жатыр,
Не керек ғылым бойға жуға алмаса.

Кенес көп ести берсең іште жатқан,
Бір құдай сөйлесін деп тіл жаратқан.
Қызыл тіл, тіршілікте тебіреніп қал,
Шешендер сендей талай жерде жатқан.

Замандас құрбың келсе қадірін біл,
Артында әзіл сөздің қалады зіл.
Жалпылама жамандар неме керек,
Шаһбазды нағыз біздей ерім деп біл.



* * *

Кедейлік ер жігітке намыс емес,
Жоқ болсаң туысың да таныс емес.
Суық үй, арық соғым, жаман қатын,
Үшеуі кедейліктен алыс емес.

Жоқ болсаң, қызыл бүйі үйің болар,
Бар болсаң күндіз-түні жиын болар.
Алыстан кедейліктің алдынан шық,
Төбесі көрінген соң қиын болар.

Ант соқса, адам шіркін тосылады,
Кері кетсе, ұйқы кеп қосылады.
Құл-құтан, қарақалпақ болса-дағы,
Мал шіркін абыройыңды жасырады.



ШАЛ МЕН ДЕГДАР ҚЫЗ

Шал ақын жолаушылап жүріп бір байдың үйіне қонады. Байдікі қонақасыға арық тоқты сояды. Алдына табақ келгенде Шалдың айтқаны:

Қысымын он екі айдың көргенбісің,
Не жауыр, не қотырдан өлгенбісің.
Етіңіз ата малға ұқсамайды,
Не аза, не киіттен келгенбісің?!

Байдың бой жеткен қызы бар екен, сонда былай деп жауап қайтарады:

Малдың арық болғанын көдеден гөр,
Өкпелесең етімді өзіме бер.
Қүлекенің баласы Шал да болсаң,
Ақы, пұлың шыққан жоқ, қаужандай бер.

Қыздың тапқырлығына риза болған Шал ақын “Айта түс өленінді, таспа бойлы торы екенсің”, — дейді.

Таңертең қыз бір семіз тоқты сойғызып, қайт қонақасы береді. Сол уақытта Шал ақын қызды мақтап былай дейді:

Дегдар қыз екенсің бір алма мойын,
Ұжмақтан жаратылған жұпар қойын,
Жарқырап зүхрадай екі көзің,
Таранған әр тарапқа созып мойын.

Сіздердің мен таң қалдым жамалыңа,
Ақылға толықсыған кәмалыңа,
Елшіге елу теңге бермек мақұл,
Арада хат апарған адамына.

Асыл ғой баға жетпес осындай қыз
 Әр елдің аты шыққан тарауына.

Қыз:

Ой, шіркін, Шалдай болсам сөзге жүйрік,
 Сіздер аршын болғанда, біз бір ширек,
 Тұлпарға топтан асқан жету қайда,
 Бөйгіге қосқанменен байтал сүйреп.

Сөзімнің айыптама бұрыстығын,
 Тағы да мақтамаңыз дұрыстығын,
 Бір-екі ауыз сіздерге назым айтсам,
 Сүйткенмен бар ма менен шығар шығын.

Шал:

Өлеңге сен ешкімнен қалыспассың,
 Менімен топқа түсіп жарыспассың,
 Ширектен құралған соң кез болатын,
 Теңеліп кез болдым деп алыспассың.

Шырағым, сөз сөйледің әуел баста,
 Бала жоқ өлең айтқан сендей жаста,
 Қолға алып, жалғыз мені сау көтерме,
 Өнерлі жігіт жоқ па, менен басқа.

Білерсің сен де өлеңді ойлай берсең,
 Әр үлгі көрсетер ем қасыма ерсең,
 Аузыңа түкірмей-ақ ауысар ем,
 Жол қылып өз шамаңша берім берсең.

Дүние тілемеймін сенен тіпті,
 Алар деп мені дүние болма күпті,
 Ақыл ауыс дегендей, ырыс жұғыс,
 Сен-дағы көрінесің өлеңге епті.

Пайдамды тигізермін келсе шамам,
Қолыңа ал, ой ойланып қағаз, қалам,
Ақынның аса зирек әңгімесін
Жиып ал, үлгі қылып тегіс төмам.

Ақын бол, бөгелмейтін тіл мен жағың,
Жазудан тоқталмасын он саусағың,
Артылып алапатың абыройлы,
Күн сайын өсе берсін, өнер бағың.

Ақынның алды, артына бақпасын ба,
Тасыған судай болып ақпасын ба,
Үйіңе мен келгенде айтпағанда,
Атаңның айтамысың қақ басында.

Қ ы з :

Әлім жоқ сіздей ермен алысуға,
Сізбенен шамам келмес жарысуға,
Жаңбырдың іріткісіндей біз бір шалшық,
Шалшық қашан теңелген аққан суға.

Өлеңді тапсам жақсы ойлай беріп,
Біраз күн өнеге алсам қасына еріп,
Көрсетгің бір нәрсені ишаратпен,
Аламын мен дұғаңды нені беріп?

Атыңыз сіздің жұртқа болған дастан,
Өнер мен біліміңіз жұрттан асқан,
Дегенің “Атаң басы” ауыр тиді,
Тұлпардың баласымын, сірә саспан.

Өзімде болмаса да затымда бар,
Жақсымен ата тегім араласқан.
Бақытын өзі берген өзі алады,
Қолында тастап жібер болса аспан.

* * *

Екі арыстан жабылса дәуді өлтірер,
Ажал жетсе аурусыз сауды өлтірер,
Қаныпезер бұзақы жігіт болса,
Тыныш жатқан еліне дау келтірер.

Дос болма майда тілді күлгенменен,
Бимағына сырты жылтырап жүргенменен,
Әркім де өз дегенін істеп жатыр,
Ітке айып сала ма үргенменен.

* * *

Жаманға дәулет бітсе ауа айналар,
Жақсыға дәулет бітсе бақ айналар.
Басыңа жазатайым бір іс түссе,
Арасы дос пен дұшпан абайланар.

Жақсыны алыс, жаманды жақын деме,
Жақсы атансаң біреудің қақын жеме.
Жақсымын деп біреудің қақын жесе,
Жаман адам сол болар, мақұл деме.

* * *

Айтайын біраз кеңес бастан кешкен,
Жамандық, көрген залал кетпейді естен.
Бір мағына әр жақсыда деген сөз бар,
Айтқаны кейбір шаһбаз көкей кескен.

Айтысқан уағдалы жерінде бол.
Достықтың асары жоқ күнде дескен.
Сиырдай мұз жалаған мейірің қанбас,
Жаманға жазатайым ісің түскен.

Ажарға жаман адам қарамайды,
Істерді келген, кеткен санамайды,
Басыңа іс түскенде жаман досың,
Беруге ат құйрығын жарамайды.

Жүйрікті елде көрдім таптан шыққан,
Бәйгеден келеді екен талмай шапқан.
Қызығы жігіттіктің сол емес пе,
Аралап әрбір жердің дәмін татқан.

Дегенше жігіт момын, жаман деңіз,
Шабан артық бола алмас жаман аттан.
Түлкідей түнде жортып жүргенінде,
Алмасын аяғыңнан темір қақпан.

ЖІГІТ ТУРАЛЫ

Бір жігіт бар — құр жан,
Бір жігіт бар — тірі жан,
Бір жігіт бар — жігіт жан,
Құр жан дейтін жігіт —
кеудесінде жаны бар, еш нәрсені бітірмейді.
Тірі жан дейтін —
бар тапқанын киім мен асқа сатар,
жақын көрген досын жатқа сатар,
Қызыл белбеу, шоңқима етік, үкі тағып,
әркімді бір сықақ қылар;
Жігіт жан дейтін жігіт —
сегіз қырлы, бір сырлы болар.



ӘЙЕЛ ТУРАЛЫ

Қарауыл қана дейтін бір қатын болады:
таңертең тұрады,
түндікті оңынан ашады.
Кетіп бара жатқанға көз салып,
өтіп бара жатқанды адал алады.
Екінші әйел — қыналы бармақ дейтін:
аз нәрсені көптей қылады;
көп нәрсені көлдей қылады,
киіміне кір жұқпайды,
асына қылшық тұрмайды,
дүниесінің бәрі таза болады.
Ерінің бары, жоғын білгізбейді.
Ер егіз, еңбексіз жалғыз деген,
Осы талайлы ердің қолына түседі.
Үшінші әйел — ашып атар, жатып ішер...
Саптама етік көрпілдек,
сиыр жапасы сырпылдақ,
сормандай ерге жолығады.

КЕДЕЙЛІК ТУРАЛЫ

Кедейдің үш түрі бар ойлағанға,
Байлық жоқ қанағатсыз тоймағанға.
Бас белгі деген бір түрлі кедей бар,
Мойынын кедейлікке бұрмағанға.

Кедейдің бір түрі бар — елгезегі,
Жұмсасаң, тілінді алып қолға қонар.
Қызметімен әркімге жақын болып,
Сол кедейдің түбі ақырда оңар.

Кенже ұлы кедейліктің ұйқы мырза,
Ерте жатып, кеш тұрса жаны ырза,
Бір азырақ бас қосып кеңесейік,
Сәлем айт, еріншекке, келсін мұнда.

* * *

Алғаның жақсы болса қара жердей,
Жақсыменен сырлассаң шыққан өрдей.
Өтпес пышақ, шабан ат, жаман қатын,
Аң алмаған күйшіл күс — бәрі бірдей.

Алғаның жақсы болса қорғандай-ды,
Жаман болса қайтесің, сормандай-ды,
Атың жүйрік, алғаның жақсы болса,
Астыңда жылжып жүрген жорғандай-ды.

Көшкенде жақсы қатын атқа желер,
Жаман қатын байының сөзін бөлер.
Жаман қатын белгісін тағы айтайын,
Ауыл үйін тіккенде көші келер.

Тыңдасаң жақсы кеңес құлақ құрышы,
Төтті ұйқы, қалың төсек жанның тынышы.
Жүйрік ат, түзу мылтық, сұлу қатын,
Мал мен перзент – адамның дәулет құсы.

* * *

Жақсы әйел бойын түзеп сылақтайды,
Өз байынан басқаны ұнатпайды,
Үйіне мейман түссе, хош келдің деп,
Еш адамнан рұқсат сұратпайды.

Жаман әйел байымен ұрысады,
Мейман келсе қабағы тырысады.
Бұл үйден шай ішкенмен оңбассың деп,
Мейман байғұс басқа үйге жылысады.

Жақсы әйел дәулетіңе жөн келтірер,
Әйелің долы болса күнде өлтірер.
Жақсыдан жаман туған бала болса,
Атаға үйде жатқан сөз келтірер.

Жақсы әйел айтқан сөзді кектей қоймас,
Осал жігіт әйелге беттей қоймас.
Жауыз қатын қабаған ит сияқты,
Ер жігіттің түбіне жетпей қоймас.

БАСПАЙҒА

Басеке, мал жануар басқа бітер,
 Қына шөп секілді ол тасқа бітер.
 Үйінен ит жаланып шықпайтұғын,
 Өзіндей жатып ішер насқа бітер.

* * *

Өнершек жігітлікте жүрме бекер,
 Бір кеңес жұрт тыңдарлық айтсаң нетер,
 Үлгілі жақсы сөзден тағлым берсең,
 Халыққа төрт-бес дуан атың кетер.

Ат – аспанда, нұр – пейіште деген сөз бар,
 Құдайым жақсы десе ұжмақ нетер,
 Қанағат, амандықтың қадірін біл,
 Жастық өтіп, кәрілік бір күн жетер.

Жастықтың қызығы бар күнінде жас,
 Өнер беріп, әр жерге айласаң паш,
 Алдына бір жаманның іс боп барсаң,
 Парқы жоқ көңілінде аяқ пен бас.

Білімсіз уылжыған жас не керек,
 Болмаса ат аталған қайыру нас,
 Шоңқайма етік, түлкі тымақ киген жастар,
 Не керек жаман болса есірік – мас.

Ағаның атын күтіп қызмет етпей,
Насыбай атса ерніне былыққан нас,
Өзі жаман жақсыны көре алмайды,
Сыртынан ғайбат айтып, атады тас.

Мұндай жанның әдеті осы деп біл,
Өзіне дос таба алмай жинайды қас,
Немере бірге туған жамағайын
Бұл жанды жақыным деп айтып болмас.

* * *

Бұрынғы бар кісілер болды жарлы,
Бардан жарлы болғандар болады арлы.
Күннен — қатын, құлдардан — иесі бар,
Тақа жаман демейді малы барды.

Келмейді таудың көркі тас кеткен соң,
Ер жігіт шау тартады жас кеткен соң,
Келіспес ішіп-жеген бәйбішелер,
Қолынан қара саба, ас кеткен соң.

Тау толағай көрінер тасы кетсе,
Әр ел жесір қалады басы кетсе.
Кәрі күш не болады, уа, дариға,
Асырайтын қолынан жасы кетсе.

* * *

Жер түрлентіп жараттын
Желкілдеген бозымен,
Қой түрлентіп жараттын
Бауырынан емген қозымен.
Ағашты да түрленттің
Жапырағын жайқалтып,
Құстарды да түрленттің
Жұмыртқасын шайқалтып.
Тауларды да түрленттің
Жылғалап аққан бұлақпен,
Ешкілерді түрленттің
Бауырынан емген лақпен.
Көлдерді де түрленттің
Жағалай біткен құрақпен.
Бір жаратқан пендеңмін,
Перзент үшін жылаттын.
Балалы арқар маңырайды,
Баласыз арқар зарлайды,
Балалыны көргенде,
Екі көзім жайнайды,
Ішім оттай қайнайды!
Бүйтіп жүрсем, Сердеке-ау,
Ғаріп бір басым не табар,
Үйге келсем, қатындар
Менен де жаман зар қағар!..

* * *

Мекке менен Мәдине жолдың ұшы,
Алыс сапар дейді ғой барған кісі.
Ата менен ананды құрметтесең,
Мекке болып табылар үйдің іші.

* * *

Бақ-дәулет, жеті мұният болса жолдас,
Төрт бақыт бір адамға сірә қонбас,
Босағасын алтыннан соқсаң-дағы
Перзент сүймей адамның мейірі қанбас.
Лә иллаһа илла алла — иманыңыз,
Иманыңнан бұйырсын жиғаныңыз.
Алғаныңнан үл перзент туа қалса,
Қиямет, машхарға дейін барғаныңыз,
Алғаныңнан үл перзент болмай қалса
“Күн фаякун түржағұн” болғаныңыз.

* * *

Шәйі сиса, асыл қылыш ердің көркі,
Ер жігіт жауға аттанған елдің көркі,
Жарасар әрбір нәрсе өз сәнімен,
Аққу құс айдын шалқар көлдің көркі.

Гүл шешек орман өсіп желкілдеген,
Биік тау, асқар төбе жердің көркі,
Ағайын бір уақыт жақсы болса,
Сонымен табылады елдің көркі...

* * *

Қорқақ емей немене қашқан кісі,
Батыр емей немене шанышқан кісі,
Мың жылқылы байлардан несі кейін
Оразасын үйінен ашқан кісі.

Қонбай тастап кетер ме талды кісі,
Ашуланшақ болады жарлы кісі,
Ашуланса қолынан түк келмейді,
Орамына келтірер малды кісі.

* * *

Сөйлеп қал, сөйле тілім, арыс келді,
Алдыңа сөйлейтұғын намыс келді,
Сөйлеп қал, қызыл тілім, осындайда,
Қысқарып ұзын дүние қарыс келді.

Сөйлеп қал, сөйле тілім, иең келді,
Алдыңа сөйлейтұғын жүйең келді,
Сөйлеп қал, қызыл тілім, осындайда,
Қысқарып ұзын дүние сүйем келді.

Сөйлеп қал, сөйле тілім, өлмей тұрып
Басыңа кезекті өлім төнбей тұрып,
Сөйлеп қал, қызыл тілім, осындайда,
Өзіңе жала-қауіп келмей тұрып.

Сөйлеп қал, сөйле тілім, бақ барында
Басыңда сөйлейтұғын жақ барында,
Сөйлеп қал, қызыл тілім, осындайда
Артымда мирас қалсын жастарыма.

* * *

Жастарға бақыт, байлық ден сау болса,
Тауфиқтан айрылады жемсау болса,
Ер жігіт қапалықпен қартаяды,
Қатын жаман, мінген ат қырсау болса.

Жастарға жақсы есім молла деген,
Арамға жарамайды алла деген,
Белінді тәуекелге бек байласаң,
Бөрі мен ер азығы жолда деген.

* * *

Ата-ананың қадірін
Балалы болғанда білерсің,
Ағайынның қадірін
Жалалы болғанда білерсің.
Дәулетіңнің қадірін
Мал кеткенде білерсің,
Маңайдағы дұспанды
Түн жеткенде білерсің.

* * *

Қона берсе жерің тозар.
Шаба берсе елің азар,
Жасай берсе ерің азар,
Ерің азған кезінде елің азар.

* * *

Ханнан тақыт таярда
Қарашы жұртпен қас болар,
Байдан бақыт таярда
Дәулетіне мас болар.
Кәріден абырой таярда
Аңдығаны ас болар.
Жетесіз туған жігіттер
Жиырма бесте жас болар.

* * *

Көкала көл, нар қамыс,
Қар үстінде от жанар,
Баласы жаман туғанның
Әкесін түйе үстінде ит қабар.

* * *

Біз-дағы келіп қаппыз елулерге,
Ілгері көз саламыз керуенге.
Алпыс барсаң, жетпіс түр көлденендеп,
Шақырар замандас жоқ бері кел деп.

Жетпіс келсең, сексен түр арағырақ,
Барсаң тұсау салады тарағырақ,
Үш жүзге басшы болып өтсең-дағы
Билікті алады екен қатын, бала-ақ.

Егерде тоқсан барсаң жатқаныңыз,
Мылжындап бала сөзін айтқаныңыз,
Аяқты бір басуға халің келмей,
Алаңсыз біржолата қатқаныңыз.

* * *

Сабының сақар болсын, дені, келін,
Көрмедің шыбын құрлы мені, келін,
Жұрт сыйлаған басымды күлге теңеп,
Жаярмын талай жерге сені, келін.

ЕКІ КЕЛІН

Көшкенде көлік болмас түйе алдында,
Еруде сауын болмас бие алдында,
Ақырған аждаһадай аю келін
Біз түгіл, құдайынан ұялды ма.
Келінде де келін бар сара келін,
Кей келін ас бермейтін қара келін,
Кез келгенге түсіріп құрмет еткен
Анамыздай болмай ма, мына келін.

БІРЕУДІҢ БАЛАСЫ ӨЛГЕНДЕ АЙТҚАН ЖҰБАТУ

Уа,
Қуаныш қайғыменен жұбай дейді,
Үнемі қуанбассың ұдай дейді,
Пәлеме риза, қазама сабыр етпесең,
Бір алла қаһарланып былай дейді:
“Қолына мылтық алып атсын, — дейді,

Болмаса қылыш алып шапсын, — дейді,
Пәлеме риза, қазама сабыр етпесе,
Менен басқа құдайды іздеп тапсын”, — дейді.

Уа,
Олай болса, құдайды атпақ қайда,
Қылыш алып, найзамен шаппақ қайда,
Пәлесіне риза, қазасына сабыр етпей,
Жер мен көктің арасынан шығып кетіп,
Басқа бір құдайды іздеп таппақ қайда!..

* * *

Біздерді алдап келер дүние ғаяр,
Сөйтіп жүріп адамға уын жаяр.
Қолыңды жарты сағат босатпайды,
Бірін тапсаң, тұрады бірі даяр.

ҚҮЛЕТЕЙГЕ

Ешкім кетіп қойымнан бөлінді, құл,
Малы жоқтың етегі өрімді, құл,
Оның несін бетіме қылдың салық,
Азар болса бір жылғы төлім-ді, құл.

Ешкім кетіп қойымнан ауысқаны,
Ажал жетіп тағдырын тауысқаны.
Арам өлген ешкінің етін жепті,
Құлетей біздің елдің сауысқаны...

* * *

Он бесте тартып міндім аттың жалын,
Сол кезде айтқан сөзім от пен жалын.
Бүркіттей тасқа түскен талап етіп,
Сонымен біраз жүрдім ұзын сарын.

Құрдым мен он сегізде жігіт салтын,
Байқамай еш нәрсенің алды-артын.
Басым бүлбүл, аяғым дүлділ болды,
Перзент жоқ, бұзады екен ердің шартын..

Жиырмаға келген соң,
Жын қуалап ақтадым,
Жиырма беске келген соң,
Жақсыларды жақтадым,
Отыз жасқа келген соң,
Әр ісін сүйіп мақтадым,
Қырық жастан асқан соң,
Артық айтқан сөздерім,
Сенен де пайда таппадым.
Елу жасқа келген соң,
Пірдің сөзін сақтадым.
Алпысқа жақын келген соң,
Өлімнен хабар жетер деп,
Тәуба қылып тоқтадым.

* * *

Алпыс жас — бұл бір өткен өмір сәні,
Алпыста бойда қуат тұрмас бәрі.
Қызығың жігіттікте көрген бір түс.
Қайта атпас жігіттің алтын таңы.

Жиырма бес енді келмес албырт жасың,
Қайратың қиратқандай таудың тасын,
Алпыс алып бар күштен тамтық қалмай,
Кәрілік бәрін жеңіп, болар басым.

Бұл алпыс әуел келіп бастан алар,
Онан қала төмен жақ, астан алар.
Жұлын тұта, сегіз көз, жамбас, тізе,
Түгел жайлап аяқ пен қолдан алар.

Қартайсаң нұрлы жүзден шырай кетер.
Бойдағы жастық қуат бәрі бігер.
Оқтай түзу мүшеңіз бүкшисе егер,
Басың бола жаздайды жерге жетер.

Алпыс жас аяғыңа тұсау салар,
Мезгілсіз жүру-түру бәрі қалар.
Болады аңдығаның оттың басы,
Болмаса үйден аттап жерің барар.

Кәрілік жарасады сәніменен,
Оның сәні келеді малыменен.
Жолдасы арқа жылытар, аяқ сипар,
Жұмсақ төсек, тәтті тамақ барыменен.

Жақсы екен кәрілік шіркін жүр демесе,
Ішіп-же де, жата бер, түр демесе.
Тағы да келіспеген бір жері бар,
Жастардың жиынына кір демесе.

Кәрілік елден бұрын түсінді алар.
Арпа шайнап, ас ішер тісінді алар.
Өлмеймін деп дүние үшін өнер қылған
Ойыңнан түк қалдырмай есінді алар.

Онан кейін кәрілік көзінді алар,
Құлақ кетіп, ауызыңнан сөзінді алар,
Белден медет, тізеден қуат кетіп,
Ең соңында аңқайтып өзінді алар.

ШАЛ МЕН КҮЛІМЖАН ҚЫЗ

Ш а л :

Бұлақтан күнде келіп су аласың,
Қайтер ең суым бермей қуаласам,
Баяғы жиырма бес жас қайтып келіп,
Жығып сап, тал төсінді уаласам?

Қ ы з :

Шал ата-ау, айтқан сөзің естен кетпес,
Түлкіге таудан қашқан құсың жетпес,
Түкті кілем түгіндей... бар.
... сірә де өтпес.

Ш а л :

Таулардың мен көрмеген аңы бар ма,
Түлкінің мен көрмеген таңы бар ма,
Екі аяқты...
...тастан соққан тауы бар ма!?

ЖІГІТ ПЕН ШАЛ

Ж і г і т :

Насыбай ат, жаныңда қасың болса,
Қайырға бер, бір аяқ асың болса,
Таразыға салғанда төмен тартар,
Тәубаңнан да күнә ісің басым болса.

Ш а л :

Насыбай атпағаның жарамайды,
Оны атпасаң бойға қан тарамайды,
Парыз, уәжіп, сүннәтті тәмам қылсаң,
Құдайым насыбайға қарамайды.

ШАЛ МЕН КЕМПІРІ

Ш а л :

Дүние, ойлап тұрсам жалғаның-ай,
Шынымен, жалған дүние, қалғаның ба-
Жауырыным құрысып, шаншып отыр,
Келіп сипап жіберші, алғаным-ай!

К е м п і р і :

Бұл дүние бәрімізден кетер өтіп,
Қыз күнімнен болдым ғой сізге несіп,
Айында да пайдаңды бір көрмеймін,
Қайтемін бостан-босқа қызмет етіп.

Ш а л :

Шал ақын Орта жүздің мен емес пе ем,
Он бесте ұрғашыға кен емес пе ем,
Мен саған жиырмамда болдым жолдас,
Құрытқан сонан бері сен емес пе ең!?

К е м п і р і :

Ұшады көк ала үйрек көл дегенде,
Қара су бал татиды шөлдегенде,
Аузыңа келген сөзді ірікпейсің,
Алжыған, не жының бар сөз дегенде.

Ш а л :

Дүние қызық екен жасыңдағы,
Барады өтіп дәурен басымдағы,
Айына бір пайдамды көрмеген соң,
Қасыма не қып келсін қатын-дағы.

* * *

.....
Тоқсан баулы айтайын тор өзбек,
Заманында мал біткен зор өзбек,
Пайғамбардың батасы тиген дейді
Соның үшін байыған сол өзбек.
Өзбексіз ел бар ма тамам елде,
Өзбектің өскені ол бір белде,
Тоқсан баулы өзбек айрылыпты
“Таңбалының моласы” деген жерде.
Тілесе берер тілек бір құдайдан,
Орта жүзде хан өтпес, Абылайдан,

.....
Абылайдың тұсында құтпан болған
Сөйлейін Баян, Қанай, Жолдыбайдан.

.....
Құдай жақсы жаратқан нұр екiнi айт,
Елде жақсы бар болса бiр-екiнi айт,
Атығайда төрт қасқа батыр өткен
Жантелі, Жәпек, Құлеке, Тілекені айт.

МЕШКЕЙ КӘРІЛЕРГЕ

Айта берсе таусылмас Шал кеңесі,
Мешкейдің жіліншік өтер кең өңеші.
Алдына келген асты жаудай шабар,
Басқаның болса-дағы несібесі.

Құр мен дуадақ шөлді біледі,
Қарға мен күзғын елді біледі.
Ұятсызға бас пенен жамбас қойсаң,
Қорқау қасқыр секілді жеуді біледі.

ҚЫЗ СЫНЫ

Ерімнің бір тұрманы үзеңгісі,
Қыз он бесте келеді түзелгісі,
“Аяғын көр, асын іш” деген сөз бар,
“Шешесін көр, қызын ал”, сол белгісі.

* * *

Иман – қой, ақыл – қойшы, нәпсі – бөрі,
Бөріге қой алдырмас ердің ері,
Таяқты қатты ұстап қойшы тұрса,
Жоламас ешбір пәле шайтан-пері.

Арам болса қашады су кісіден,
Естімеген сөз шығар сұм кісіден,
Кітап – құран айтқаны рас болса,
Ұжмақ көрер бір жан жоқ бұл кісіден.

Жарлығы екі болмас хақ құдайым,
Жанында серігі жоқ тақ құдайым,
Жанымды алсаң, құдая, иманмен ал,
Шайтанның қазасынан қақ, құдайым.

* * *

Шежірелі қартың болса,
Қағазға жазған хатың деген,
Қарттың сөзі кітапқа жақын деген.
Жер ортада өлмесін атың деген,
Ер ортада өлмесін қатының деген.
Жігіттің алған жары жақсы болса,
Иманыңнан басқадан жақын деген.
Жігіттің алған жары жаман болса,
Қаншық иттей тақымдар кәпір деген.
Ата-бабаң үлгісі
Қазылған қара жолмен тең,
Ағайының көп болса
Ұлұғ әскер қолмен тең.
Жігіттің алған жары жақсы болса,
Жұмақтағы хормен тең.
Егер де жаман болса,
Мына маңдайға біткен сормен тең.
Уа, жігіттер,
Әйел алсаң қарап ал, ақылдысын,
Ол сенің ақыреттік жақын кісің.
Келген мейманыңды және туғаныңды
Бірдей тәрбиелеп,
Ол және ұмытпасын хақтың ісін.

* * *

Бұл дүниенің мысалы
Ұшып өткен құспен тең,
Өмірде көрген жақсылық,
Ұйықтап өткен түспен тең,
Атадан мирас ақылың,
Түзік айтқан мақұлың,
Ләзім болған іспен тең.
Үлкеннен көрген зорлығың,
Жаманнан көрген қорлығың
Ойлап тұрсаң, бозбала,
Дұшпаннан көрген күшпен тең.
Ағайының көп болса,
Бірлігі оның бек болса,
Жамандық жер кез келсе,
Бір-біріне сеп болса,
Бүтін тұрған бұзылмай
Отыз екі тіспен тең.
Айдынды жақсы аймен тең,
Жомарт жігіт баймен тең,
Шешен жігіт дүрмен тең,
Имансыз көңіл кірмен тең.
Ақылы жоқ надандар,
Іс бітірмес жамандар,
Жүз болса да бірмен тең.
Мектептен сабақ алсаңыз,
Алуа, шекер, балмен тең.
Саясы жоқ бәйтерек
Сазға біткен талмен тең.
Жаман туса балаңыз,

Бұғып өскен тазбен тең.
Қайғы ойлаған жігіттің,
Кең дүниесі тармен тең,
Уайымшыл адамның
Алды тұйық жармен тең,
Жетесі жаман бозбала
Тоқсандағы шалмен тең.
Жақсының айтқан ақылы
Қазулы сара жолмен тең,
Жаманға айтқан ақылың,
Ағып кеткен селмен тең.
Қас жаманның орны бар,
Кесек те болса көрмен тең.
Жомарттық қылған жігіттің
Ықыласын байқасаң,
Толқып соққан көлмен тең.
Жақындап келген кәрілік
Жайып қойған тормен тең.
Жақсы қатын алсаңыз,
Жақсылығын білдірер,
Ерін жөнге көндірер,
Анық осы, бозбала,
Жұмақтан шыққан хормен тең.
Алғаның жаман жолықса,
Жамандығын білдірер,
Ер қадірін кетірер,
Оның өзі, бозбала,
Маңдайға біткен сормен тең.

* * *

Пұт болдым деп мақтанба,
Одан да ауыр батпан бар.
Би болдым деп мақтанба,
Асқар ала тау менен
Ар жағында аспан бар.
Басыма бақыт қонды деп
Кемімеспін енді деп,
Зауалды жалған дүниеге
Біле білсең таспаңдар.
Қарсы жүрген адамның
Басын исе достық қыл,
Жеңілсе дұшпан достық қыл,
Аяққа салып баспаңдар.

* * *

Қазаққа пайда мынау: малын бақсын,
Отқа жайып, суарып, бағып-қақсын,
Ұлда бір көз, жалшыда екі көз жоқ,
Соқыр кісі мал жайын қайдан тапсын.

Байлар малын бақса екен өзі жүріп,
Кедей де өлмес еді күнін көріп.
Өз малын өзі бақпай бос қаңғырар,
Бір кедейді жалдайды пайда көріп.

Жаман бай кімді оңдырар өзі оңбаған,
Жанын қорттап суыққа бір тоңбаған,
Ішпей, жемей, киместен кетеді өтіп,
Кей жаман мал бітсе де бақ қонбаған.

Күт деген бұрынғылар малдың астын,
Малдың астын күтпесең маңдымассың,
Алдыңнан мал, үстіңнен үйің кетсе,
Кеуек қып жата алмассың қардың астын.

* * *

Ат сұлу, айғыр мықты жалыменен,
Батыр мықты, бай күшті малыменен.
Жеті жұртты билеген би болсаң да,
Әркімді алсын құдай табыменен.

Білімсізге не керек біл демесе,
Сыйлағаны сол болар тілдемесе.
Шақырусыз адамның қадірі жоқ,
Өзі кеп, біздің үйге жүр демесе.

Жаман болып, не керек тірі болып,
Тірі жүрген көп жанның бірі болып.
Сары алтындай толқыған қайран нұрым
Бетімізге жабысты сірі болып.

* * *

Беліме жіп буындым белбеусізден,
Жігіттер, қатын алма көргенсізден,
Қатынды алар болсаң көргенсізден,
Ғазиз басың қор болар тергеусізден.

“Біздің Шал” деп қояды тоқал атты,
Тоқалменен болмассың махаббатты,
Қиғаштан ала көзбен қарағанда,
Ұрғаннан болады екен ол да қатты.

Жаз мініп, күз жайлаған боз інгенім,
Жануар, жауыр қылмай көп жүргенім,
Кеудең — ана, бөксең — қыз зайыбым-ай,
Сен кеткен соң не болады, қайран күнім!..

* * *

Қызығын талай көрдің жиған малдың,
Ығы жылы келетін қалың талдың,
Түндік жаба шыққанда аңдып тұрып,
Жәукемдеуші ек тоқалын талай шалдың.

Есілді өрлей қалың тал шығатын,
Тілімді менің айтқан алшы, қатын,
Қырық темірдің қылауы қосылған жер,
Өзіңе анық сенсең, баршы, қатын.

Жігіт жатпас ел көшіп, қонған күні,
Қой сойып, ақ майына тойған күні,
Қызығы дүниенің осындаймен,
Өлген жақсы мұндайды қойған күні.

СҰРАУ – ЖАУАП

Шал ақын қартайған кезде жолаушылап келе жатып, ақын қызға ұшырасады. Сонда Шалдың айтқаны:

Біз алыстан келеміз тас артқандай,
Ауып, талып келеміз бос артқандай,
Жасың кіші болса да құлақ кәрі,
Кәрілікке дауа бар ма жасартқандай?

Қ ы з д ы ң ж а у а б ы :

Алыстан келемісің тас артқандай,
Ауып, талып келемісің бос артқандай,
Құлағың тыныш, төсегің қалың болса,
Одан басқа дауа жоқ жасартқандай.

* * *

Қатын шайпау болғаны — болмағаны,
Келін шайпау болғаны — оңбағаны.
Оған да ақ ұн менен сары май керек,
Қапталдап қалың сордың қоймағаны.

Тасқа неге қонайын тау тұрғанда,
Судан балық құтылмас ау тұрғанда,
Теңіз тауып тереңге қолың серме,
Он кісімен қонасың тым құрғанда.
Жігіттер, шамаң келсе, шалқып, толқы,
Алпыс тәнің денеңде сау тұрғанда.

* * *

Келін жақсы болса —
Үйіңе көп кісі келеді.
Келін жаман болса —
Келген кісі кеткісі келеді.
Ас құй десең төккісі келеді,
Төкпей құй десең, сөккісі келеді.

* * *

Үш-төрттен талап еттім асық жинап,
Жүгірдім жалаң аяқ жанды қинап,
Боқтасып, көрінгенді боқпен атып,
Араға кіре алмадым кісі сыйлап.

Сегізде бала болып ойнап едім,
Тоғызда тайлы суға бойлап едім,
Он бес пен он алтының арасында,
Желкемнен аларын да ойлап едім.

Жиырмада құрып өттім жігіт салтын,
Ойламай еш нәрсенің алды-артын,
Бар болса елде сұлу менікі деп,
Болмапты еш нәрседен сонда парқым.

Отызда ор қояндай арыстадым,
Болса да қайдан дүбір қалыспадым,
Бүркіттей тасқа қонған талап етіп,
Алдында хан-қараның қарыштадым.

Қырық та бір жас екен, қырдан астым,
Көңілді тасып жүрген әрең бастым,
Жанасып жақсылармен әзіл айтып,
Арада сол секілді орындастым.

Елу де бір жас екен есептеулі,
Есептеп елдің жөнін білсек дейді,
Кешегі жиырма бес жас қайтып келіп,
Көңілім бұрынғыдай жүрсек дейді.
Алпыста аш бөрідей заман болар,
Қартайсаң ақылың да шабан болар,
Жетпісте жер таянбай тұра алмайсың,
Дауасыз бұл кәрілікке не амал болар.

Сексенде тұяғыңды серіппейсің,
Селт етіп еш нәрсеге елікпейсің,
Тоқсанда тотықсыған сен қорғасын,
Май құйып қорытқанмен бірікпейсің.

Келеді тоқсан тоғыз, -
Тағы да жүз...
Ер бар ма жүзге келген,
Біз байғұстан күдерінді үз.



* * *

Қашыр-құшыр шайнайтын қайран тісім,
Тіс кеткен соң кетті ғой менің күшім,
Кесек-кесек турайды, өзі жейді,
Жаны ашиды деп сенген жақын кісім.

Кәрілік бізге келді кезіменен,
Келін жаман қарайды көзіменен,
Тұрып келіп қолымен ұрмаса да,
Ұрғандай-ақ болады сөзіменен.

* * *

Шалыңның екі көзі жайнап жатыр,
Кеудемде нәпсі шіркін қайнап жатыр,
Байлаулы арқаным жоқ, қазығым жоқ.
Қайтейін, кәрілік шіркін байлап жатыр.

* * *

Көрлік — күлге аунаған қотыр бура,
Кешегі жақсы қайда сөзге тура,
Көріні сыйлаймын деп ниет қылсаң,
Көрпені қалың сал да, майды тура.

Шайдың көркі — қант пен май, бауырсақта,
Шай ішпей тұра алмаймыз ауырсақ та.
Көріні сыйлаймын деп ниет қылсаң,
Майлы етті ұсақ турап, сарымсақта.

Бұрынғы өткен дәурен қайтып келмес,
Зарығып күндіз-түні сағынсақ та.
Жастардың біреуіндеі білгендейміз,
Қартайып әбден естен жаңылсақ та.

Жастардың қолайына жаға алмаймыз,
Айтқан серт, уәдеден табылсақ та.
Тұсыңмен төрт құбыла боп тұрсаң-дағы
Кейінгіге жақпаймыз не қылсақ та.

Кемшілік бердің, ала, бір қуатқа,
Бойдағы тоқтау еттің шаһуатқа,
Қайтпайтын кеше жаудан арғымағым,
Түспейсің айдасам да кең суатқа.

Кең суат жаның сүйіп үйренген жер,
Туған ер көңіл сүйіп сүйрелген жер,
Басына талай жанның ерік қоймай,
Кіріпті боп инемен түйрелген жер.

Бір онсыз ғашықтық жоқ ер басында,
Керекті және қостым жолдасына,
Хауаны Адамменен жолдас қылып,
Кім қылды лайықтап ол басында.

Біріне күш, біріне көрік берді,
Көрікке құмар етіп ерік берді,
Атадан сол сияқты мирас қалды,
Аяймын күшім жетсе енді немді.

Өкінем, өткен іске жоқты қарап,
Отырам, орны болса барға санап.
Әрине, еткен талап, ойлаған ой,
Тұрса екен лайықты іске жарап.

Тап деймін, талап етіп жақыныма,
Қарамай тентек, қисық, мақұлыма,
Басыңа келген іске шүкіршілік қыл,
Дүниенің кім жетеді ақырына.

Бұрынғы көп жүктерді артқан нарым,
Жүрмей тұр осы күнде шақырымға.

КӘРІЛІК

Ұлғайып, қартаяды жастан адам,
Жас қартайса қалады астан адам,
Жеткенін кәріліктің ескермейді,
Көңілі өсіп, мейманасы тасқан адам.

Кәрілік қартайғанда бастан келер,
Ағарып, басындағы шаштан келер,
Жасында қандай көркем болсаң-дағы,
Қыржиған қабақ, маңдай, қастан келер.

Кәрілік қартайғанда көзден келер,
Белгісі алжығанның сөзден келер,
Сыртылдап буындарың ебі кетіп,
Белгісі аяқ жақта тезден келер.

Қартайғанда мүкістеу болар құлақ,
Жас ағып екі көзден тұрар жылап,
Нәрсені басқа көрген көре алмассың,
“О не” деп көргендерден білер сұрап.

Бір жаман кәрілікте түссе тісің,
Ауыздан опырайып кетер пішін.
Жасында оймақ ауыз сұлулардың
Өзгертіп бұл кәрілік алар сұрын.

Белгісі кәріліктің кеудең толар,
Жөтел мен түрлі қақырық пайда болар,
Жасында қандай толық болсаң-дағы
Белгісі кәріліктің мүшең солар.

Белгісі кәріліктің кетер күшің,
Болмайды бастағыдай ешбір ісің,
Кәрілік дауасыз дерт ем қонбайтын,
Жылаймыз қартайдық деп соның үшін.

Қартайсаң, аяқ, тізең ауырады,
Жатудан жамбастарың жауырады,
Қадірің күннен-күнге кеми берер,
Жолатпай қосағың да дау ұрады.

Ауырар қартайғанда бүт пен белің,
Екі иық, кеуде, арқа барлық жерің.
Жатарсың салқын тисе төсегінде.
Қайталап ұстады деп ескі терім.

Таяққа қартайғанда асыларсың,
Төбеннен тас ұрғандай басыларсың,
Күтімсіз сол кезекте кедей болсаң,
Бұтыңды отқа қақтап қасынарсың.

Өркімнен кемдік көріп қағыларсың,
Қолыңнан түк келмейді, не қыларсың.
Көз болып, қой, бұзауға шамаң келсе,
Біреуге тамақ үшін жағынарсың.

Айтқанмен пайда бермес өткен күнің.
Күпілдеп шыға алмайды сөз бен үнің.
Күтетін жақын керек сол уақытта,
Ашылар қай-қайдағы болса мінің.

Тыпыр етпей төсекте жатқаныңыз,
Елеусіз сөз болады айтқаныңыз.
Балаң – жалқау, келінің – шайпау болса,
Күриды сол уақытта қатқаныңыз.

* * *

Он бестегі жасым-ай,
Жарға ойнаған лақтай.
Жиырмадағы жасым-ай,
Көлге біткен құрақтай.
Отыздағы жасым-ай,
Таудан аққан бұлақтай.
Қырықтағы жасым-ай,
Қырымдағыға көз салған,
Байлаулы тұрған құр аттай.
Елудегі жасыңыз
Қайта көшкен ел екен.
Алпыстағы жасыңыз,
Қоңыр салқын күн екен.
Жетпіс жасқа келгенде,
Қараңғы тұман түн екен.
Сексен жасқа келгенде,
Қазулы тұрған ор екен.
Тоқсан тұрған көр екен,
Өлімнен басқа жоқ екен!

* * *

Бір жаста, екі жаста бесіктемін,
Бес жаста тәңірі берген несіптемін,
Алты жаста қайыңның тозындаймын,
Жеті жаста ойпаң жер бозындаймын,
Он жасымда сүт емген қозыдаймын,
Он бесте жарға ойнаған лақтаймын,
Бой түзеп жиырмада сылақтаймын,
Отызда ағып жатқан бұлақтаймын.
Қырқымда қынаптағы қылыштаймын,
Елуде әр жұмысты жұмыстаймын.
Алпыс жаста тай жеген бөрідеймін,
Жетпіс жаста илеген терідеймін,
Жетпістен сексен жасқа келген шақта
Артымнан кейін кеттім кері деймін.
Тоқсан жасқа келгенде көр болғаным,
Отқа салған мүнәйім бор болғаным.
Тоқтыға асылғанда әлім келмей,
Баланың баласына қор болғаным.

* * *

Елу – ердің жасы екен,
Алпыс – бір сұмдықтың басы екен,
Жетпіс келді төтелеп,
Кәрілікті жетелеп.
Сексен келді бүйірден,
Қалдырып кетті үйірден.
Тоқсан, сен тамам жастың зоры екенсің,
Сүйегің қартайған соң бор екенсің,
Тоқтының баласына әлің келмей,
Балаңның баласына қор екенсің.

* * *

Жиырма бес — кәмелетке келген жасым,
Қырықта қынсыз қылыш болған басым,
Елуде екі көзің елең етер,
Алпыста ақ сақалды шал боласың.

Жетпісте жер таянбай тұра алмайсың,
Мойныңды жан-жағыңа бұра алмайсың.
Бәріне көрінгеннің келін болып,
Шақырмаған үйлерге кіре алмайсың.

Сексенде селкілдеген шал боласың,
Қайда деп он бес, қайран, дал боласың,
Тоқсанда өлі де емес, тірі де емес,
Бәріне көрінгеннің таң боласың.

* * *

Дүния деген шолақ депті,
Жан кеудеге қонақ депті,
Ақырет деген бір киім
Алып қайтар сол-ақ депті.
Дүние деген осы,
Ешкімнің емес досы,
Болар еді досы,
Аумаса егер қосы.
Дүниеге қызығамыз несін біліп,
Аз күнгі қызығына есерленіп,
Жалаңаш кеп, жалаңаш қайтамыз ғой,
Мойынға төрт қары бөз тесіп іліп.

* * *

Бақ дәулет, мал бітерде ырыс қонар,
Ынтымағы ағайынның дұрыс болар,
Бала пайдакүнем болар,
Жалшы жауынгер болар,
Қыз қылықты болар,
Келін епті болар,
Көп көрініп жау қашырап,
Көмектеп қонақ аттандырап.
Адамы қырлы болар,
Малы түрлі болар,
Иті үреген келер,
Тіркеген малы жүреген келер.
Бақ дәулет, мал көшерде ырыс қашар,
Біреуі біреуіне пәле жасар.
Бала пайдасыз болар,
Жалшы жалқау болар,
Қыз қылықсыз болар,
Келін керенау болар,
Қатыны салақ болар,
Ат мінсе жалақ болар,
Адамы қырсыз болар,
Малы түрсіз болар,
Иті үрмес,
Тіркеген малы жүрмес.

* * *

Байлауы жоқ шешеннен
Үндемеген есті артық.
Бәйге алмаған жүйріктен
Белі жуан бесті артық.

* * *

Санай берсең жетімдік жетпіс болар,
Бірақ та арманда шын үш жетім бар:
Бірінші — ат жетім өрен жүйрік шабылмаған,
Екінші — құс жетім саятшысы табылмаған,
Үшіншісі — болады екен әйел жетім
Өзінің теңін тауып қосылмаған.

* * *

Жігіттер, сақтаныңыз жаман достан,
Досыңның жаманынан артық дұшпан.
Белгілі жаудан адам сақтанады,
Тиеді достың оғы қапылыстан.

Жігіттер, жаман сөзді кәсіп етпе,
Құрбыңды өзің теңді басып өтпе.
Басыңа бір уақытта жұмыс түссе,
Дұшпан түгіл досың да қашар шетке.

Жігіттер, мал мен басым көп демеңіз,
Киім бүтін, тамағым тоқ демеңіз,
Дәуіттің отыз ұлын бір күнде алған,
Біздерге жала-қаза жоқ демеңіз.

Жігіттер, жалған дүние бізден қалар,
Бір күні ажал келіп жаныңды алар.
Жан шығып, дүниеден көшкеннен соң,
Мал-мүлкің, қатын-балаң бәрі қалар.

* * *

Өлімнен құтылмассың қашсаң-дағы,
Атадан арыстан туып ассаң-дағы,
Алладан шыныменен жарлық келсе,
Жұлдыз да жерге түсер аспандағы.

Жігіттер, ғибадат қыл, маған нансаң,
Намаз оқы, алланы ойыңа алсаң,
Қырық жыл қашқан ажалдан Қорқыт та өлген,
Түбінде сөз сенікі, өлмей қалсаң.

Кәрі өлсе, соққан дауыл тынғандай-ақ,
Жас өлсе бәйтерегің сынғандай-ақ,
Жігіттер, жас кезінде тәубаға кел,
Ажал деген көзді ашып-жұмғандай-ақ.

* * *

Бәйгеден келе бермес малдың бәрі,
Қатарға ене бермес жанның бәрі,
Кешегі жиырма бестің дер шағында
Келісіп тұрушы еді сәннің бәрі.

Асу-асу жерлерді арыстадым,
Қайда дүбір бар болса қалыспадым,
Кешегі қас батырлар, қайран жақсы,
Алдында хан, қараның қарыштадым.

Бұл күнде көңілім ауыр қорғасыннан
Өткіздім жігіттікті мен басымнан.
Сауырда су төгілмес боз жорға едім,
Тарлан тарта танбайтын жорғасынан.
Өткен еске түскенде құлазымын,
Ақ киіктей айрылған ордасынан.

* * *

Бір құдайдан тілеймін ғұмырымды,
Ғұмыр берсең кірсіз қыл көңілімді.
Имансыздың көрінде от жанады,
Отқа салсаң көремін не күнімді?!

Бір құдайдан тілеймін әуелі иман,
Иманымнан айрылсам көрге сыйман.
Бес уақыт намазымды қаза қылма,
Қарынбайды жер жұтты дүние жиған.

Бір құдайдан тілеймін мал-басымды,
Мал менен қартайтып ал жүз жасымды.
Өлерімде аузыма иманым сал,
Білгенмін бұл өлімнен қалмасымды.

Бір құдайдан тілеймін иман, ғақыл,
Ақылсыздан әрбір ісім өтті ғафыл.
Ораза ұстап, бес намаз оқығанның,
Ол дүниеге барғанда ісі мақұл.

Біреуге ерте келеді, біреуге кеш,
Ертелі-кеш өлімнен қалмады һеш.
Өлім қойса, кәрілік жас қоймайды,
Екі айналып келсе де жиырма бес.

* * *

Мен келдім алпыс жастың бесеуіне,
Не жиып, не жетпейміз нешеуіне.
Құдайым иман бергей, бір қаза бар,
Дүниенің көз жете ме өлшеуіне?!

Ұсынса қол жетпейді сермегенге,
Алланың не қайла бар бермегенге?!
Ауызбенен айтқан сөз бола ма екен,
Қолмен ұстап, көзімен көрмегенге?!

Адамның ауызы ала, ойы төртеу,
Құр көңіл болғанменен болмайды екеу.
Құдайым иман бергей, бір өлім бар,
Қай күні дәм таусылса қаза жетер,
Алланың жазып қойған жазуы екеу.

* * *

Қаракөк, жылқы ішінде биемісің,
Құдай десең тамұққа күйемісің?!
Тағат, ғибадат, құдайға құлшылық қыл,
Дүниеде ақырда өлмей жүремісің!

Арам болса қашады су кісіден,
Естімеген сөз шығар қу кісіден.
Құран, кітап айтқаны рас болса,
Жұмақ көрер бір жан жоқ бұ кісіден.

Тілеймін бір құдайдан әуелі иман,
Айрылсам иманымнан көрге сыйман,
Бере гөр тілегімді, хақ тағала,
Құдай-ау, құдіретіңе жаным құрбан.

Күнәны іздеп алдық басымызға,
Жолаттық малғұнды қасымызға,
Ақыретте жұмақта болмас па едік,
Сәби боп дүниеден қайтсақ жасымызда.

Осылай сөз сөйлеймін көңліме ала,
Құдайдың құдіретіне бар ма шара?!
Жатсам, тұрсам тілеймін иманымды,
Бере гөр тілегімді, хақ тағала.

* * *

Тентегің тентек десең бұтын созар,
Тентекке тізгін берсең жұртың тозар.
Мақұл менен тентекті салыстырсақ,
Түбінде тентектен де мақұл озар.

Кей адам өзін-өзі зорға санар,
Ауаланып бақыттан құры қалар.
Жақсылық асқар таудай, тасқын судай,
Қайда жақсы жаймалап орын алар.

* * *

Жолаушы ат өлтірмес ғақыл болса,
Арық та жолда қалмас тақыл болса.
Ұрлықпен ұры жігіт мал сіңірмес,
Елінде жөнге салар мақұл болса.

ШАЛДЫҢ ЖІГІТ КЕЗІНДЕ ЖЕҢГЕЛЕРІМЕН ҚАЛЖЫҢДАСҚАНЫ

Жеңеше-ау, қатық берші, қатық маған,
Жоқ та болса тауып бер, сатып маған.
Осындайда бір аяқ қатық берсең,
Қарқаралы қыздардан артық маған.

Жеңеше-ау, айран берші, айран маған,
Бұзау жүр сиырың да байланбаған.
Көк көлемнің шағында ас жоқ дейсің,
Енді қашан тиеді пайдаң маған??

Жеңеше-ау, қымыз берші, қымыз маған,
Басыңда сәукелең бар құндыздалған.
Көк көлемнің шағында ас жоқ дейсің,
Күзгі күнгі уақыт па су мұздаған?!

Бұзауды жамыратқан аман болса,
Біздерді сабап таста шамаң болса.
Шіркінге айран түгіл, шалап берме,
Сиырдан сүт шыққандай заман болса.

* * *

Адамзат тірісінде мал жияды,
Мал түгіл үкім келсе жан қияды.
Жеті атасын білмеген обал дейді,
Арғы атамды деп айтам Әрмия-ды.

Алты айшылық жер екен жүрген сапар,
Сапар жүрген кісінің ісі ғапар.
Әрмия атамыз өткен соң,
Біз дәулес үшеуі Әбуғафал.

* * *

Ханды құдай соқса, қарашамен қас болар.
Байды құдай соқса, дәулетімен мас болар.
Шалды құдай соқса, аңдығаны ас болар.

* * *

Жаратқан Мұхамедтің нұрын құдай,
Ғаламнан он сегіз мың бұрын құдай.
Өз қандасын өзіне досты қылып,
Мұндай артық сүйер ме, құлын құдай?
Әуел құдай пайғамбар нұрын қылған,
Ғаламнан он сегіз мың бұрын қылған.
Нұрынан екі тамшы нұрын алып,
Екі тамшы нұрдан ай мен күнін қылған.
Сегіз ұрмақ үлкені “дәуір зейіл” қарар,
Құдай қалап шақырса әркім барар.
Ең кішісі ұрмақтың “мау дәуір” дүр,
Сонан орын тисе де бізге жарар.
Қараса Анас Ахмет жақынына,
Бұл сөздің ғылым түсінер асылына.
Неше мың жыл нұрынан бәрін жаратып,
Келтірдің өзің заман ақырына.

Тұқым шашты атамыз қанша жанға,
Хауананы көргенде қалды таңға.
Ғаламды жарық қылған көркем екен,
Апырмай, не берді екен, қалың малға?
Хауанадан өрді ғой көп,
Жаминат көркем екен бек.
Хабахат қалың малға бергені,
Аз емес қой пайғамбарға,
Айтыпты он салауат.
“Лә илаһа иллалла” — иманыңыз,
Иманыңмен бұйырсын жиғаныңыз.
Алғаныңнан бір перзент болса егер,
Қиямет-қайымғаша тұрғаныңыз.
Алғаныңнан бір перзент болмаса егер,
“Күн паякун тұржағун” болғаныңыз.

Жақсы пенде құдайына жылай берер.
Пәле менен қазаға шыдай берер:
Біз келген дүниеге саудагерміз,
Пұлды-пұлсыз пұлымызды құдай берер.

Таулар ие болмайды жел аузына,
Кімдер ие болады ел аузына.
Патша болып алтын таққа мінсең-дағы,
Түбінде бір барарсың көр аузына.
Құдайға құлшылық қыл, аллаға жақ,
Қабірге бірге түспес мал менен бақ.
Тәңір алдына барғанда бәрі бірдей,
Патша болып мінсең де алтыннан тақ.
Құдайға құлшылық қыл, ләпсінді тый,
Қияметте болмайды бұл күнгі күй.
Жол ұзақ жеткізбейді, күні ыстық,
Басың қайнап тұрады, төбеңде — ми.
Ұмытпа, ақыретте, дүние қуып,
Қанша инсан өлген, туып.
Аз ғана тіршілікте ғамал қылсаң,
Кетпеңіз жамандыққа шайып-жуып.
Нәжістен сақтаныңыз көр ғазабша,
Жүрсеңіз тахаратпен таза жуып.
Хикмет бір алланың ғазабы бар,
Қыл көпір тайып кетсе тамұқ жуық.

Қараңғы қабірде жатпақ қиын,
Таңла мақшар болады ұлы жиын.
Намаз, ораза, ғибадат бек пайдалы,
Алладан тілек қылып, күнде сиын.
Бұрынғы өткендерді көрмеймісің,
Ісіне бір алланың көнбеймісің.
Бақ дәулет, мың күн шырақ жанса-дағы,
Жарығың, қараңғы боп, сөнбеймісің...
Барғанда тәңірі алдына жауап берер,
Сонда сен өз сөзінді жөн деймісің.

Өтпесе ата-бабаң қайда кетті,
Тағдырдың келтелігін білмеймісің.
Көрмедім дүниедей жаман боқты,
Күнәлі адамына салар сұқты.
Бір күні асы болмаса сабыры жоқ,
Өмірде көре алмадым қарны тоқты.
Дүниеде қара малдан сауда қылсаң,
Қапасын қияметтің артық соқты.
Малына пақырлардың әуес болсаң,
Тамұқтан қарнына салар шоқты.

Жиылып төрт мүнәйәт болған жолдас,
Төрт бақыт бір адамға бірдей қонбас.
Босағанды алтынмен жапсаң-дағы,
Перзент сүймей адамның мейірі қанбас.
Иман – қой, ақыл – қойшы, нәпсі – бөрі,
Бөріге қой алдырмас ердің ері.
Таяғын мықтап ұстап қойшы тұрса,
Не қылып қой алады шайтан шері.
Екі палуан біріксе дәуді өлтірер,
Ажал келсе ауру түгіл сауды өлтірер.
Ауылыңда бір адам шайпау болса,
Сап-сау жүрген басыңа дау келтірер.
Жақсыны жат, жаманды жақын деме,
Жақсы болсаң біреудің қақын жеме.
Жақсы болып біреудің қақын жесең,
Қанша жақсы болсаң да мақұл деме.
Әуелі хақ, құдайым,
Қасында жолдасы жоқ дақ, құдайым.
Алғанда да демімді иманмен ал,
Шайтанның асасынан, қақ, құдайым.

Жігітлер, тәубе қыл, ақылың болса,
Мейманға бер, бір аяқ асың болса.
Барғанда таразыға ауыр тартар,
Күнәңізден тәубеңіз басым болса.

Ат — сұлу, айғыр — семіз жалыменен,
Батыр — күшті, бай — мықты малыменен.
Елу жылда — ел жаңа, жүз жылда — қазан,
Өркімді алсын құдай табыменен.
Рыздығы хаққа міндет пендесінің,
Рахат, қайғысы ортақ жан досының.
Қисайтпай сөзді тура айту керек,
Адамның не қасиет жорғасының.
Бір ата, бір анадан туса он ұл,
Болмайды сыры бірдей хаммасының.
Бөлгенде түгел болсаң сыр шықпайды,
Көңілі түбі тесік дорбасының.
Бағыңыз, қызмет етіп, халқыңызға,
Жасы үлкен ел ішінде қартыңызға.
Дүниеге бекер келіп, бекер кетпей,
Бір белгі қалдырыңыз артыңызға.

Қорқақ емей немене қашқан кісі,
Батыр емей немене шанышқан кісі?
Мың жылқы біткен баймен бірдей қисап,
Оразасын үйінен ашқан кісі.
Кәрілік — жаман нәрсе жүр демейтін.
Ішіп-жеп жата бер де, түр демейтін.
Мінезі кәріліктің тағы жаман,
Мәжілісіне жастардың кір демейтін.
Жігітке бақыт, байлық — ден сау болса,
Тауфиқтан шығарады жемсау болса.
Ер жігіт қиналады, қартаяды,
Қатыны — жаман, мінген ат — қырсау болса.

Аузыңнан тіс кетіп, айрыларсың сөзіңнен,
Әжім кіріп бетіңе, түрің кетер жүзіңнен.
Қадірің төмендеп кетер басыңнан,
Сол уақытта безіп кетер қасыңнан...

* * *

Дәретсіз жеркенеді, су кісіден,
Естімеген сөз шығар сүм кісіден.
Молла кітап айтқаны рас болса,
Ұжмаққа барар жан жоқ бұл кісіден.
Неге тәубе қылмаймыз біз бір есер,
Есер адам шайтанмен әзілдесер.
Өткеніңе өкініп тәубе қылсаң,
Таудай күнәң болса да тәңірім кешер.
Әуелі қартаяды бастан адам,
Жас келген соң көреді жастан адам.
Көңілін ризалықтан көрсетеді,
Шынымен мейманасы тасқан адам.
Екінші қартаяды көзден адам,
Көз кеткен соң көреді сөзден адам.
Негізіне әр нәрсе көз жіберсе,
Болмашыдан көреді сезген адам.
Бала едік есіктегі шықтық төрге,
Кіруге жақын тұрмыз енді көрге.
Күн санап ойға қарай еңбектейміз,
Уақыт жоқ енді бізге шығар өрге.

Адамзат төрт нәрседен болған екен,
Адамзатты төрт нәрседен қылған екен.
Адамға су нәсілі көп қосылса,
Жомартлық, шешен болмақ содан екен.
Адамзат төрт нәрседен болған екен,
Адамзатты төрт нәрседен қылған екен.

Адамға топырақ нәсілі көп қосылса,
Мінезінің ауырлығы сонан екен.
Адамзат төрт нәрседен болған екен,
Адамды төрт нәрседен қылған екен.
Адамға жел нәсілі көп қосылса,
Дегбірсізлік, сабырсыздық сонан екен.
Адамзат төрт нәрседен болған екен,
Адамды төрт нәрседен қылған екен.
Адамға от нәсілі көп қосылса,
Ашуланшақ болуы сонан екен.

* * *

Көңілдің қазығы жоқ байлайтұғын,
Әр іске тауфиқ керек ойлайтұғын.
Айрылып дене құрлысынан қалса-дағы,
Қызығып көз қарасын қоймайтұғын.

Жігітке әдеп керек сыйлайтұғын,
Жөн болмас болмашыға қинайтұғын.
Кемеңгер қанша жүйрік болсаң-дағы,
Қисынсыз бекер сөзді жинайтұғын.

* * *

Кең жайлау жалғыз бесік жас балаға,
Алла асыраған пендесі аш қала ма?
Ер жеткен соң сыймайды екен далаға,
Тыныштық пен зар боларсың баспанаға.
Артады нар көтере артық тұзды,
Сүйменмен ұсақтайды қатқан мұзды.
Аймалап айға қарап жатар еді,
Басына ақ орамал тартқан қызды.

Жаратқан барша жанды жаббар Халық,
Жаратқан абзал қылып инсан халық.
Жігітлер, ықыласпен тәубе қылсаң,
Иманды болдың онда айқын анық.
Жігітлер, ала көрме долы қатын,
Оны алған бір жанжалға жолығатын.
Біреуменен ұрысса жеңбей қоймас,
Біреу түгіл бір ауыл зорығатын.
Надандар ойламайды алыс-жұлыс,
Күш — қапы, білімі — аз, іс — жаңылыс.
Ақылды адам деп айтуға бұл болады,
Мидан қайнап ақылы шыкса дұрыс.
Әйелдің кез келтірме жауызына,
Айтатын кез-келгенін ауызына.
Пәк жарымен аққа екі жағып күйе,
Сыйғызар бір тарының қауызына.

Жаман әйел айғалап шанқылдаған,
Түбі түскен шелектей аңқылдаған.
Ойында парасаттан еш нәрсе жоқ,
Күшіктей шабаландап қаңқылдаған.
Кәрілік, мені қалдырдың ғой ұятқа,
Әрі нұқсан келтірдің шарифатқа.
Таудан, тастан қайтпаған арғымағым,
Жетелесем түспейсің кең суатқа.
Жалғанның еріп жүрміз хауысына,
Кей шаһбаз жалықпайды тәубесіне.
Пенденің қылған ісі бәрі ғисан,
Береді не деп жауап алласына.
Қол беріп кәміл пірге ұйысаң бар,
Ұжмаққа кіре алмайды білімі тар.
Бұл шайтан бездіреді жаһан жолына,
Бермесең өзің жәрдем, рақым, жаббар.

* * *

Балаңда ер сабырлы мінез болса,
Малыңды сол бағады аз да болса.
Бала менен келінде не кінә бар,
Үйде отырып кемпір-шал қазба болса.
Қартайсаң қатын, балаң дұшпан болар,
Екі жақтан өзіңді қысқан болар.
Келін деген тағы да біреуі бар,
Біреуі — іштен, біреуі — тыстан болар.
Жігітлер, өлім рас, маған нансаң,
Ораза ұста, намаз оқы тілімді алсаң.
Ораза ұстамай, намазды оқымасаң,
Әрине, күнәсі не, өлмей қалсаң?..
Уа, шіркін, кәріліктен кісі өлмейді,
Өлмесе де істеген ісі өнбейді.
Басың бұлбұл, аяғың дүлдүл болса-дағы,
Шідермен екі қолды кісендейді.
Көшкенде көлік бар ма түйе алдында.
Еруде сауын бар ма бие алдында.
Өз ерін сыйламаған арсыз келін,
Біз түгіл құдайынан ұялды ма?

* * *

Кәрілік әрбір жерден берер хабар,
Жүрген адам көргенінен білім алар.
Кей адам бас көтермей құнжындаған,
Алдына астау келсе жаудай шабар.
Нәр істің ақырына сабыр жақсы,
Қайырсыз көп малыңнан қадір жақсы.
Қадірің болмаса егер ел алдында,
Онан да жер астында қабыр жақсы.
Бақ-дәулет қайғысымен жұбай дейді,
Үнемі бере бермес құдай дейді.
Пәлеге — сабыр, қазаға — тәубе етпесен,
Менен басқа тауып алсын құдай дейді.

* * *

Қылыш алып қолымен шаппақ қайда,
Мылтық алып қолымен атпақ қайда.
Жаратқан жалғыз хақтан айырып қалған,
Басқа (бір) құдайды іздеп таппақ қайда.

* * *

Атығайдың басы екен Қара Ерсайын,
Көңілін бермес ол күнде батыр екен.
Әулиені айтсаң, Құлсарыны айт.
Батырды айтсаң, Қүлекені айт.
Хан болып заманында қала жеген,
Қүлеке он бесінде салқам еді.
Отызында – би, қырқында – дархан еді.
Құдайдың артық берген бір бақ еді,
Алдынан орыс-қазақ тарқап еді.

* * *

Жиырмамда сегіз қырлы сынаптаймын.
Отызда таудан аққан бұлақтаймын.
Қырқымда қынаптағы қылыштаймын.
Елуде һәр жұмысты жұмыстаймын.
Алпысымда мен өзім бөрідеймін.
Жетпісте шала илеген терідеймін.
Жетпістен асып, сексенге келгенімде,
Көтімнен кейін кетем кері деймін.
Тоқсанға келгенімде торғайдаймын,
Атқа мініп малымды зорға айдаймын.
Кемпір мен шалдан билік кеткеннен соң,
Отырып от басында ойбайлаймын.
Тоқсан бесте мен өзім тор болғаным,
Мұнайым отқа салған бор болғаным.
Кәрілік әбден езіп болғаннан соң,
Баланың баласына қор болғаным.

Лақ сойса бақырады, төңірегін шақырады,
Асатса қонаққа жетпейді, асатпаса тамақтан өтпейді.
Көше барып қыстадым Көкшетаудың төбесін,
Жаз болғанда жайылдым, қыпшақтың сала көбесін.
Өлі аруақ жебесін, тірі аруақ демесін,
Етке тоймаған қонақ осыдан артық не десін?

Қатын алма алпыстан асқаннан соң,
Күш-қуатың бойыңнан қашқаннан соң.
Жас тоқал жатысымен еміренсе,
Тер шығар маңдайыңнан сасқаннан соң.

* * *

Жаһаннам түбі терең неткен деймін,
Аузына бір тас түсіп кеткен деймін.
Тереңдікті жамағат содан байқа,
Түбіне жүз жыл өтіп жеткен деймін.

* * *

Дүниенің кемшілігін мал келтірер,
Қатының жаман болса күнде өлтірер.
Атадан жаман бала туа қалса,
Үйдегі әкесіне сөз келтірер.

* * *

Жігітім, қатарыңнан ірі екенсің,
Дүрілдеген жігіттің бірі екенсің.
Арқана елдің жүгін артып алып,
Өрге сүйреп өгіздей жүр екенсің.

ШАЛ АҚЫН МЕН ҚАРЕКЕ

Ш а л :

Женешем Сақып десе Сақып екен,
Әр сөзі дүрия, гауһар жақұт екен.
Қареке, рұқсат етсең осы ауылда,
Қонақтап бірнеше күн жатып кетем.

Қ а р е к е :

Шал ақын, неге сонша құтырасың,
Жеңге мақтап, шәй ішсең ұтыласың.
Бір Сақыпқа бұл үйде өзім жетем,
Бола алмаймын мен сенің “құтыласың”.

Ш а л :

Тауып кеттің, Қареке, тауып кеттің,
Құты жаққа сен бекер ауып кеттің.
Келіп еді жеңгеме ақын төлеп,
Жас қыздарды шетінен шауып кеткім.



II

АҚЫНДАР АТАСЫ

*Шал ақын өлеңдері туралы
зерттеу мақалалар*



Көкімбек САЛЫҚОВ,
ақын, қоғам қайраткері

ӨЗІЛ СӨЗДІҢ АТАСЫ

Көркем сөз өнерінің көрнекті өкілі, қазақтың ақтангер ақындарының бірегейі, әйгілі Шал ақынның туғанына биыл 250 жыл толып отыр. Кейбір газеттерде анда-санда шын жанашырлықпен жарқ еткен қызғылықты мақалалар, арнаулар болмаса бабаның тойы деп, бауыр тартып, дананың тойы деп дабыл салушылық бұл жолы бұйырмай тұр. Неге екенін білмеймін, шілде айында өткен “Халық бірлігі мен ұлттық тарих жылына” арналған Қазақстан Республикасы Ғылым Министрлігі – Ғылым академиясының жалпы жиналысында еліміздің Мемлекеттік хатшысы, атақты жазушы Әбіш Кекілбаев мырза ұлттық тарихымызға дәнекер болған ұлы бабаларымыздың қатарында атаса да мерейтойлы жылында қазақтың ақындық әлемінде ешкімге ұқсамас кесек тұлға, үздік дарын иесі – Шал ақын Құлекеұлы туралы той қызуының дүбірі мен от шарпуы білінбейді. Өкінішке малтықпай әлі де уақыт бар ғой, жыл аяғы ардақты бабамызға салмақты естелік жасатар деген үміттен де құралақан емеспін.

Шал ақын жайлы сөз көтерсек, отаршылдықтың орынан шошып, құрығынан құтылуға кірісіп, арыстандай айқасқан, жолбарыстай шайқасқан, XVIII ғасырдың басында алты Алашқа аты шығып, Абылай ханның ең жақын серігі болған Құлеке батырды еске алмай өте алмаймыз. Оның себебі: шын аты Тілеуке – Шал ақын сол Құлекенің бел баласы. Осы жағдайдың өзі Шал ақынның ұлт тілегін ұран еткен ұлы әулеттен абзалдығы, күшіне адуындылығы, талабына тапқырлығы сай өнер иесі екенін көрсетеді.

Әкесі Құлеке өлгенде:

Құлеке жиырмада арқар еді,
Отызда би, қырқында дарқан еді,
Кешегі дулап өткен Құлекенің,
Алдынан орыс, қазақ тарқап еді, –

деп тегін айтпаған.

Құлеке – жаудан жаны шайлықпас батыр да, дауда орыс, қазақты тандантқан орақ тілді шешен, байыпты туған саясаткер де болып өткен дарабоз. Ол Абылай ханның жалантөс батыры ғана емес, ең сенімді елшісі болып қызмет еткен, өз заманының сауатты да, салауатты озық туған шын мәніндегі зор қайраткері.

Атаға тартып туған ұл – Шал ақынның қолда бар шығармаларына үңілсек, арқа сүйер негізі берік, топқа түссе тайсалмас, айтысқа кірсе жан салмас, ән шырқаса ерен, сөз сөйлесе әрі терең, әрі шалқар шабытымен “мен мұңдалап” тұр. Арқалы ақынды оқығанда, әрине, ең алдымен оның өмір сырына жаны қанық, даналық салауаты көз тартады.

Жақсының жүрген жері той болады,
Ақыл жоқ кей адамда бой болады.
Көрмеге қандай жаман болса-дағы,
Парасат кей шаһбазда ой болады –

дегенін оқығанда, мал баласының пірі Құлагерді көрген аталарымыздың айтқаны еске түседі. Үкілі Ыбырай ауылының білікті ақсақалы, менің екінші шешемнің әкесі атақты аңшы, құсбегі, әйгілі балуан Қожағали Бекібайұлы: “Құлагер жәй тұрғанда ерекше тұрпатымен көрмеге көз тартпайтын, тек қос құлағы мен төрт тұяғына танданушы едім, ал бәйге өрінде шаба жөнелгенде іле алға түсіп, өзге мал баласын ілестірмей кететін. Өне, сонда есің шығып таң қаласың”, – деуші еді. Шал ақынның қай өлеңін алсаң да адамға үлкен ой салады, салыстырмалықтың шебері адамға заман әлпетін таныстыра біліп, қыр-сырын айдай айқын ашады. Өлеңін, не айтысын, не әзілін оқысаңыз екі жүз елу жыл уақыт өткендей емес, екі елі қалыспай қасында жүргендей сезінесіз. Шал ақынның ұрпаққа дарығыш жыр қуатының шын күдіреті де осында деп білемін.

Әйгілі жазушымыз, Шалақынтанудың ерен майталманы, үздік білгірі Мұхтар Мағауиннің деректерінде Шал ақынның айтыс өнерінің де үздігі болғандығы айтылады. Оған “Өске мен Шал ақын”, “Шал мен кемпірі”, “Бәйбіше

мен Шал ақын”, “Шал ақын мен қыз” атты айтыстары куә болмақ. Ал, қақтықпалы, соқтықпалы шағын қақпақылдар, қамшы қағыстар өріс алған Шалдай жүйрік ақындар кем де кем. Айтыстарының бәрі де өмірдің шын көрінісін ашық айтып, адамның құмарын қандыра білетін озық ойлы, алмас кездіктей өткір тілді әзілге бай келеді. Өлеңдері де көтерем ұйқас емес, буыны берік төрткүл дүниенің тұтқасындай төрт буынды ұйқаспен шұбыртпалы әрі құтыртпалы сомдалады.

Шал ақын ғылым, білімді уағыздап, өзі ұстанған фәлсәфасын алға тарта білді. “Кедейлік ер жігітке намыс емес”, “Жоқ болсаң қызыл бүйі үйің болар”, “Шешен сол – сөйлер сөзден қамалмаса”, “Ашу – дұшпан болғанда, нәпсі – жауың” десе ұлағатты ұлылыққа бой ұрған дана дер едік.

Адамды жөн білетін дана деп біл,
Істерін жалқау жанның шала деп біл.
Құр жасы елулерге келсе-дағы,
Білімсіз сондай жанды бала деп біл, —

десе, ақынның үлкен парасат иесі болғанын айқындай түседі.

Шал ақынды тек қана ауыз әдебиетінің өкілі деушілер бар. Меніңше, сегіз қырлы, бір сырлы ақында бәрі бар. ол – айтыскер, суырып салма импровизатор, қолы тиген жерді жұлып алар, көзі түскен жерді үзіп алар өткір экспромт иесі, тапқыр сөздің үздік шебері, ауыз әдебиетінен жазба әдебиетке көше бастаған қазақ поэзиясының көш басындағы кемеңгер.

Мен өзім талай сөзді хатпен жазғам,
Әзілден мерт болады артық қазған.
Өткен іске өкінсем өмірім зая,
Тұяққа ілінгенді қайта жазбан, —

десе “хатпен жазғандығын” әдейілеп кейінгі ұрпаққа паш етіп отыр. Ол өлең сөздің сан саласын, талай түрін игерген өз заманындағы нағыз реформатор ақын.

Келін жақсы болса,
Үйіңе көп кісі келеді.
Келін жаман болса,
Келген кісі кеткісі келеді.
Ас құй десең төккісі келеді,
Төкпей құй десең сөккісі келеді, —

десе бұл нағыз экспромт.

“Кәрілік — күлге аунаған қотыр бура” , “Кемшілік бердін алла, бір қуатқа” сияқты өлеңдер жазба әдебиетінің өкілі екенін көрсетіп тұр.

Тау толағай көрінер тасы кетсе,
Әр ел жесір қалады басы кетсе,
Кәрі күш не болады, уа, дариға,
Асырайтын қолынан жасы кетсе, —

дегені шыншылдыққа сайған тамаша өлең үлгісі. Абылай хан өлгеннен кейін жазылуға ықтимал, “Әр ел жесір қалады басы кетсе” деп тұр ғой.

Ақынның жарық көрмеген дүниесі әлі көп. Мен Шал ақынға ешқашан терең зерттеу жүргізген емеспін, бірақ бала жасымнан Ақан сері, Біржан сал, Балуан Шолақпен пара-пар көрініп ерте естіген өлеңдері есімде қалды. Ол кезде Шал ақынды арамызда қос ғасыр жатқан бабамыз деген ой келмейтін, аталарымызбен шамалас ақын деп ойлаушы едік. Көкшедегі Жалғызтаудың етегіндегі біздің ауылда Шал ақынның өлеңдерін естімеген, білмеген қарттар түгіл жастар болмайтын. Негізінде хатқа түспей, ел аузына жатқа түскен өлеңдері арқылы Шал ақынның талай шығармалары берік сақталды. Сондағы естіп, білгенімді қорытқандай ойлансам, әзіл сөз алымды да қарымды ойнақылығымен ел ішін ерекше сүйсіндіретін...

Жамбыл атамызды айтыс өлеңінің ақиығы десек, оның пірі Сүйінбайды сықақ пен мысқылдың атасы дер едім. Абай, Мағжан, Мұхтарлардың орындары ерекше, ал “Жұмбақ жалауымен” Сәбит Мұқанов өлеңшіл қазаққа роман оқытты. Бұл кітапты бала кезімізде кемпір, шалдарға оқи, оқи жаттап алғандай дәрежеге жетіп едім. Әбден көз

майы таусылғанда оқыған болып, өзімше зуылдата беретінмін. Ал, Шал ақынға келсек, әзіл сөзі ел арасында кең тарады, өнімен айтылып жүрді. Ақан сері бабамыздың орысша, қазақшасы аралас күлдіргі өлеңдері секілді Шал ақын атамыздың әзілқой әндері жиі айтылатын. Алдымыздағы өнерлі ағаларымыз жұрт көзінше айтса да, оңашада шырқаса да тап осы тектес өлеңдерге бала күнде құмар едік, жаттап кеттік, жиын-тойда орындап жүрдік. Шал ақының кім десе, ол — әзіл сөздің атасы дер едім.

Шал ақынның өлеңдерін тапжылмай іздеп, тырнақтап тауып, түбегейлі талдау мен зерттеуден өткізген атақты жазушымыз, білікті ғалым, зиялы азаматымыз Мұхтар Мағауиннің атқарған еңбегі орасан зор. 1998 жылғы “Жұлдыз” журналының сегізінші санында ол жайлы әдемі айтылыпты. Мұхтар мырзаның кездесіп, көптеген ілтифатпен ардақтап, жеріне жеткізе жеті атасын да, өз тұлға-тұрпатын да тамаша сипаттаған ақсақалымыз Шал ақынға төрт атадан қосылатын Жантілеудің Қошаны. Әрине, тікелей осы ұрпақтың өкіліне дәл түскен соң зерттеушілер дөп басқан, көптеген мағлұматтар жинап уақытында шыққан “Алдаспанға” Шал ақынның өлеңдерін кіргізген, одан соң жарық көрген көне сөздің асыл жинақтарында Шал атамыз лайықты орын алған.

Қошан ата мен әкеміз Айтахмет те, оның ақын ағасы, халық ақыны Молдахмет Тырбиев те ерекше сыйлас, құрметтес болып өтті. Қошекең Молдекеңнен кіші. Айтекеңнен жасы үлкен кісі еді. Тұлғасында Құлеке батыр бабасының тұрпаты, миығында Шал ақын атасының байқампаз күлкісінің үзигі, тұрғысында өз әкесі Жантілеудің кербездігі, бет әлпетінде тек қана өзіне біткен ерекше паң-сырбаз сымбаттылығы адам жанын баурап алатын. Оның ес білгелі араласа жүріп Қожағали атаммен аңшылығы, Молдахмет атаммен сөз сарасын сүйгіштігі, Айтахмет әкеммен саясаттан қалмас сарапшы болғандығы ерекше таңдантатын. Қошан ақсақалдың баласы академик Қошанов Аманжол Ғылым академиясының вице-президенті болса, оның түбінде де осы берік тұғыр, асыл негіз жатыр. Қорытып айтсам, зерттеушілердің Қошекеңе тап болуы үлкен олжа, айшықты сәт.

Кейде ойға оралар бір нүкте секем салады. Зерттеушілер қайсыбір жанашыр ақсақалдарға, ақындарға жолықса да елде бар Қошан ақсақалға пара-пар адамдарға, толығынан кездесе алмады. Қошан атамен ұшырасу зор ғанибет, мол табыс, ол да құдайдың төге салып бергені. Ал сол төңіректі әнмен күйге орап дүркіретіп өткен, өзінен бұрынғы сал, сері ақын ағаларының, аталарының өнерін жалғастырып өткен ғажайып ақын Молдахмет Тырбиев сияқты дүлдүлдерге кездеспеулері өкінетеді. Бұл кісі халық ақыны атанып қана қоймай, кезінде болыс болып, ел басқарған һәм мұсылман дінінің білгірі болған жан-жақты оқу, тоқуы бар асқақ әнші, майталмен ақын, сұңғыла жыршы, ақтангер шежіреші, айтыстар мен дастандардың телегей теңізі, Ақан сері, Үкілі Ыбырайлардың төл шәкірті еді. Мұса Асайыновты алсақ, ол Үкілі Ыбырайдың шөбересі, оған қоса, Молдекеңнің ең жақын шәкірті болып өтті. Көкшетауда Біржан сал – Ақан сері – Үкілі Ыбырай – Молдахмет – Мұса деген сал, серілік жалғастыққа ешкімнің таласы жоқ. Оған қоса Ырысбайдың Тоқымына, Досмағамбеттің Қапарына, Сәрсенбайдың Қожахметіне, Бимырзаның Қасымына, Үкілі Ыбырайдың Есебіне, Жауардың Уәлиханына, Жақыптың Рақымбегіне кездесе ғой. Онда қоржындары лықсып толар еді. Бұл кісілер ақындық өнердің Сарыарқадағы сұңғыла білгірлері ғой.

Мұса Асайынов асқақ әншілігі Үкілі Ыбырай бабасына тартып туған жүйрік болса, Молдекеңнен үйренгені көп ауыз әдебиетінің де сыр сандығындай көкірегі алтын қазына-тын. Мен Шал ақынның өлеңдерін бала кезімде сол Мұсаның жақын ағалары, Ұлы Отан соғысынан оралмаған тамаша әнші Сақайдың Өміржаны деген ағамыздан естідім. Жұрт ол кісіні де Ыбырайдың аруағы дарыған әнші дейтуғын, сұлу, сымбатты, тайпалма жүрісі де Ыбырайдың көшірмесі саналатын. Сол өлеңдерді бертін өзімнен төрт-бес жас қана үлкен бөлем Мұсаның айтқанынан жазып алып, есіме сақтадым. Жас кезімде өзім де айтып жүруші едім. Сол “Шал ақынның әні” деп аталатын өлең былайша басталатын:

Мен өзім Шал да болсам қатқан шалмын,
Сақалға меруерт, маржан таққан шалмын.

Бозбала ішің күйсе түз жалашы,
Қойнына талай қыздың жатқан шалмын.

Кім шырқаса да тыңдаған жұрт дүркіреген жылқыдай дабырлы дүбірмен қол соғатын. Кім шырқаса да қайталатпай қоймайтын. Біздерге бұл өлең — өлең сөздің шыңы мен сыры көрінетін, құпиясыз жалауы саналатын. Балалық шақтың осындай ән бесігінде өткені де бақыт екен. Осы күндерде пайғамбар жасынан асып кетсем де Шал ақын бабамыздың әнін жиі орындаймын, жасара түсем, қасара түсемін.

Осы өлеңнің әні де Шал ақыннан аман-есен жетті деп, белгілі ақын Сұлтанмұратұлы Әміре мен Молдекең кеңесіп отырғанда құлағым шалғаны бар. Әні де әйгілі өндер қатарындағы дүние, “Қыз Жібек” операсындағы Бекежанның ариясына ұқсас-тын. Ал, негізінде ән сарыны Шал ақыннан жетуі мүмкін. Не де болса бұл өлең қос ғасырды араға салып, біздерге жетті. Бұл да сирек кездесетін дарын иесінің өлместікке жол салған өнерінің шын белгісі деп ұғынамын. Дарқан дарынның сарқылмас шапағаты да осы шығар.

Молдақмет атамыз “халық жауы” атанған Үкілі Ыбырайдың өлеңдерін есік, терезені жауып тастап, авторын атамай үйретсе, Шал ақынның күлдіргі өлеңдерін өзі айтпай жас шәкірттері Мұса Асайынов, Тұрсынбай Кәкімовке үйрететін. Ал өзі Шал ақынның:

Сөйлеп қал, сөйле тілім, арыс келді,
Алдыңа сөйлетұғын намыс келді,
Сөйлеп қал, қызыл тілім осындайда,
Қысқарып ұзын дүние қарыс келді” —

деп басталатын өлеңін нақышына келтіріп, өз сарынымен бүлкілдете жөнелетін. Содан кейін осыған ұқсас Үкілі Ыбырайдың “Заулап қал, тілім мүдірмей” атты өлеңін асқақтата шырқайтын, содан соң өзінің “Дүние” өлеңімен бір топшылайтын. Бұл көрініс енді ойлап тұрсам ғасырлар жалғасы, асыл өнер өркені, ұрпақтардың сабақтастығы іспеттес көрінеді. Кейбір ағаларымыз Шал ақын Кеңес

үкіметі кезінде “қағажу көріп келді” десе, тап осы тұжырымға мен жапа-тармағай қосыла қоймаймын. Қазір де Кенес үкіметінің салдары ма, 250 жылдық мерейтойы туралы не білеміз? Олай емес, “сабақты жіп сәтімен” дегендей әр істің сәті бар, таратудың кемдігінде болды, Шал ақынның бар мұрасы әлі тегіс жиналған жоқ, ұлы дарынның асыл қазынасын байыпты көрсетердей үлкен топтама ғана жасалды. Ал ізденіс әлі бола бермек. Өзім өскен Есіл, Көкше өңірінде Шал ақынның өлеңдеріне тыйым һәм кедергі бар деп естімедім. Мәселе зерттеудің аздығында. “Әр елдің Абайы бар ғой Мұхтары болса” деп Жамбыл атамызға жоритын қанатты сөз бар. Мен бұл сөзді Жәкеңнің өлеңдерін өте көп білетін, жатқа айтып қызықтыратын ардақты ағамыз марқұм Евней Арыстанұлы Бөкетовтен естіп едім. Сол ұғымға жүгінсек, Шал ақынның да Мұхтары туды, тек ол Әуезов емес, одан кейінгі буынның ең көрнекті ұлдарының бірі Мұхтар Мағауин. Кіші Мұхтарға үлкен алғыс айту зор міндет, Шал ақынның аруағы қолдап жүрсін демекпін.

Осы орайда бір айтылатын әңгіме 1955 жылы Мәскеудегі Түсті металл және алтын институтын бітіріп, Жезқазғанға барар жолда елге — Солтүстік Қазақстан облысы бұрынғы Октябрь ауданы, Мариевка кентіне келіп, біраз күн ағайынды араладым. Сол жолы Молдекең бар, өмірден ерте өткен тамаша жазушы Ермек Қонарбаевтың әкесі Ләмәлидің үйінде өте-мөте қызғылықты кеш болды. Ләмәли ақсақал менің жеңгем Зейнидің әкесі — құдамыз еді, әрі Молдекенді зор сыйлайтын кісі, әрі менің оқу бітіргенім бар салтанат тәуір-ақ өтті. Бізді басқарып келген Есіл өлкесіне белгілі жігіт Қыстаубай Борақаев ағамыз және сол кездегі Ленин атындағы совхоздың азаматы, мұғалім Жылгелді Мұқанов деген жігіт бар-тын. Сол кеште он жылға сотталып, жеті жылды өтеп үйіне келе жатқан бір тамаша кісі ұшырасты, аты-жөні есіме түспеді. Кеште Шал ақын туралы көп сөз болды.

Молдекең “Атығай әулетіне айтар бір назым бар, Шал ақынның өлеңдерін айтпайсыздар, ал біздің ауылда ол аруақты бабамызды білмейтін бала да жоқ” деп қатты кетті. Ләмәли ақсақал көне салды. Дәлел болсын деді ме, Молдекең маған “Шал ақынның әнін” айтқызды. Жамиғат

әжептәуір дуылдасып қалды, Молдекең өзі де Шал ақынның данагөй өлеңдерінің бір-екеуін бүлкілдетіп бәрімізді дүр сілкіндірді. Осы кезде әлгі сотталып, ақталып келе жатқан, орта жастағы сымбатты қонақ: “Молдеке, рахмет, ата біздікі, бірақ өлең шіркін Ақан серісі, Үкілі Ыбырайы бар Қарауыл атаңызға қонған ғой, сізден Шал ақын жайлы ұлы сабақ алып қалдық. Жасымда өзімнің де бір қағарым бар еді,” — деп, дайын домбырамды көп түземей шырқап салды. Қанша қажып келе жатса-дағы думанның қызығы дүние-дүрмектің бар әрекеттерін ұмыттырғандай, айтқан әні өте әдемі шықты. Әннің аты “Тық-тық басқан”. “Осы өлеңді жасымыздан Шал ақындыкі деп өстік. Молдеке қалай қарайсыз?” — деді. Молдекең күлкісін жия алмай отырған күйі, әнді қайта орындатты. Содан кейін ән құмар, өзі де әнші Ермек өтініп үшінші рет айтқызды. Жаттап алғыш құдайдың бергені бар, мен әнді жаттап алған сияқтымын. Әсіресе, қайырмасындағы:

Гекку-гекку, Гекку-гәй,
Геккугәйдің етігі-ай.
Тық, тық басып кетуі-ай!
Қыз қалқаның аулының
Жетер ме едім шетіне-ай! —

деген сөздері бір айтқанда өмір-бақи ұмытылмастай әсер қалдырды. Тық-тық басып кетіп бара жатқан сұлу қыз елестейді, ал дыбыс “құлақтан кіріп бойды алады”.

Молдекең көп ойланып отырды да “Бұл әннің кімдікі екенін білмеймін, бірақ Керей жаққа барғанымда үйреніп келдім” деп, Ыбекеңнің баяғыда бір айтқанын естіп едім. Кейін бұл өлеңді ұшты-күйді жоғалтып алдым, өз әуестігім болмады, Жантілеудің Қошаны анық-қанығын білетін шығар”, — деп сөзін аяқтады.

Таң сәріде ерте тұрып Молдекеңнің домбырасын алып, “сенек” деп аталатын ауыз үйге шығып кетіп, әнді екі ішекке төгілтіп, сөзін қағазға түсіріп өзіме-өзім айтып беріп отырғанымда дәрет алуға Молдекең шықты да, айтқанымды құптап, бір-екі жерін түзеттіріп кетіп қалды.

Дәрет алып келгеннен кейін: “Жаттыға бер, жөнің дұрыс, шай үстінде айтасың,” – деді, шефтің айтқаны заң, шай үстінде орындап бердім.

Сонда отырып жұрт танданғанда Молдекең “тұқым қуалаушылық қой өнер деген. Кәкіжанның ұлы атасы Ерторы ағамыздың Ақан серінің жаңа өлеңдерін жаттампаздықпен аты шықты. – Ереке, кешегі өнді ұмытып қалдым, еске түсірші – деген Ақан ағанның сұрағын бұлжытпай орындайтын грамафоны дерсің, сол қасиет немересіне дарыған да,” – деп жақын шақырып, бетімнен сүйді. Тау-кен инженерлік дипломы бар жас ақынға бұл мақтау зор қуаныш білдірді, атамның өнерін де естіп, көкірегім жылынып қалды. Бұл өлеңді Жезқазғанға келген жылдары айтып жүрдім. Өлеңнің сөздері де, әні де әлі есімде, күлдіргі өлеңнің ғаламаты деуге болады. Жезқазғанда Ордабай Исаев деген көрші ағамыз жаттап алып айтып жүретін, ол кісі “Кәкімбектің әні” дейтін. Шындығы Шал ақындыкі болуы көп күмән келтірмейді.

Әлгі ақсақал алғашқыдай емес күнгірт күйін ұшты-күйді жойып, ашыла бастады да, Шал ақын жайлы жақсы әңгіме айтты. “Бір байдың баласы, атын атамаймын, осында ұрпақтары отыр, алған жарының қыз белгісін дау етіп пәлені Шал ақынға жауыпты. Сонда ерке ақын осынау өнді шығарыпты” деп желдірте жөнелді:

Тәубаға кел, тәубаға,
Құнсыз істі даулама.
Сақинасын бермей ме
Кететін қыз сауғаға, –

деп шырқап, манағыдан бетер күлдірді. Бұл әннің әуенін жаттамадым, “Тық-тық басқан” басқа әнге жуытар емес. Жаңа өнді бірнеше рет айтылғаннан кейін сөзін жазып алып, Ермек марқұм тамаша орындап берді. Бұл өнді көбіне үлкендер жоқ, әйелдер жоқ жерде Ермекке айтқыза беруші едік, сөзі қойын дәптерімде сақталыпты. Ол кезде қойын дәптерге түсіріп алып әлектенуші едім. Осы дәстүрім үлкен пайда берді. Шал ағамыздың тағы бір өлеңі Мұса ағайдың айтуынан жазылып қалыпты.

Шал ақынның “Бұхарда көрдім бұлама” деп басталатын өлеңін жас кезімде бір естігенім болатын. Онда ерекше назар аудармап едім, “бұламасы” мен “сұламасын” ұқпаған шығармын.

1997 жылдың қысында Жезқазғаннан поезбен келе жатып, Мұстафа Шоқай ағамыздың немере інілерінің біреуіне тап болдым. КГБ-ның запастағы полковнигі екен, біз сияқты Мәскеу жақтан Кеңес Одағы ыдыраған соң елге келіпті. Таныса келе туған жерім Солтүстік Қазақстанда дегенге елең етіп, Ұлы Отан соғысы кезінде майдандас досы болған, туған жері Есіл бойындағы бұрынғы Сергеевка ауданының бір аулындағы Мәнжүр деген досын есіне түсірді. Досы әскерден оралмапты. Мәнжүр ағайдың фамилиясы есімде жоқ, бірақ бір сыныпта орта мектепте оқыған Әгір қыздың соғыстан оралмаған ақын ағасы екені есімде. Жас ақынның өлеңдерін бала кезімде оқығаным да бар еді. Сол Мәнжүр ағайдан қан майданда жүргенде естідім деп “Бұхарда көрдім бұлама” деген Шал ақынның өлеңін жатқа айтты. Таң қалуымда шек жоқ, дереу жазып алдым да, Шал ақынға шөбере саналатын академик Қошанов Аманжолды сөз еттім. Бұл кісі шет жерде көп жүріп, барлаушылық қызметте болғандықтан, қазақ зиялыларын біле қоймайды екен. Жеңеміз “Жезкиікті” айтуға шебер болып шықты. Сол ән арқылы тезірек танысып кеттік. Өлеңді жазып алып, Алматыға келген соң Аманжолға оқыдым.

Бұхарда көрдім бұлама,
Ташкентте көрдім сұлама.
Саған да есен жетермін
Есілдің қызы, жылама, —

деген өлең жолдары еріксіз тындатты, әрі қарай өлеңнің қызғылықты әзілдің, махаббат ләззатының ғажайып мезеттерінен туатын, қыл сезімнің күштарлы шағын паш ететін жерлеріне келгенде Шал ақынның күдірет күшін тағы да бір жаңа қырынан байқайсың. Ол — эротикалық өлеңдер. Бұл саладағы ақын бабамыздың алар орны ерекше, әзілдің атасы десем, эротикалық өлеңнің нағыз бабасы да осы Шал ақын.

Эротика дегеніміз – махаббат майданындағы от сезім мен жан толқытқан әрекеттерді сипаттау. Хауана мен Адамата тыйым салған жемісті жеп қойып, жәннаттан қуылса да, жер бетінің жаңа жұмағы махаббат сырын ашты. Үрім-бұтақ тарады, бұл да болса Алланың рахматы деп махаббат пен ғадауаттың бал ләззатына бөленді. Эротика – айқаласқан тайталас сәттегі сезім селінің сыпайы толғағы, ол порнография, яғни былапыт, дөрекі тілмен көсілтетін күнәһар емес, нағыз пірадар тілмен ашық айтылатын сыпайыгер, ләззатшыл, рахатшыл мезеттердің суреті. Осы заңдылықтарды өзгеден артық білгендей Шал ақын атамыз қазақ поэзиясында эротикалық өлеңдерді тудырды. Ақындықтың бұл саласында оның алатын орны ерекше. “Өлшеуінен асырса боғы шығады” деп Абай атамыз айтқандай, әзілшіл ақын өлшем мен мөлшерден аспайды, дөп басады.

Негізінде Шал ақын орта бойлының ерекше сындарлысы, аққұба жігіттің асқан сұлу сырбазы болса керек. Құдайым оған қоса үздік әнші, суырып салма – импровизатор ақын етті, байырғы өлең сөздің, қисса, дастандардың телегей теңізі етті. Бұл сегіз қырлы, бір сырлылыққа қандай сұлу мас болмас. Ақынның сұлу десе шабыты ерекше төгіле кетер ғашықшылдығы да аз болмаған-ау. Оған дәлел Күлімжан қызбен айтысындағы:

Таулардың мен көрмеген аңы бар ма,
Түлкінің мен көрмеген таңы бар ма?! –

деген сөздері мен кемпіріне айтқан:

Шал ақын Орта жүздің мен емес пе ем,
Он бесте ұрғашыға кен емес пе ем.
Мен саған жиырмада болдым жолдас,
Құрытқан бар қуатты сен емес пе ең? –

деп өкінішті әзілмен айтқаны ел аузында берік сақталды. “Махаббатсыз дүние бос, хайуанға оны қосындар” деп Абай атамыз айтқандай, Шал ақын да махаббат әзілінің тамаша үлгілерін жасап кетті.

Сұлу қыз көрсем қатты қуанамын,
 Ән арнап, күй төгілтіп дуаладым.
 Айқарып, ақ тамақтан сүйіп, құшып,
 Армансыз аршын төсін уаладым, —

деген ләззаты мол рахатты шақтың тамаша көріністерін тап осылай кім келтірді. Ел ұстазы, дарынды ақын, зиялы қауымның ең көрнекті өкілі Ахмет Байтұрсынов: “Табиғат ісінен шыққан жаратынды нәрселердің бәрі табиғат дүниесі болады,” — дейді. Ендеше эротикалық сезім дүниесінің сүйкімді ұғымдарынан порнографияны ғана көріп, білместікке салынып көпе-көрнеу жиіркенгеніміз дұрыс болмас. Махаббат базарының сәтті мезеттері мен қайталанбас сезім толқындарын кім бастан кешпеді, ол да Алланың хикматы, пайғамбар сүннәті, жаратылыстың махаббатшыл мезеті емес пе.

Тек соны сөз сарасына сыйғызып әдемі қалпында айта білсе, оны әбестікке жатқызбау ләзім. Бұл тұрғыда Шал ақын теңдесі жоқ ақын. “Сұлуынан жылуы” — дегендей, ақын бабамыздың кей өлеңдері ашық айтуға жеңіл болмаса да, жүрекке жабыса қалады. “Жасырған жеміс тәттілеу” дегендей, “жасырып” айтар тәттілігі бар өлеңдерді Шал ақын армансыз төгілтіп өтті, сонымен қазақ поэзиясын байыта түсер дара жол салып, қазақтың эротикалық өлеңдерінің тамаша үлгілерін жасап кетті.

Сан салалы тақырыптарда әлеуметтік, азаматтық, зиялылық маңызы бар өлеңдеріне терең үнілсек, Шал ақынның айрықша ерекшелігі өзілінде. Фәлсәфасы мен өзілінде табиғат пен әлеумет араласып жатады. “Әйел туралы” деген өлеңінде әйелдің үш түрін айта келіп:

Үшінші — ашып атар, жатып ішер...
 Бастама етік көрпілдек,
 Сыыр жапасы сырпылдақ,
 Сормандай ерге жолығады, —

дейді. Өлеңінің әдемілігі “көрпілдек” пен “сырпылдақта” Сирек айтылатын әдеби де әдемі сөздер, табиғи дыбыстарды

естіп тұрғандай сезінесің, бір мырс еткізбей қоймайды, ал өлең ақ өлеңмен жазылып отыр, формасы да ерекше. Көрі тарлан ұлғайған шағында да:

Шалыңның екі көзі жайнап жатыр,
Кеудемде нәпсі, шіркін, қайнап жатыр, —

деп көз жұмғанша табиғи жаратылымдылықтың жанды сезімдерін еш бір суытпай кетті. Әзілі жарасып, қартайғанша ғашықтық сезімдер мен фәлсәфасын әдемі түрде араластырып өтті.

Шал ақынның ақындық дариясында сан салалы талай арна бар. Олардың ең бастысы — қазақтың тұңғыш ойшыл ақындарының бірі болғандығы. Ол өмірдің сан көріністерін жырына арқау етіп, өз дәуірінің әлеуметтік, психологиялық, философия-лық суреттерін жасап, үлкен ойшыл ақын екенін танытты.

Шал ақын психологиялық портреттер жасаудың көш басындағы айрықша дарын, оның Абылай ханды, әкесі Құлекені айтса — тарихты паш еткені, өмірдің жарқыны мен салқынын суреттесе, халықтың хал-ахуалын терең ойлағаны. Адам өмірінің әр жастағы ерекшеліктерін айту да Шал ақынның үлкен поэзиялық саласы. Осының бәрін топшылай келе, бүкіл творчествосына әдемі әзіл өзек болды дер едім. Бірлі-жарым әзіл барлық ақында бар, ал бүкіл жырына жаңылмас ырғақ, тарықпас арна болғандай көркем әзілдің жиынтығы Шал ақында ғана. Соңдықтан да оны әзіл сөздің атасы деуім, өзінің қазақ поэзиясында ерекше үлгі қосқан саласын айтқаным. Бұл ойым оның барша еңбектерінің азаматтық үлкен ойшыл, кеменгерлік орнын ешқандай кемітпесе керек, қайта айқындай түсер. Шал ақынның поэзиясы Абайға апарар XVIII ғасырдағы ең құтты қадамдардың бірегейі деп білемін. Уытты әзіл іздегендер Шал ақынды оқысын.

ШАЛ АКЫН

В одной из своих статей, касающихся казахской литературы, Чокан Валиханов пишет, что современник его прадеда хана Аблая, выходец из племени Аргын, из рода Атыгай, и поколения Баимбет, акын Шал собрал предания о происхождении казахского народа, о родах, составивших казахскую нацию и генеалогию ханов, и создал на этой основе замечательный эпос. Из этих слов видно, что Шал был сильным акыном с широким дыханием, который вместил в себя все знания своей эпохи.

Тлеуке Кулеке-улы, прозванный позже Шал-акыном, родился неподалеку от современной станции Азат в Кокчетавской области.

Матерью Шала была дочь знаменитого би Толе из рода Уйсунь, которого в Старшем жузе почитали не меньше хана, а отцом — Кулеке, один из известных батыров, героев борьбы с чужеземцами. До сих пор в народе рассказывают о подвигах Кулеке и его родного брата Тлеке.

О Кулеке сохранились достоверные исторические сведения. В 1742 году он вместе с ханами, султанами, видными батырами и биями Средней и Младшей орды, дает клятву о переходе в подданство России.

Позже батыр Кулеке был в хороших отношениях с русскими пограничными властями, несколько раз ездил к ним как посланец Аблая. Его имя часто встречается в русских официальных документах, из которых видно, что батыр Кулеке был для своей эпохи влиятельнейшим деятелем. Например, в приказе от 18 июля 1760 года Коллегии иностранных дел губернатору Оренбургского края А. Давыдову указывается, что батыр Кулеке является прославленным и уважаемым человеком среди казахов и что поэтому необходимо поддерживать с ним хорошие отношения, оказывать ему почет.

Шал родился, когда казахские роды, вытесненные с прежних кочевий джунгарцами, еще не осели в определенных районах и почти беспрепятственно кочевали, перекатываясь из края в край. Когда будущий поэт стал юношей, роды Баимбет, Кудайберды обосновались на берегах реки Есиль. В войне за владение этими землями в сражении с естеками (хантами) погиб брат Кулеке — батыр Тлеке. Но перекочевавшие сюда казахи, во главе с батырами Кулеке, Жапеком и другими, вытеснили естеков с берегов Есиля.

Не совсем ясно, когда произошло это событие.

Известный народный акын, глубоко знающий старые легенды и рассказы, Ахметжан Нуртазин говорит, что после бегства “актабан шубырынды” род Баимбет около двадцати пяти лет жил у подножья Кокчетау и лишь потом, т.е. в 50-х годах XVIII в., пришел на Есиль. Видимо, эта дата правильна. Из официальных документов мы знаем, что аул батыра Кулеке в 1761 году уже кочевал по берегам Есиля, но в этих документах не сообщается, когда завладели сторонники Кулеке этими краями.

Предания говорят, что Шал пришел к берегам Есиля уже юношей. Если это так, то вызывают сомнения даты жизни Шала, принятые некоторыми учеными, а именно 1760—1831 годы. Если б Шал действительно родился в 1760 году, а скончался в 1831, то в год смерти Аблая (1710—1781) ему был бы 21 год, а умер бы он всего за четыре года до рождения Чокана Валиханова. Тогда бы Чокан скорее назвал Шала современником не прадеда своего, хана Аблая, а деда — хана Вали.

Чокан пишет, что созданная Шалом огромная летопись — жыр постепенно забывается. “Знающих эту эпопею теперь очень мало”. Для Чокана Шал — не умерший за несколько лет до его рождения поэт, а человек, живший в более отдаленные времена. Чокан Валиханов не мог здесь ошибиться, ибо аулы Чокана и аул Шала находятся на расстоянии 40—50 километров (Сырымбет и Алка-Агаш, Каратал).

Можно привести еще один факт в доказательство того, что Шал жил ранее принятых ныне дат. Однажды Шал

заехал в аул батыра Баяна. Только что вернувшийся с охоты Баян угостил акына охотничьей добычей — зайцем. Недовольный угощением Шал, когда принесли блюдо с зайцем, сказал:

Ну, кто же знатнее Баяна, Сары?
 Но что-то пиры у вас не щедры,
 Я вижу, висят у вас жал и жая-
 Для лучших гостей, до лучшей поры?
 Да, так я не пировал давно.
 Когда вы ко мне приедете в гости,
 Преподнесу вам свое г...

По словам Чокана Валиханова, Баян погиб еще при жизни Аблая, в одном из набегов на джунгар, не позднее 1770 г. Мы не утверждаем, что Шал и Баян — ровесники, но все-таки для такого резкого обращения к прославленному по всей степи батыру Шал должен был в это время быть уважаемым человеком, известным акыном.

Предположим, опираясь на приведенные выше сведения, что поэт родился в середине XVIII века. По словам знающих старцев, Шал скончался в возрасте 71 года в год Зайца на джайляу. Выходит, что Шал умер в первой четверти XIX века, в которой год Зайца встречается два раза, в 1807 и 1819 году. Нашим розыскам соответствует последняя дата.

Таким образом, мы считаем, что акын Шал (Тлеуке Кулеке-улы) родился в 1748 году, умер в 1819 году. Начиная с юношеских лет, он всю свою жизнь провел на территории нынешнего Шалакинского района Северо-Казахстанской области. По словам аксакалов, Шал похоронен напротив холма Аютас возле села Сергеевки, могила его затеряна среди многих других старых могил на правом берегу Есиля. Ныне никто не может точно указать, в какой из них покоится прах акына.

Кулеке, имевший четырех жен, оставил шесть сыновей. Это Бабек, Манке, Шардак, Тлеуке (Шал), Казакбай, Жусуп. Потомки Кулеке, в количестве около 80 семейств, проживают на территории совхозов “Теренсай” и “Заря” Сергеевского района Северо-Казахстанской области.

Шал был уже пожилым, когда родились его дети — сын Малибай и дочь Малике. От Малибая потомства сейчас не осталось. Малике была выдана за человека по имени Нурым из рода Кипчак. От Нурыма родился Айтбай, от Айтбая Наушабай, от Наушабая — известный казахский акын конца XIX начала XX в. Нуржан Наушабаев. Старикайбаимбетовцы говорили, что на Нуржана снизошел дух покойного Шала и одарил его талантом.

Когда Шал был еще ребенком, его отец Кулеке как-то сказал жене: “Мой сын будет батыром, хорошенько ухаживай за ним”, а она со смехом ответила: “Твой сын будет не батыром, а акыном: когда он младенцем сосал грудь, то наигрывал на ней, как на домбре”.

Впервые поэтическая слава нашла Шала в пятнадцать лет. У Кулеке был призовой скакун Куренкей, оставшийся еще от старшего брата. Один из сыновей хана Аблая выпросил его на время, чтобы съездить на нем в набег, но потом, увидев необыкновенную резвость и выносливость скакуна, не возвратил в назначенный срок и пытался присвоить его навсегда. Кулеке, захватив с собой сына, приехал в ханскую ставку — Орду.

Хан, выслушав просьбу Кулеке, засмеялся: “Ты сам батыр, Кулеке, скота у тебя много. Неужели ты настолько постарел, что приехал по следам какого-то жеребенка в такую даль?” Разговор на этом кончился. Вечером в ауле началось гулянье молодежи, Шал всю ночь веселился со сверстниками, пел песни, качался на качелях. Дело было осенью, к рассвету похолодало и пошел дождь. Когда овцы выходили на пастьбу, худой барашек попал в саз (болотистый солончак) неподалеку от аула и начал погружаться в трясину. Хан, вышедший из юрты, увидев это, сделал замечание слуге, и тот вытащил барашка и отнес под куст тальника, чтобы защитить от холода. Тлеуке это заметил.

Когда поднялось солнце, народ проснулся, и хан сказал решившим уезжать гостям: “Сынок, думаю, что это твой голос так выделялся ночью, потому что у нас нет такого певца. Ну-ка спой мне перед отъездом”. Шал сразу запел:

Не боится петь юноша Шал никогда.
 Защитит ли от холода тал? Никогда.
 Что бывает, чтоб хан на спине нес барашка,
 Этого я не предполагал никогда!
 Значит, многое значит для кочевника скот.
 Хан-отец это знает, он любит народ.
 Если будет нужда в том, любого барашка
 Хан, и бий, и батыр на спине понесут.

Хан признал себя побежденным. Он вернул скакуна и прибавил от себя еще коня. Но батыр Кулеке вернулся недовольным: его надежда на то, что сын станет батыром, не сбывалась. А Шал получил известность. Теперь он полностью становится на путь акына.

Я в пятнадцать лет прочно сел на коня,
 Я слова говорил горячее огня, —

вспоминал поэт в одном своем позднем стихотворении. Прямой и смелый, веселый и насмешливый акын и певец Шал становится любимцем народа. Без него не проходит ни один той, ни одно сборище. Много ночей до самого рассвета поет он перед собравшимися свои жыры и песни. Шал, который позже, будучи уже не в состоянии поднять голову с подушки, грустя о прошедших веселых днях, создает десятки стихов о том свете, о вере, об ответе перед высшим судьей, молодость свою провел в весельи, забавах и развлечениях.

Через самый крутой проходил перевал,
 Если праздника шум я за ним различал,
 Ханы, бии, батыры, безродные люди —
 Перед всеми я песней своей гарцевал.

Но из произведений Шал того времени сохранились лишь немногие. Еще в одном стихотворении поэт говорит о себе:

Как исполнилось двадцать лет,
 По степи я за джином скакал,

А промчалось еще пять лет —
Лучших словом моим защищал.
Как исполнилось тридцать лет,
С жаром подвиги он воспевал,
А прошло еще десять лет —
Замечать я порою стал:
Слишком много я сочинял,
О цене забывал слов.
И достиг я полсотни лет
И величие пророка познал,
И проходит еще десять лет —
Смерть спокойно принять я готов,
Легкомысленным быть перестал.

Из-за своей непрактичности, беззаботности Шал не смог сохранить имущество и стада, оставшиеся от отца. Но, испытывая тяготы бедности, акын не стал торговать своим даром, ставить его на службу корыстным целям. Поэт глубоко презирал лесть и льстецом богачей его ничто не могло сделать.

Все живое создавшийся творец,
Не заставь меня спину склонять
Перед смертным таким же, как я.

Шал и не стремился к богатству, к обладанию стадами. Скот дорог для жадного накопителя, а акыну достаточно иметь что-нибудь для пропитания и двухжильную домбру.

Пусть ты не бай, чьи табуны огромны,
Был бы обед — пусть даже самый скромный.

Поэтому Шал никогда не завидовал богачам, не склонял головы перед баями, ни к кому не подлаживался, ни перед кем не сдерживал свой острый язык. Как-то в споре он сказал могущественному бию Кулену, приближенному хана Аблая:

Бий Кулен красноречив и в силе,
Будь ты перед богом честен, или

Если станешь, как и раньше, взятки брать,
То вертеться век тебе в могиле.

У Шала нет стихов, восхваляющих какого-нибудь богача. Народ никогда не слышал, чтобы он говорил скользко, льстиво, неискренне. Наследство Шала, дошедшее до наших дней, — полторы тысячи строк, и среди них нет ни одной строки, которая унизила бы в наших глазах человеческое достоинство акына. Он честно, гордо и посвоему прожил свою жизнь, и в этом секрет широкого распространения его стихов, громкой посмертной славы.

“Я многие строки сочинял на бумаге”, — говорит Шал в одном из своих стихов. Сомневаться в этом утверждении у нас нет никакого основания. Вульгарный нигилизм считать, что казахи в XVIII веке были сплошь невеждами, не умеющими начертить и букву “алиф”.

Однажды Шал дал очень понравившейся ему благородной, умной, с поэтической жилкой девушке, в юрте которой он был гостем, такой совет:

Можешь принести большую пользу нам,
Если, думой взяв бумагу и калам,
Ты запишешь за каким-нибудь акыном
Песнь его, коль записать не может сам.

Судя по многим стихам Шала, в которых упоминаются атрибуты мусульманской религии и используются выражения из корана, акын, видимо, глубоко знал правила ислама и был для своего времени человеком образованным. Возможно, что часть своих произведений, особенно назидания, летописный эпос о казахских родах и генеалогии ханов, он записал на бумаге. Но рукописи акына или совсем исчезли или где-нибудь еще ждут своего открывателя.

Большинство дошедших до нас произведений Шала — экспромты, импровизации. Если говорить об импровизаторском искусстве Шала, то его поистине можно считать образцом казахского акына. Кажется, что для Шала не составляло различия говорить ли прозой или стихами.

Как-то, разъезжая по степи, Шал заночевал в юрте бия Молтыра из Младшего жуза. Бий был наслышан о поэте, но, чтобы испытать мастерство акына, показал худого ягненка и просил дать благословение на его зарез. Тогда Шал дал такое благословение:

Может, мать ягненка прогоняла его
Может, каждая овца отгоняла его,
Так что месяцы не ел он совершенно ничего.
Может, злой пастух его плохо пас,
Может, бий Молтыр специально берег его для нас.
И безродным гостям не давал его, ждал,
Когда в гости приедет родовитый Шал.
Аллах акбар!

Можно привести целый ряд примеров поэтической находчивости и щедрого импровизаторского дара Шала. Стихи акын сочинял в любом месте безо всякого труда.

Но у него были темы, которым он уделял особое внимание, к которым подходил со всей серьезностью. Это — жизнь человека, суть жизни, ее непостоянство и вечность, вопросы религии.

Сопоставление различных периодов человеческой жизни является в тюркской поэзии, начиная с эпохи Ходжи-Ахмеда Яссауи, традиционной темой. Шал также написал на нее несколько песен. Большинство из них созданы в старости, в дни долгих болезней, проведенные в постели. Характер этих стихов разнообразен. Некоторые из них представляют отдельные строки типа “50 — молодость мужа, 60 — сидение у очага, 70 — соседство с (могильным) холмом”, а другие охватывают весь жизненный путь человека с рождения до смерти.

С умилением описывает акын беспечальную пору младенчества и детства, далекую от забот и скорбей.

Когда был мне год, в колтыбели я спал,
А в четыре я одну радость знал,
На березу в шесть я похаживать стал,
Как ягненок, я в десять лет скакал...

Затем поэт говорит об отрочестве, юности, воспеваемой в казахских народных песнях, невозвратной, неповторимой “поре джигита” (двадцать пять лет), поре зрелого джигита, мудрого мужа в тридцать пять лет.

Эх, двадцать мои —
Был я как камыш озер,
Эх, тридцать мои —
Я поток, летящий с гор...

Да, обычай я джигита очень славно исполнял,
Всех красоток всех аулов не чужими мне считал,
Никогда не знал отказа я от них в любом краю
И, не думая о завтра, всех ночами их ласкал.

Это прекрасное время, пролетевшее как ветер. После сорока лет, возраста, который поэт сравнивает с “саблей, вынутой из ножен”, наступает старость с ее немощами и болезнями. Впрочем, и она терпима.

Если старость окружают уважение и почет,
Если пастбища покрыл все многочисленный твой скот,
Если старая подруга греет спину, коль продрог,
Если спишь тепло и мягко, если полон твой живот.

Но всего этого Шал был лишен. Бывший в годы кипучей молодости украшением празднеств, акын не думал о своем хозяйстве, не собирал стада, а провел свои лучшие годы, отдавая их искусству, стихам, песням. Поэтому поэт, который и больной, прикованный к постели не потерял ни своего дара, ни медного звучания своего голоса, был стиснут “седьмым джутом” — бедностью. Кончились прежние развлечения и веселье. Акыну, проведшему бурную жизнь, трудно смириться с этим. Но силы ушли из тела, с каждым днем слабеет энергия. Лишь звонко-голосое горло прежнее, все еще просится оно в стремительную песню, льет поток жыров. Акын проклиная свою старость: он развеивает свою печаль:

В старости ухо стало тугим,
В старости вечно слезятся глаза...
Рот обеззубел, свой вид потерял...
Ноют суставы и кости мои,
Пролежи спину покрыли, бока...
Разве без посоха сделаешь шаг?...

Это говорит человек, который “в тридцать был, как отборный заяц, в сорок был, как сабля, вынутая из ножен”, а сегодня, “как пустая шкура”, дрожит от бед восьмидесяти лет. Конечно, Шал говорит не только о себе, это общая судьба всех людей, смертных “двуногих, медноголовых”. Поэтому акын снова возвращается к этой теме.

В восемьдесят покоряешься судьбе,
И все же безразлично тебе.
В девяносто ты тяжелее свинца,
На каком году твой померкнет свет?
Был муж, что и в сто не дошел до конца,
Но тебе надежды на это нет.

Человек приходит в жизнь и уходит из нее. Другого не может быть, не дано. Что может случиться особенное в жизни простого кочевника? Родился. Между двадцатью и пятьюдесятью, когда кипят силы, жил беспечальной жизнью на лоне матери-природы, не задумываясь о смысле существования, о сути мира. Потом пришел день смерти — умер. Вот и все. Шал сумел изобразить все состояния жизни души кочевника в разных возрастах.

Человек скончался. Ибо этот мир непостоянен, переходящ; в жизни этой коротка наша радость, мы видим слишком мало светлых дней, и мы не должны обманываться в этом.

Не спасешься от смерти даже бегом,
Даже если родился львом,
Доблестью предков превзойдя.
Все в воле аллаха. Укажет он —
На землю любая падает звезда.

Джигиты, творца зовите всегда,
С юных своих, самых буйных лет.
Смерть не забудет о вас никогда,
Прийти она может каждый миг...

Шал не отшельник-фанатик, но он глубоко верующий человек. Религиозная струя в поэзии Шала, по-видимому, появилась лишь в последний период его жизни:

И достиг я полсотни лет
И величье пророка познал.

Т.е. молодость Шала, когда он, украсив домбру, “по степи за джином скакал”, никак не может служить примером для тех, перед кем он в старости проповедует. Шал — правоверный мусульманин. “Нет бога, кроме аллаха, — вот основа вашей веры”, — говорит он. В коране все правильно, истинно, мощи и силе аллаха нет предела.

Он на Мекку сотворил и Медину сотворил,
Он нам к первой вере дверь открыл.
Чтоб весь мир наш повернуть
На единый правый путь,
Он все знания о жизни нам открыл.

Всех зверей, всех птиц поющих сотворил,
Часть людей с умом, другую — дураками сотворил.
Из огня и вод слепил он все, что в мире нашем есть,
Но чудесней человека ничего не сотворил.

Все в руках аллаха. Люди — лишь подданные его. Счастье и несчастье, богатство и бедность людей, их жизнь и смерть — все в руках аллаха, все в его воле, без нее не сломится и верхушка курая.

Голова человека — словно мяч аллаха:
Куда он погонит, туда и покатится.

Но среди казахов, говорит старый Шал, мало истинно верящих в это. Возгордившиеся люди забыли об аллахе, не признают бога единственным, пророка правым. Не соблюдают поста — “уразу”, не совершают пять раз в день молитв и омовений. У таких людей язык хоть мусульманский, сердце “кафирское”, неверное. Поэтому, когда однажды захмелевшие от кумыса аульчане спросили Шала: “Вы не такой невежда, как мы, слышали мы, что ваши слова близки книжным словам, так ответьте, кто из нас попадает в рай?”, то он ответил: “Если правьльны слова корана, то из сидящих здесь ни одна душа не попадет в рай”. Поэтому акын призывает:

Джигиты, соблюдайте пост, молитвы творите,
Ведь есть высший суд, где за все спросят нас.

И все-таки в этике Шала религиозные вопросы занимают не такое уж большое место. В понимании акына хорошее и плохое, добро и зло всегда связаны с именем бога. Мораль Шала — это не религиозная мораль, это гуманистическая мораль. Его этика не теологична.

Степеней всех родства не считай, человек.
Справедлив если будешь, значит мы — человек,
Если бай отнимает у несчастных овцу,
Это мало, коль скажешь: “Ты плохой человек”.

В этих словах нет ничего о необходимости безропотно принимать все, что пошлет Бог. Наоборот, акын говорит, что долг каждого не давать злу, смело выступать против всего дурного. Человек зажигает пламя хороших дел, и он же мутит небо дымом и копотью плохих действий. Благо — от хорошего, беда — от плохого. Все зависит от человека, рассуждает Шал. Поэтому он в своих произведениях затевает разговор о том, откуда берется хорошее, кого мы называем хорошими людьми, откуда берется плохое, какими бывают плохие люди. Приведем назидательные рассуждения акына на эту тему:

“Бывают женщины, называемые опорой семьи: встают они рано, тундик юрты открывают на счастье, на уходящих долго глядят, приходящих с почетом принимают. Второго рода женщины называются “пальцы во хне”: они умеют ничтожное делать большим, ручей превращают в наших глазах в море, к одежде грязь не допускают, в пище, которую они приготовили, не бывает шерстинок, все вещи, побыв в их руках, блещут чистотой, незаметным они делают бедность и недостачи мужа, хороший муж с такой женой похожи на близнецов. Третий род жен – резкая на слова, как летящая стрела... любящая безделье и обжорство... вечно ругающаяся, безалаберная... эти встречаются несчастным беднякам”.

Примерно такого же содержания произведения акына, написанные о хорошем и плохом джигите, хорошей и плохой снохе.

Шал жил в эпоху, когда еще в полную силу господствовали обычаи старого патриархального общества. Он своими глазами видел распри кровавую междоусобицу казахов, когда многие роды по-волчьи грызлись из-за кочевки, зимовий, а иногда из-за старых счетов. Поэтому одним из лучших человеческих качеств поэт называет стремление к единству, союзу, дружбе. Дружба родичей – благо народа.

Для мужа – одежда, что дорога, украшенье,
 Для джигита – готовность скакать на врага украшенье.
 Все в этом мире старается приукраситься,
 Для озера, что в степи, зеленые берега украшенье.

Яркие цветы – земли славное украшенье,
 Лес, что вдали, степи давнее украшенье,
 Но, чем гордимся особенно мы, –
 Дружба всех дальних родичей – главное украшенье.

В творчестве акына немало стихов в форме назиданий, поучений и призывов. Поэт поднимает то, что он считает добродетелью, как знамя, восхваляет и воспекает ее. Все же дурное он прокликает, обличает, стремится вызвать к нему отвращение людей.

Здесь мы должны прояснить один вопрос, который имеет отношение не только к Шалу, но и к Шалкизу, и к Бухару-жырау, да и ко всей древней казахской литературе.

Старые стихи, созданные в виде поучений, назиданий, обычно не могут взволновать сегодняшнего читателя, воспитанного на современной литературе. Поэт ему не так уж редко мы встречаемся с пренебрежительным отношением к подобным произведениям. Порой их считают просто дидактическими рациями.

Но исторический подход к поэзии необходим. Литература всегда была школой воспитания людей. М.Горький говорил: “Всем хорошим в себе я обязан книгам”, а ведь книги, которые он при этом вспоминал, зачастую далеко не являются шедеврами с нашей сегодняшней точки зрения.

Каждой эпохе соответствует литература новой формы, каждому времени — своя поэзия. И неуместно предъявлять к древней литературе требования сегодняшнего дня.

И кто не поддастся обаянию таких строк, независимо от того, когда они созданы:

Күнді уақыт итеріп,
Көкжиектен асырса,
Көлеңке басын ұзартып
Алысты көзден жасырса,
Сонда көңілім сырласар
Сұрғылт тартқан бейуаққа,
Төмен қарап мұндасар
Ой жіберіп әр жаққа.

Или:

Келдік талай жерге енді,
Кіруге-ақ қалдық көрге енді.
Қызыл тілім буынсыз,
Сөзімде жаз бар шыбынсыз,
Тыңдаушымды ұғымсыз
Қылып тәңірім берген-ді.

Строки, равные этим строкам Абая по глубине, ни один казах не сумел сказать до сегодняшнего дня.

Сам Абай, великий, как Алатау, создавал стихи – назидания и поучения. Что же, и ему не хватало таланта и мастерства?!

Глубоко знавший русскую литературу – не только Пушкина и Лермонтова, но и Державина, Сумарокова, Абай не мог не понимать, что с течением времени некоторые его стихи устареют. Но, зная, как его слово сейчас нужно его народу, он шел на это, сознательно обращаясь к таким поэтическим формам, которым – он это знал – предстоит не такая уж долгая жизнь (и в этом главная причина того, что Абай не может встать в один ряд с такими великанами мировой поэзии, как Гете или Гейне, хотя по таланту он им не уступает, но данный вопрос мало касается нашей темы и заслуживает отдельного разговора).

Когда из уст акына вырываются произведения, подобные вышеприведенным, которые устремлены к высочайшим художественным вершинам и могут давать читателям глубокое эстетическое наслаждение, этически воспитывать их, то мы видим в них волнение и переживания его огромной души, которые истинный художник не в состоянии удержать в плену своей груди, а должен любым способом выпустить в белый свет, сделать достоянием людей. Кто бы из казахов в те годы мог понять поэта, соревновавшегося в мастерстве с Пушкиным, степного мыслителя, критически читавшего западных философов, если б он не искал той поэтической формы, тех поэтических средств, что были доступны любому степняку. Могли понять один, другой... а дальше? Но разве это было нужно Абаю?! Его цель заключалась не в том, чтобы раскрыть пламенную скорбь, стеснившую его грудь, а в том, чтобы поднять “свой народ, своих любимых казахов”, поставить их в ряд с другими народами, исправить недостатки своей эпохи, своего общества. Все помыслы поэта-гражданина, ясно видевшего зло и всей душой болевшего из-за него, были направлены к тому, чтобы его слова слышали широкие массы казахов,

задавленные межродовыми распрями, гнетом правителей, царскими законами, превращенные в бессловесных рабов, которым остались лишь заботы и мысли о пище, сне, о своем скоте.

“Не смогли мы найти другого народа”, – сказал Абай. Это значило: если ты рожден казахом, то никак не можешь превратиться в представителя другого народа. И не нужно искать... Следовательно, остается одно: борьба.

Борьба за светлый путь, за будущее. Поэт вышел в бой. Он с болью в душе издевался над своими современниками, высмеивал их, дразнил их спесь, оскорблял и унижал; он рыдал, заставляя рыдать и других; он поучал, проповедовал доброе, честное. Так родились стихи Абая дидактического и морализаторского характера.

Если он иногда становится похожим на поучающего аксакала, раздающего советы, сидя перед своими сородичами, то это вина не Абая, а эпохи Абая, это не недостаток Абая, а его достоинство, достоинство поэта, служившего своему народу. Пусть любой создаст подобные произведения, просвещающие сознание народа. Имя и труд такого поэта останутся в веках. Даже если бы Абай и не был автором произведений, написанных на уровне лучших лирических поэтов Европы и автором переводов стихов Пушкина и Лермонтова, то все равно он занял бы почетное место в истории казахской литературы лишь стихами, в которых боролся с невежеством и насилием, которыми просвещал свой темный народ. Ибо поэт выполнял требования своей эпохи; современников, их понятиям о поэзии, он отвращал их от темного затхлого мира, вел их к светлой жизни.

Стихи-поучения Бухара-жырау, Шала и других рождены подобным же стремлением – отвратить свой народ от плохого, вредного и обратить их к доброму, светлому, благородному. Понятно, что их дидактические стихи были данью древней традиции, а не результатом сознательного умысла, как у Абая. Старая казахская поэзия, несмотря на свой богатырский облик, еще не избавилась от младенчества. Поэтому даже сам ювелир слов Бухар, отказываясь от древних канонов поэзии, поступал так

интуитивно; здесь им руководил только его огромный поэтический талант.

Абай огромен, как... Абай. А Шал не может поспорить даже с Бухаром-жырау. Но мы должны ценить его стремление способствовать развитию своего народа. Хотя его стихи-назидания кажутся ныне слабыми, иногда детски наивными, бесспорно, что в свое время они играли благотворительную воспитательную роль.

Шал является акыном нового типа; он предшественник таких акынов, как Жанак, Арыстанбай, Орынбай, которые позже прославились по всей казахской степи и восхищали своими свободно льющимся импровизациями русских этнографов и литераторов.

В творчестве Шала редко встречаются характерные для жырау образцы поэзии. Не склонен Шал, в частности, к форме семи-восьмисложного афористического-назидательного терме, которая стала любимым жанром акынов, не порвавших со старой традицией и много заимствовавших у поэзии жырау. Шал предпочитает привычную ему форму “кара өлең” одиннадцатисложника.

Некоторые тенденции того громадного поворота казахской поэзии, который завершился лишь много позже — в эпоху Абая, можно найти и в поэзии Шала. В его стихах более ярко появляется авторское “я”. В этих случаях Шал вырвался из рамок старой традиции. Таково, например, его стихотворение “Сделал ты прекрасной землю, зеленью ее украсив”, где он скорбит о своей судьбе. Земля прекрасна своими колышущимися травами, овцы прекрасны жмущимися к ним ягнятами, горы — быстрыми потоками, озера — густым прибрежным тростником, лошади — быстроногими жеребятами. Лишь поэт одинок, лишь он лишен такой радости: он бездетен. Шал сравнивает себя с печальным архаром, потерявшем детеныша.

Приведем еще несколько строк из одного стихотворения Шала:

С ароматом рая запах твоей груди сравнить можно,
На прекрасное яблоко шея твоя очень похожа.

Льются волосы твои, как поток,
А глаза твои с планетой Зухра сравнить можно.

Я восхищен не одной лишь твоей красотой —
Ум твой хвалить я бесконечно буду.
Край наш должен гордиться тобой,
Имя твое достойным должно быть всюду.

По старым понятиям — “у женщин волос долог, да ум короток”. До Шала женщины не устаивались отдельных описаний в творчестве отдельных поэтов. Когда речь идет о женщине, то акыны и жырау древности всегда ограничивались лишь несколькими словами общего содержания. Какую-то конкретную женщину в их стихах узнать нельзя. А такие строки Шала, хотя и слабо, но достаточно явно предстают как небольшие холмы и перевалы на пути к вершинам, которых достиг в лирике Абай. Шал обогатил казахский стих и новыми темами: никто до него не описывал хозяйства и повседневной жизни в строках, вроде:

Для казаха главное — пасти скот,
Пусть он ест досыта, вволю пьет.

И подобные строки, описывающие заботы повседневной жизни, наполненные мыслями о стадах, о пропитании скота, имеют свое значение. У Шала поэзия спускается с поднебесной высоты и тесно связывается с будничной жизнью. Но такое “приземление” имело и обратную сторону, ставшую недостатком творчества Шала. Мы бы назвали это натурализмом. В стихах стало воспеваться все подряд, все, что попадалось на глаза, и из поэзии начала исчезать строгая красота, мудрость и величие времен Шалкииза и Бухара.

С этой точки зрения поэзия Шала является шагом назад. Но это отступление было необходимо для нового громадного шага вперед, и этот этап нужно было пройти.

Творчество Шала — свидетельство того, что старая поэзия жырау изжила себя, что дни ее прошли. Однако это не достижение самого акына, а результат изменения духа эпохи и вызванного этим развития литературы.

Герольд БЕЛЫГЕР,
жазушы

“ЖАТ ТА ЖАҚЫН БОЛАДЫ, ТАНЫС БОЛСА”

Тағдыр қалауымен қазақ ауылында өскен неміс баласының құлағына Шал ақынның есімі, жаңылмасам, тұңғыш рет сонау 50-жылдардың басында шалынған. Қаратал деген көрші ауыл төңірегінде сонау Бұқар жырау заманында Құлеке батырдың Тілеуке деген ақын ұлы болып, ол кейін қалың жұртқа “Шал ақын” аталынып, бүкіл алашқа аты әйгілі болды дегенді ең алғаш өзіміздің жерлесіміз, ауылдасымыз, өз кезінде кеңінен танымал ақын ағамыз Ғалым Малдыбаевтан естігенмін. Сол кездің өзінде-ақ Шал ақын айтыпты-мыс деген бірен-саран өлең жолдары да жадымда қалған. Мысалы:

Кедейлік ер жігітке намыс емес,
Жоқ болса, досың-дағы таныс емес.

Немесе:

Ағайын жат болады, алыс болса,
Жат та жақын болады, таныс болса.

Шал ақынның есімі мен оның кейбір шығармашылық әуендері менің бұрынырақ жазылған әңгімелерімде оқта-теkte ұшырасып жатады. Мысалы, осыдан отыз жыл бұрын жарық көрген “Ауыл шетіндегі ағаш үй” атты әңгімемде ұйқысыздық пен сарылудан сарғайған ақын Ғалымовқа Шал ақынның рухы елес бергендей болады. “Осы өлкеде екі жүз жылдай бұрын Есілдің жағасында шошайған шағын киіз үйді мекендеп тіршілік еткен — кейінгілер Шал ақын деп атап кеткен Құлеке батырдың баласы, өз жерлесі — өкінішке толы өмір туралы, тән мен жанды жұртта қалған көнектей тырыстырған кәрілік туралы өлеңін мұның құлағына тынымсыз сыбырлап тұрғандай-тын”.

Қысқасы, қазақ ауыз әдебиетінен сәл-пәл хабар бар. Еділ немісіне Есіл өңірінің көне көз қариясы Шал ақын жат болмай, Белинский айтқан “бейтаныс таныс” болып шықты.

Қазақ халқында Абайдан бұрын да неше түрлі әлділ ақындардың болғанын сол балалық кезімде де білесім. Және олар қандай көп десеңізші! Оның үстіне қандай ақындар! Өлеңдері түгіл, аттарының өзі неміс балаларының шақшадай басына сия бермейді екен. Жиенбет, Дулат, Ақтанберді, Тәттіқара дейсіз бе, әлде Бұқар жырау, Шортанбай, Махамбет, Шөже, Шернияз, Сүйінбай, Майлықожа дейсіз бе... әйтеуір, қазақтың кең-байтақ даласына әзер сыйып жатқан көл-көсір рухани байлық. Оның бәрін білу, бәрін игеру тіпті мүмкін емес.

Ал солардың ішінде Шал ақынның өзіндік орны бар екен.

Қалың қазақтың арасында өскеннен соң қазақтың жершілдігі, патриотизмі жүкпай қоя ма? “Апырай, біздің жақта да тіпті екі-үш ғасыр бұрын мықтылар болған екен ғой!” — деп ішімнен масаттанып та жүретінмін.

Бірақ Шал ақын жайында түсінігім саяз еді. Кейінірек, жылдар өте әр түрлі жинақтардан, топтамалардан зерттеулерден Шал ақын туралы мағлұматымды кеңейткен болдым.

Ақындығы өз алдына, ол түйсік-түсінігі, көрген-білгені көп, дүниетанымдық көзқарасы бар ойшыл-философ екен.

Дүние деген осы,
Жоқ қой мәңгі досы.
Егер болса досы,
Әкемнің құламас еді қосы, —

дейді Шал ақын.

Ал жақсы мен жаман туралы, дін туралы, әйел туралы, кәрілік, жалпы өмір туралы айтқандары да сондай дәлелі екен де, Көп қазақтай ол да өсиет, ақыл айтуға шебер екен де, мінеу, сынау, кекету, мұқату, өзілдеуге келгенде тілінің оты, уы, қыршаңқылығы бар екенін айғақтап, тіпті шабыттанады екен.

Таяуда бума-бума қағаздарымды ақтарып отырсам, тор көз мектеп дәптерінен жұлынған, сарғайып қалған бір парак шықты. Он шумақ өлең екен. Тақырыбы: “Шал ақынның сөзі”. Аяғында “Ерғали қарттың аузынан 1967 ж. августын 10 күні жазылып алынған”, – деген сілтемесі бар.

Аулымызда Ерғали деген қария болған. Ол да менің бір әңгімемнің кейіпкері. Өзі өлең жазатын. Сол кісіден осыдан дәл отыз бір жыл бұрын Шал ақынның қырық жол өлеңін жазып алған екенмін.

Адамға талай жерді көрген артық,
Танысып, әркімдерді білген артық.
Мысырға патша болып отырсаң да,
Болмайды туып өскен жерден артық.

Ерғали қарт әрбір шумақтан кейін теке сақалын салалап, басын шайқап қойып, “бұл да сөз-ақ!” деп тамсанып отыратын.

Кейінірек, сол кезде жазып алған Шал ақын өлеңдерін баспадан шыққан үлгісімен салыстырып қарасам, көбінесе белгілі текстердің аздаған өзгешілігі бар варианттары екен. Сол бір жапырақ қағаз менде осы күнге дейін сақталып келіпті.

Осыдан менің пайымдауымда екі қорытынды шығаруға болады. Біріншіден, Шал ақынның ғибратты өсиет, нақыл сөздері халық аузында осы кезге дейін қадірлі заттай сақтаулы екен. Екіншіден, егер екі жарым ғасыр бұрын өмір сүрген қазақ ақынына неміс азаматы кәдуілгідей мән беріп, шын ықыласымен сөзін қағазға түсіріп, оны отыз жылдан астам уақыт бойы сақтап жүрсе, бұл да Шал ақынның күдірет рухы бар екеніне дәлел бола алмай ма?

АЛДЫМЫЗ – АЙДЫН

Есiлдiң бойы ен тоғай,
Ен тоғайда жыр-мекен.
Айнала қонған ел толы-ай,
Қыдыр боп қонып жүр ме екен.

Жастанып талай аунадым,
Шұғылалы шүйгiн шалғынын.
Аралап арайлы аймағын,
Қызықпен өттi бал күнiм.

Балқурай бала жасымнан,
Бұла боп өстiм бұлқынып.
Басылмай көңiлiм тасынған
Кеудеме тұнық жыр тұнып.

Жарысып жүйрiк уақытпен,
Заулады күнiм, айым да...
Лаулады сезiм,
бақытты ем –
Жыр болып тал да, қайың да...

Теңiздеi толқып, тербелiп,
Арманым дәтке дем берiп,
Жанымды муза билейтiн,
Қалмайтын сонда менде ерiк.

Сол кезде көзбен көргенiм –
Тырбидың Молдахметi де.
Жанымды жыр боп тербедi,
Келгенде ол ауыл шетiне.

Қозыдай шимiк бала едiк,
Енесiн өскен шала емiп.
Бiр ақын келсе ауылға
Жүретiн жұрттың бөрi ерiп.

Шоқанды-дағы көрмедік,
Ақанды-дағы көрмедік.
Біржан да кеткен пәниден,
Шал бабамызға “бірге еріп”.
Осыларды ойлап қиналған
Мүсіркек бізді кім келіп?

Өлеңге жүйрік даңғылды
Ұға алмай көңіл қаңғырды.
Көрмеймісің бұл тағдырды
Жүйрік-жорғамыз шайқалмай,
Мағжанды да ашып айта алмай,
Ленинді күнге баладық,
Жаттадық жалғыз Жамбылды.
Бүркедік қолмен бақ-нұрды.

Нулы жерде тусақ та,
Ну қызығын көрмеппіз.
Сулы жерде тұрсақ та,
Су іше алмай шөлдеппіз.

Төңірінің жазған ризығы,
Тағдырдың жазған қызығы –
Нұрдан, жырдан нәр алып,
Өрлеппіз, тек өлмеппіз.

Әкем де аздап ақын-ды,
Анам да аздап ақын-ды,
Қиссаға, жырға жақын-ды.
Есілге, әлде Исламға
Үйлестіріп, ырымдап
Қойғандай содан атымды.

Кештеу болса да оқыдым
Шал бабамыздың жырларын.
Ұшқындаймын отының,
Ұқсаса ойым, сырларым.

Тіршіліктің де болады
Терістігі мен түстігі.
Байлық та, бақ та қонады,
Ақындық та бір ұшқыны.

Көңілімде гүлдей көктеген,
Киелі сезім-сырым бар.
Туса менен бір отты өлең,
Шал ақын туған атырап,
Мағжан аунаған топырақ...
Ауысқан деп содан ұғындар!...

Ойды, сөзді мүсіндеп,
Көкірегімде бір ұшқын.
Жыр намысы үшін деп,
Тұрар жерде тұрыстым.

Бесігінде тербетті
Мені-дағы бір ана.
Өлең жаттап ер жеттім —
Еншімдегі сыбаға.

“Саясы жоқ бәйтерек
Саздауға біткен талмен тең.
...Уайымшыл жігіттің,
Кең дүниесі тармен тең.
Уайымсыз жігіттер,
Тоқсандағы шалмен тең...”
Дедіңіз, баба, дедіңіз,
Ел деп туған еріміз.
Ақынбыз деп жүрсек те
Ұқты ма Сіздей еліміз!
Сардарсыз сарбаз кім дейсіз,
Тындырыппыз нені біз?!

Сері көңіл-ай, алдайды
Біреуге шығын-мал қайғы,

Біреуге шыбын-жан қайғы
Селтеңнен көзін алмайды,
Ертеңнен көзін алмайды.
Кей-кейде пенде өзге емес,
Өзін де сөйтіп алдайды.

Зерделеп қалай ұқтыңыз,
Көп жайға әлі күптіміз.
Ғасырлар жапқан көмбені,
Көтеріп аман шықтыңыз.
Аңыздардағы Көк өгіз,
Қасиеті қонған мықтымыз!

Кемері алтын күзданбыз,
Тауды да, тасты бұзғанбыз.
Алдымыз – айдын, мұзжарғыш,
Жаралғандаймыз күздан біз.
Тақырға ештеңе өспейді,
Айналайын, жан баба,
Сіз болған соң да –
Біз бармыз,
Сіз болған соң да –
Біз бармыз!...

* * *

АҚЫН БАБА РУХЫНА

Қайран баба!
Мекені Сарыарқадай сайран дала.
Дария ой, дарқан жүрек, сөзі мірдей.
Өнердің қиясына қиял жетпес
Қырандай жас қанатын жайған бала.

Қырандай жас қанатын жайған бала,
Жігіт боп кірген сауық-сайранға да,
Ажары той-думанның, сән-көрігі –
Шал ақын атанды екен қайдан ғана?!

Батырдан туған ерен ақын болып,
Тебіреніп кеткен көпті жақын көріп.
Өлеңнің өрге сүйер күдіреті ме,
Данадай тамсандырған ақыл-көрік.

Әйгілі өкең батыр – Құлеке еді,
Дейтін ел “Құлекеден кім өтеді?”
Ежелден көпке мәлім АҚЫНДЫҚ пен
Тамыры БАТЫРЛЫҚТЫҢ бір екені.

Ақын ер ел көрместі көре білген,
Көкірегіне жасынан өнер үйген.
“Ұлдың жақсы болмағы нағашыдан” –
Тектілік жұққан тағы Төле биден.

Кездерде қарт та мұнды, жас та мұнды,
Ұмытып бұлт шалғанын аспаныңды...
Арды аттап, кедеймін деп күңіреніп,
Бір сәт те ойламапсың бас камыңды.

Ақ тиін Арыстанды жұтқан заман,
Бақ қиын,
Ой қамалса да жұттан жаман.
Сандалтып айықпас дерт саналарды,
Арсыздар арлыларды жыққан заман...
Қуандық өлгеніміз тірілгендей,
Жырларың тас қамаудан шыққанда аман.
Десек те кімдерді кім құтқармаған,
Тегеуріннің шыққанын мықты арнадан,
Елден бұрын зерделеп ұққан дараң –
Текті ұяда тербелген Мұхтар балаң,
Асылы, нар жолында жүк қалмаған.

Тәңірінің берген бағын кім ала алар,
Тасқа да жігін тауып сына қағар
Жалғаспай жапырағында тұра ма олар,
Батырдан ақын туған нақ өзіндей.
Рулы ел ұрпағында бар, шүкірлік,
Ақындар, елге әйгілі ғұламалар.

Қазағың, татарың да, орысың да...
Есіл менен теңіздің тоғысында.
Пір тұтып көтереді Шал бабасын,
Түлеген ежелгі ата-қонысында!

Орнында орман, тоғай, Есілің де...
Әзірге бір аймақ жоқ есімінде.
Әз Баба, ол да болар, күн түзелді,
Тербеліп, тыныш ұйықта, БЕСІГІНДЕ!

* * *

ЖҮРЕГІМ ШЕГІРТКЕДЕЙ...

Бүгінде беретін аз, алатын көп,
Андыздап озатын да аз, шабатын көп...
Зыр қағып жүр аз ғана зиялы топ,
Жатқандай шыр-пыр күйіп Шал ақын деп.

Санамызды инемен, шегемен де...
шабақтайды ой,
Жауап жоқ “Не?” дегенде.
Сол санамыз былықтан арылды ма,
Ана-мына шылықтан егемен бе?

Биік аймақ, болмаса аласа аймақ...
бар ма, жоқ па?
Кетеміз балаша ойлап.
Жоғалғанды тапқандар қайда бүгін,
Суық жаққа бармай ма жанасар бақ.
Көп айтқанмен ұрағай ұрандарды,
Тұран қалды, оқылмай құран қалды.
Терістіктің теріскей қазақтары
Көкірегінде тербейді бір арманды.
Өтген арман...
Кім елеп, кім аңғарды.

Көкке ұшсам деп қаққанмен қанатын көп,
Соқтыра алмай уақытпен сағатын дөп,
Ел көңілі – аталса аудандары:
Мағжан деп, Сәбит, Ғабит, Шал ақын деп,
Ойлаймын,
Ойда не бар, тағатым жоқ.

Сарыарқа – сайын аймақ, шіркін далам,
Ақыннан алақұйын жыр тындаған.
Жүрегім шегірткедей, шыр-пыр қағам,
Аудандарда, ауылдарда, көшелерде
Сірескен Петр, Павел, Сергеевтер
Сұр қардай сүбесі әлі жыртылмаған,
Ойлар маза бермейді бір күн маған.



АҚЫНДАР АТАСЫ

Шал ақын туралы сөз бастауды ең әуелі сонау Шоқан Уәлихановтың “Менің бабам Абылай ханның замандасы, Арғын, Атығай ішіндегі Бәйімбет табынан шыққан Шал ақын қазақ халқының тегі, қазақ халқын құраған рулар жайлы аңыздарды жинақтап, ғажайып эпос жасады” деген қазақ әдебиетіне қатысты сөзінен бастағанды жөн көрдік. Өйткені тарихта қағаз бетіне түсіп жазылып қалған нәрсе, тасқа басылған таңбадай өшпейтін, кейінгі ұрпақтың игілігіне тиетін асыл заттар ғой.

Міне, бұл Шал ақынның сол заманда сауатты, оқыған, дүниетанымы мол, хақымыздың ескі тарихынан хабардар болғанын дәлелдейді.

Шал ақынның азан шақырып қойған аты Тілеуке екен. Болашақ ақын жастайынан зейінді, ұғымды болып өседі. Шаршы топтарда қариялар айтқан көненің нақыл сөздерін, өзінен бұрынғы жыраулардың жырларын санасына сіңіріп, құлағына құя жүреді. Осындай білгіштігіне орай, бірге жүрген құрбылары, әзілкеш жеңгейлері “Сен кексесің, шалсың” деп, қағытады екен. Ол кезде жас келіндер үлкендердің, қайындарының атын атамай басқадай өздеріне лайықты ат қойып, солай атап кеткен ғой. “Тілеуке” дегенде аталары Тілекенің аты аталып кетеді деген ұятты әдепті ұстап, жеңгелері Тілеукені Шалға лайықсың деп, Шал деп атапты. Сол атақпен Шал ақын атанып кеткен екен дейді. Оның тағы да біраз варианттары бар.

Шал ақынның әкесі Құлеке батыр Тәңірбердіұлы (Ел ішінде Тәйірберлі дейді) жоғарыда айтылған Атығай ішіндегі Бәйімбеттен кейінгі бесінші буын (Бәйімбеттен — Жоламан, Жоламаннан — Дәулетей, Дәулетейден — Тәңірберді, Тәңірбердіден — Құлеке) болады. Ол Абылай ханның ширек ғасырдай уақыт ең жақын қадірлес досы, сенімді батыры, беделді елшісі болып, Орта жүздің ішіндегі ел бастаған қолбасшы адамы болғаны тарихтан белгілі.

XVIII ғасырдың бірінші жартысындағы Жонғар шабуылының бас кезінде түрлі себептердің салдарынан же-

ніліс тапқан Шу, Сыр бойындағы қазақтардың біразы Арқаға, Жайық өңіріне қарай үдере көшкен ғой. Сол үдере көштің ішінде Атығай рулары да болған. Жоғарыда айтылған Құлеке, Тілеке (Тілеке Құлекенің ағасы) ауылдары көштерін Көкшетау маңындағы Азат бекеті маңында тоқтатып, сол жерде бірнеше жыл тұрып қалады.

Халқымыздың туған жерінен, суынан айрылып үдере көшуі, артынан жау қуып, аса бір қырғынға ұшыраған тұсын ата тарихымызда “Ақ табан шұбырынды, алқакөл сұлама” деп атаған. Міне, сол қырғыннан құтылып азат қонысына келіп орныққан тұста 1748 жылы өмірге Тілеуке (Шал ақын) келеді.

Енді елін, жұртын түпкілікті қонысқа орналастыру үшін ел басылары жер, қоныс таңдап байқаса, Есіл өңірін естектер, қалмақтар аралас игеріп жатқанын көреді. Өмірге қолайлы өлкеге өз ұлыстарын орналастыру мақсатында Құдайберді, Бәйімбет ұрпақтары Есіл өңірін ата жауы болып келе жатқан қалмақ пен естектерден босату науқанына кіріседі. Сол соғыстарда Құлекенің ағасы Тілеке және Мендеке, Жантелі тағы сол сияқты батырлар қаза табады. Бұл жөнінде ел аузында осы күнге дейін ұмытылмаған бірнеше аңыз әңгімелер бар. Ақыры Құлеке бастаған ел басшылары Құдайберді, Бәйімбет Есіл өңірін босатып, өз елдерін Есілдің екі жақ жиегіне түгелімен орнықтырады. Бұл осы күнгі аумақтық түсінікпен айтқанда Шал ақын, Есіл аудандарының жері.

Құлекенің қоныс тепкен жері осы күнгі Сергеевка қаласының тұрған жері. Осы ауылдың түстігінде бір шақырымдай жерде өзеннің үстіне төне орныққан, ол кезде кіші-гірім таудай көрінетін биік шың болатын (тың игеру кезінде ол жер тас карьеріне айналып бүгінде мүжілген қаңқасы ғана қалған). Сол шыңның астында аюдың апаны болып, сол апаннан Құлекенің балалары бірнеше аю алады да әлгі шыңның аты — Аютас аталады. Құлекенің ауылы “Аютастағы ауыл” (кейін Аютас ауылы) атанып кетеді. Осы айтып отырған Аютас аулының орнын 1898—1899 жылдары жаңа көшіп келіп жатқан қарашекпенділерге беретін болып Аютас аулын түгелімен Есілдің оң жағасындағы қалың орманның

ішіне көшіріп тығады да ол араға село салынып “Сергеевка” деп аталады.

Міне, осы ауылда Шал ақынның балалық шағы, арқыраған ақындық өмірі, қартайған шағы өтеді. 1819 жылы бұл дүниеден озады. Ақынның қабірі Аютастың қарсы бетіндегі екі жүз жылдан артық ата-бабаларымызды қойнына алған зират-қорымда болатын. 1969 жылы осы қорым Сергеевка су қоймасының астында қалды.

Шал ақынның ақындық, шығармашылық мән-жәйін анықтау — әдебиетті, поэзияны зерттеушілердің ісі ғой. Менің айтайын дегенім, Шалдың жаңа типтегі ақын екендігі, оның жыраулық үлгісінен шығып, қазақтың сүйікті ырғағына айналған қара өлең буындарын енгізіп, қазақ әдебиетіндегі зор бетбұрыстың атасы болғанын осы заманның әдебиет, поэзия зерттеушілерінің де мойындап отырғандығы.

Мәселен филология ғылымдарының докторы Ж.Тілепов: “Қазақтың ақындық поэзиясының бастауында тұрған Шал ақын осы дәстүрдің төлбасы, әрі көшбасы болып танылған. Ол қазақ әдебиетінің айтыс өнерінде шығармасы сақталған бірінші ақын, — дейді де, — өз заманының деңгейімен қарағанда, білімнің дәмін молынан татқан оқымысты адам” — деп бағалайды.

Ұлы ғалымымыз Шоқан Уәлихановтың жазуынша “Шал ақын — қазақтың шығу тегі жәйлі барлық аңыздардың басын қосып жыр еткен үлкен эпопеяның авторы, терең ой, биік парасат-пайымның иесі және Алаштан тараған хандар мен ру басыларының, тайпалардың генеологиясын Кұдайберді батырға дейін таратып айтады екен. Бірақ менің қолымда бұл эпос жоқ” деген екен.

Эпикалық жыр жазу үшін тарих ғылымының астарына үңілу қажет қой. Сондықтан Шал ақынның:

Мен өзім талай сөзді хатпен жазғам,
Өзілден мерт болады артық қазған.
Өткен іске өкінсем өмірім зая,
Тұяққа ілінгенді қайта жазбан, —

деп келеді де:

Дария — сия болса, қамыс — қалам,
Жер жүзі қағаз болса рахаттанам, —

деп өзінің оқу, жазу өнері бар екенін анықтайды.

Ал белгілі қоғам қайраткері, ақын Кәкімбек Салықов “Шал ақын сегіз қырлы, бір сырлы, онда бәрі бар” деп келеді де: “Ол айтыскер, суырып салма — импровизатор. қолы тиген жерді жұлып алар, көзі түскен жерді үзіп алар. өткір экспромт иесі, тапқыр сөздің үздік шебері, ауыз әдебиетінен жазба әдебиетіне көше бастаған қазақ поэзиясының көш басындағы кемеңгері” деп біледі. Ал филология ғылымдарының докторы, профессор Ө.Күмісбаевтың айтуынша, “қазақтың он бір буынды кара өлеңінің күдіретін Абайдан бұрын бір ғасыр ерте танытқан (Шал) қарт шеберлердің бірі — осы Шал ақын” деп қорытындылайды.

Айта кететін бір жағдай, Шал ақынның шығармашылық асыл дүниесінің бар екенін Шоқан бастап берген болса, Қазақстаннан тыс жерде Хасен Шаяхметұлы Ғали атты түркі халықтарының тілі мен әдебиетінің білгірі, үлкен ғалым ХХ ғасырдың басында-ақ Шал ақынның біраз туындыларын хатқа түсіріп үлгерген екен. Ол қазақ университетінің кітапханасында сақталған екен. Оның бер жағында тұңғыш рет 1929 жылы “Жаңа әдебиет” журналында, 1958 жылы 28 қарашада “Қазақ әдебиеті” газетінде Ғ.Малдыбаевтың жариялаған 8 өлеңі жарық көрген. Әрине, ел ішінде Шал ақынның өлеңдерін бір күн айтып, тауыса алмайтын күймақұлақ ақсақалдарды тыңдаған да едік. Бірақ біздің өттегенайымыз да қалмайды ғой. Солардың аузынан жазып алсақ, Шал өлеңінің қоры осы күнгіден де молырақ болар еді. Әсіресе, 1930—1940 жылдарға дейін өмір сүрген ақсақалдарымыз: Ақымның Есқағы, Әбушахманның Біржаны, оның бер жағындағы Шегеннің Сәкені, Досмағұл, Қарып, Әбдір, Қошан, Сұраған, Баянтайдың Жүнісі, Асылтайдың Ерғалиі, Елеусіздің Ғаббасы тағы сол сияқты қасиетті шалдарымыз Шал ақынның сөздерін, өлеңдерін майын тамызып айтып отырушы еді.

Ол кезде тоталитарлық басқару жүйесінде ескіден келе жатқан еліміздің асыл заттарына, білгір адамдарына, тарихи

тұлғаларға мән бергізбеу, оларға көңіл бөлген адамдарды ескіні құндаушы, жаңашыл жолдан шегіну деп өрескел сөгіске ұшыратқаны мәлім. Соған қарамастан, сол заманның өзінде Шал ақынның творчестволық ізін зерттеу мақсатында 1964 жылдың күзінде ауданымызға Қазақ университетінің аспиранты Мұхтар Мағауиннің келуі, оның Шал өлеңін жақсы білетін Жантілеудің Қошанымен кездесуі, үлкен іске түрткі болады. Мұхтардың өзінің айтуынша – “Шал атамызға тиісті ақсақалдың аузынан шыққан асыл сөз, қымбат мағлұматтарды таңбаға түсіріп, не керек, қарияны сарқа тауыспасам да, қатемді түгел тауып, қаншама дерек, өлең жазып алып едім” дегені атамыздың шығармаларының өмірде екінші рет тірілуінің басты себебі болып еді.

Атақты жазушы, “Жұлдыз” журналының бас редакторы, Шал ақынның еңбегін ғылыми тұрғыдан тік тұрғызған Мұхтар Мағауиннен қолдау сұрадық. Сол сияқты өзіміздің сүйікті газетіміз “Солтүстік Қазақстан” да 5 жыл бойы үнемі Шал ақын туралы жазылған мақалаларды үзбей беріп тұрды. Газеттің редакторы Бақыт Мұстафинге де айтатын алғысымыз мол.

Ауданға Шал ақын есімін беру жөнінде елді мекендерде жиналыстар өткізіп, олардан қолдау тапқан соң, аудандық ономастика комиссиясында қаралып, одан өткеннен кейін аудандық мәслихат сессиясында шешімін тапты. Осыдан кейін облыстық ономастикада қаралып, онда шешуші сөз айтқан облыстық ақсақалдар алқасының төрағасы Жақсылық Ысқақовтың қолдауымен комиссия ұсынысты қабылдаған еді.

Уақыт өте келе ой жаңарды, жаңа түзетулер туындайтын да шындық. Осы кезде “Қазақ әдебиетінде”, өзіміздің “Солтүстік Қазақстанда” “Үлкен тұлғаға – үлкен құрмет лайық” деген тақырыппен еліміздің бір топ әдебиет, мәдениет және ғылым қайраткерлерінің, ауыз әдебиетінің даңқты өкілдерінің бірі Шал ақынды мәңгі есте қалдыру жөнінде Президентіміз Н.Назарбаевқа, Мемлекеттік хатшы Ә.Кекілбаевқа, Солтүстік Қазақстан облысының әкімі Д.Ахметовке “Ашық хаты” жарияланды. Онда еліміздің сүт бетіне шыққан қаймағы, белгілі ақын-жазушыларымыз,

академиктеріміз, ғалымдарымыз Шал ақынның туғанына 250 жыл толуына байланысты оның есімін туған, өскен жері Сергеевка ауданына беру жөнінде ұсыныс айтты. Осы сәттерде “Солтүстік Қазақстан” газетінде журналист Біржанов Хамиттің, Баязиев Құрмаштың, Қажыбаев Төлегеннің, университет мұғалімі Құлыбекованың, менің де т.б. мақалалары жарық көрді. Ауданның орыс тілді жұртшылығына Шал ақын туралы орысша газетке бірнеше мақала беріліп жарияланды.

1998 жылдың 25 қарашасында Алматыда Ұлттық ғылым академиясының ұйымдастыруымен “Шал Құлекеұлы және ақындық өнер” атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция өтті, оған мені де шақырды. Конференцияға Қырғызстаннан, Түркиядан оқымысты ғалымдар қатысып сөйледі. Өзіміздің академиктер, ғылым докторлары, тіл мамандары, ақын-жазушылар Шал ақын туындыларының тілдік, стильдік, психологиялық шеберлік қырлары хақында, әйелдер тақырыбы мен әзіл-сатирасы жөнінде ғылыми тұрғыдан ой толғады. Әдейі шақырумен барған маған “Шал ақын өлеңдерінің ел арасында таралуы” деген тақырыпта сөйлеуге тура келді.

Конференциядан кейін де біраз жұмыстар атқарылып жатты. 1999 жылдың мамыр айында облыстық мәслихаттың сессиясында осы мәселе қаралатын болған соң, Шал ақын шығармалары мен оның қазақ поэзиясында алатын орны жөнінде Солтүстік Қазақстан университетінде жиын болып, жиналысқа қатысқан депутаттарды Шал өнеріне бас игізді. Осындай өте бір шешуші кезеңде жанашырлық жасап, белсене ат салысқан университет ректоры Ғалым Мүтановқа да алғысымызды айтамыз.

Осы сәттерде облыстық мәслихат депутаттарының атына Алматыдан Бәйкен Әшімов бастаған мемлекет қайраткерлерімен бірге ғалым, ақын-жазушы жерлестерімізден жедел хат келіп түскені, оның сессия отырысында оқылуы, істің абройлы болып аяқталуына себебін тигізді.

Міне, осындай жолдардан өтіп, басталуы мен аяқталу мерзімі біраз созылып кеткенімен 1999 жылы 14 желтоқсанда Республика Президентінің Жарлығымен ауданымызға Шал ақын аты берілді.

Осылай, бірнеше жылға созылған жанкешті еңбегіміз жанып, ауданымыз ардақты ағамыз, қазақ жеріне аты түгел тараған Шал ақын есімімен аталып, Солтүстік облыстардың ішінде бірегейі ретінде ата-бабаларымыз мекен еткен жеріне өздерінің ие екенін көрсетті.

Қазақстан Ғылым академиясының мүше-корреспонденті Р.Бердібай айтқандай, “Поэзия тұғырын биікке көтерген ақындар атасы Шал Құлекеұлының мұрасы болашақта да қадір-қасиетін сақтай беретіні көміл” деген аталы сөзімен әңгімеді аяқтауды жөн көрдім.



ШАЛ АҚЫН ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ОЙ-ПІКІРЛЕР

1998 жылы XVIII ғасырдың екінші жартысында өзінің тамаша шығармаларымен қалың елге танылған жырау-ақын жерлесіміз Шал (Тілеуке) Құлекеұлының туғанына 250 жыл толуы республикада аталып өтті.

Кезінде Шал жырларының халық арасына кең тарауы, оның есімінің жұрт аузында зор сүйіспеншілікпен аталуы жыраудың ардагер ақын, қоғамдық мәселелерді келелі сөз еткен азамат болғанын байқатады. Оның шығармаларында қоғамдағы әлеуметтік теңсіздік, заманның өзгерісі, әйел тендігі, адамгершілік мәселелері, табиғат, тіршілік тынысы жан-жақты сөз болады.

Ақынның өмірі мен шығармашылығы туралы облыстық газетте бірнеше мақала шықты. Мен оның поэзиясындағы педагогикалық-тәрбиелік ой-пікірлері туралы айтпақпын. Өйткені, ақынның педагогикалық ой-пікірлерінің біздің қазіргі жастарымыз үшін де тәрбиелік мәні зор.

Шалдың дүниеге көзқарасында діншілдік сарын сезіліп отырады. Өйткені ақын өз заманының перзенті ғой. Бірақ ақын әрбір сөзін құдай, пайғамбар атымен байланыстыра бермейді. Оның өлеңдерінің басым көпшілігінде адамгершілік мораль мәселесі сөз болғандықтан, не жақсы, не жаман деген дидактикалық ой-пікір көбірек айтылып, өзі өмір сүріп отырған қоғамның мүшелеріне ақыл, насихат айтуды басты мақсат еткен. Ақын өз өлеңдерінде жақсылық қайдан шығады, жамандық неден туады, жақсы мен жаманның айырмашылығы неде деген мәселенің төңірегінде сөз қозғайды.

Бір өлеңінде ақын:

Жақсыны алыс, жаманды
жақын деме,
Жақсы атансаң, біреудің
қақын жеме.

Жақсымын деп біреудің
қақын жесең,
Жаман адам сол болар,
мақұл деме,—

дейді. Бұл пікір халық педагогикасында айтылатын “Тура биде туған жоқ”, “Жақсы – көпке ортақ” деген ой-пікірмен ұштасып жатыр.

Тағы бірде ақын:

Жаман сол жақсы сөзді
үға алмаса,
Ғалым болмас ұстаздан
бұға алмаса.
Молда есімін алғандар
толып жатыр,
Не керек ғылым бойға
жүға алмаса, —

деп жастарға ғылым жолын қуып, ғалым болуға тырысуды нұсқайды. Жас кезде шама келгенше оқу мен өнерге мольнан сусындау қажет, өйткені жастықта не болса да бойға оңай және тез сіңеді деген идеяны паш етеді, жастардың бойында өнерлік, зиялылық, парасаттылық болуы тиіс деп тұжырым жасайды.

Жақсының жүрген жері
той болады,
Ақыл жоқ кей адамда
бой болады.
Көрмеге қандай жаман
болса-дағы,
Парасат кей шаһбазда
ой болады, —

деген ақын сөздерінен парасаттылық бойға, көрікке байланысты емес, көзге қораш адамдардың ішінде де жаны жайсаң, рухани байлығы мол адамдар болуы ықтимал деген пікірді аңғарамыз. Шалдың мұндай өлеңдерінің мақсаты – жұртшылықты жаманшылықтың кесепатынан жирендіріп, бойына жақсылық шапағатын дарыту. Бұл шығармалардың өз кезінде жастарды тәрбиелеуде игілікті рөл атқарғаны

күмәнсіз. Сонымен бірге бұл шығармалар қазіргі кезде де өзінің тәрбиелік мәнін жоғалтқан жоқ.

Майда бол жігіт болсан
тал жібектей,
Жарамайды қатты болу
тікенектей.
Білімін болса-дағы
ұшан-теңіз,
Пайда жоқ өз халқыңа
қызмет етпей, —

деп ақын өнерлі, білімді азаматтың халқына адал қызмет етуін қалайтынын көрсетеді.

Адам қоғамда көп жасағандығымен емес, білімімен, еңбегімен бағаланады деп ұққан ақын:

Адамды жөн білетін дана
деп біл,
Істерін жалқау жанның
шала деп біл.
Құр жасы елулерге
келсе-дағы,
Білімсіз сондай жандар
бала деп біл, —

дейді.

Отбасы бақыты, алған жар мен өсірген балаға байланысты деген ой ақын өлеңдерінде жиі кездеседі:

Жақсы әйел дәулетіңе
жөн келтірер,
Әйелің долы болса,
күнде өлтірер.
Жақсыдан жаман туған
бала болса,
Атаға үйде жатқан сөз
келтірер, —

деп өз ойын жайып салады.

Қазақ халқында келінге деген ілтипат оған деген зор құрметке айналған. Бала тәрбиесі, отбасы ұйтқысы келіндерге байланысты. Келін жақсы болса, отбасы тату, ағайын-туыстың аралас-құраласы да келіннің кішпайылділігіне, сыйластығына байланысты деген халық қағидасы ақын өлеңдерінен өзекті орын алған. Ақын “ақырған аждаһадай аю келін бар, үлкенге ізет, жасқа қамқор ақылды, арлы келін ер азаматпен тең түсер, ізгі жан, сондай әдепті үлгілі болындар”, — деп жастарға өсиет айтады. Тағы бір өлеңінде ол:

Келін жақсы болса,
Үйіне көп кісі келеді.
Келін жаман болса,
Келген кісі кеткісі келеді, —

деп қазақтың байырғы қонақжайлылығының өзі де келінге байланысты екенін көрсетеді.

Сонымен бірге Шал жастарға жас өміріңді бос өткізбе, еліңе, Отаныңа пайдалы қызмет ет дегенді уағыздайды.

Байлауы жоқ шешеннен
Үндемеген есті артық.
Бәйге алмаған жүйріктен
Белі жуан бесті артық, —

деп, халқыңа қызмет етпесең, өміріңнің мәні болмайды, құр мақтанып, көпіріп сөйлегенше еңбегінді көрсет деген ой түйіндейді. Халқыңа адал қызмет қыл, ел қамын ойла деуден артық патриоттық сезім болуға тиіс емес. Міне, бұл — Шал ақынның педагогикалық ой-пікірінің келер ұрпаққа айтар өсиетінің тобықтай түйіні.

Келер ұрпаққа осындай тәрбиелік мәні бар өлең-жырлар қалдырған ақынның мектептерге арналған қазақ әдебиеті оқулығында орын алмауы таңдандырады. Орта мектептің 9 сыныбына арналған қазақ әдебиеті оқулығында (Алматы: “Рауан”, 1995 ж.) “XI–XVIII ғасырлардағы қазақ әдебиеті” деген тарау бар. Сонда Қазтуған жыраудан

(XV ғ.) бастап, Бұқар жырауға (XVIII ғ.) дейін орын беріледі де, XIX ғасырдың бірінші жартысындағы Махамбет Өтеміс-ұлына түсе қалады. Ал жыраулар мен ақындарды жалғастырып тұрған әрі жырау, әрі ақын Шал Құлекеұлы туралы бір сөз айтылмайды.

Біздіңше, бұл – үлкен ағаттық. Қазақ мектептерінің мұғалімдері шәкірттерін Шал ақын мұраларымен таныстырып отырулары жөн. Шал ақынның қазақ әдебиетінде алатын өз орны бар. Ол Бұқар жыраудан кейін тұруға тиісті. Қорыта келгенде айтарымыз, ақындардың атасы атанған Шал ақын шығармаларының тәрбиелік мәні де зор. Сондықтан мектептің әдебиет оқулығы бағдарламасына енгізген жөн.



ӘЙГІЛІ АҚЫН БАБАМЫЗ

Шыңнан шыққан бұлақтай өзінің мөлдір таза үнімен, асқақ өлеңімен ақын бабамыз арамызға екі жарым ғасырдан соң қайта оралып, қайта түлеп, жаңаша жаңғырығып жетіп отыр. “Таза мінсіз асыл тас су түбінде жатады, таза мінсіз асыл сөз ой түбінде жатады” деп Асан қайғы айтқандай асыл сөздің атасы, шақпақ сөздің шебері Шал ақынды қайта еске аламыз. Еске алған сайын жаңа бір қыры көрінеді.

Иә, Шал ақын десе бәріміз де елең ете түсеміз. Оның себебі, бала кезімде әкем өзі ақын болмаса да, Шал ақынның өлеңдерін жатқа айтып отырушы еді. Сол кездегі көкірегі ашық ауыл қариялары Ерғали, Серәлі, Құлмырза, Бопат, Зікірия т.б. бас қоса қалса, “Шал ақын айтқан екен” деп, оның өлеңдерін тақпақтап, жарыса айтып, бірден-бірге іліп өкетуші еді. Әрине, кезінде оған аса мән бермедік, көңілге тоқымадық. Ақынның асыл қасиетін, өлеңдерінің күдіретін кейін түсіндік.

Ақынның арғы атасы Қалқаш батыр. Одан тараған Құдайберді мен Бәйімбет Есіл өңірін жайлаған ел. Бәйімбеттен Жоламан, одан Дәулетей туады. Дәулетейден жеті бала тарайды. Сол жетеудің бірі Тәйірбердіден Құлеке батыр (Шал ақынның әкесі), екіншісі Қабайдан менің аталарым тарайды екен. Соған қарағанда біз ақынмен бір бұтақтың екі жапырағы сияқты екенбіз. Сайып келгенде, Шал ақынның әкесі де, арғы атасы да батыр болған. Ақындық пен батырлықтың ұштасуы да табиғи заңдылық сияқты.

Шал ақынның әкесі Құлеке батыр, ру басы, қолына қару алып елін, жерін қорғаған ірі тұлғалардың бірі. Ол Ресей мен Қытай арасында хан тапсырмасымен елшілікте жүрген, атақты Абылайдың сенімді серігі болған, қол астында қызмет атқарған. Бұл тарихи шындық жазба деректерінде сақталған. Құлекенің шешесі Үйсін, атақты Төле бидің қызы екен. Құлекенің өзінен алты ұл туады, Шардақтан ұрпақ қалмайды. Ал, Құлекенің басқа Бәбеке,

Мәңке балаларынан қалған ұрпақ бүгінгі Шал ақын ауданында көбейіп тұрып жатыр. Сайып келгенде, Қүлекенің батырлығы мен ақылдылығы тең болған. Ол жөнінде мына жәйттерді айта кетуге болады.

Орта жүз рулары XVIII ғасырдың орта кезінде Түркістаннан солтүстікке қарай ауысады. Бүгінгі Солтүстік Қазақстан облысының Есіл өзені аймағын ол кезде естектер (башқұрттар) мекендеген еді. Атығай рулары мен естектер арасында ірі қақтығыс, кескілескен ұрыс басталады. Сол ұрыста елдің Жантелі, Меңдеке, Тілеке батырлары қазаға ұшырайды. Олардың кегін кейін Қүлеке (Тілекенің інісі) алады. Ол кездегі Орта жүздің ханы Әбілмәмбет Түркістанда тұрды. Абылай сұлтан Атығай елін басқарды және ол түстіктегі (Ресеймен шекаралас) елді мекендердің мәселесін шешуде үлкен рөл атқарды. Мәселен, Абылай сұлтан өзінің сенімді серіктері Құлсары, Қүлеке батырлармен орыстың Троицк қорғанына елшілікке барады. Онда өзара қарым-қатынас, келісім мәселелерін талқылайды. Орынбор қаласында өткен Ресеймен ерікті қосылу жөніндегі “ант беру” рәсімінде де болады. Хан алдағы аталған үшеуіне темір сауыт сыйлайды. Бұл деректер жазба түрінде сақталған (Казахско-русские отношения в XVI–XVIII веках // Ч.Валиханов. Собр.соч. Алматы, 1961 г., Т.1; М.Мағауин. “Қобыз сыры” Алматы, 1968.).

Қүлеке батырдың елі Есіл бойындағы Борлық өзенінің маңын мекендеген, Абылай сұлтан Атбасар өзені мен Жыланды тауын жайлайды, ал Құлсары батыр Қызылжар маңында қоныс тебеді.

Қүлеке батыр шамамен 1765 жылдары қайтыс болады. Ол Есіл өзенінің жағасындағы Аютас деген жерге жерленеді. Бұл – бүгінгі Шал ақын ауданының орталығы Сергеевка қаласының маңы. Бірақ батырдың өзінің өсиеті бойынша, ол өлген соң 40 жылдан кейін зиратын қопарып, сүйегін былғары қапқа орап, Шал Түркістанға апарып жерлейді. Бұл арада мына деректерді де айта кеткен жөн.

Түркістанның 1500 жылдық тойына қарсы Жолтай Жұмат пен Есберген Алаухан деген азаматтардың ресми деректерге сүйеніп жазған “Қасиетті мекендегі қала” атты кітабы жарық көрді (Астана, 2000 ж.). Сол кітапта “Бабалар

рухы тіл қатса” деген тақырыпта Қожа Ахмет Иассауи кесенесінде еліміз бен жерімізді қорғаған атышулы аталарымыз бен бабаларымыздың сүйегі жерленген делінген. Олардың көпшілігі ақтық сапарға аттанар алдында өсиет, аманат айтып кеткен. Бүгінгі таңда табылған зираттың (кесенеді жатқан) құлпытасында жазылғандар саны 121. Соның ішінде (төре тұқымдарымен қатар) Қойлы Атығай Аңдықожа батыр мен Бәйімбет Құлеке батыр Тәйірбердіұлы да бар.

Тарихи деректерге сүйенсек, Құлеке батырдың болған кезеңі, ортасы, халыққа сіңірген еңбегі жорамал емес, айдан анық. Соған қарап Шал ақынның да өмірін, кезеңін дұрыс болжап айтып отыр.

Шал ақын өзінің өлеңдерінде Атығай руының бес батырын атап кетеді. Олар: Жантелі, Жәпек, Меңдеке, Тілеке, Құлеке батырлар. Жантелі мен Жәпек батырлар Құдайберді ұрпағынан, ал Құлеке, Тілеке, Меңдеке Бәйімбеттен тарайды. Жәпек батыр да Абылаймен бірігіп қалмақтармен соғысады, тұтқынға да түседі, кейін Уәли ханға да қызмет етеді. Ал Жантелі, Меңдеке, Тілеке батырлар естектермен (башқұрттар) соғыста қаза табады дедік жоғарыда.

Шалдан бір ұл – Мәлібай және қыз – Мәлике туады дейді. Мәлібайдан – Сәкібай, ал одан Төлеген туады. Төлегеннің артында Жәмила деген бір қыз қалады. Ол бұрынғы Рузаев (бүгінгі Целинный) ауданында тұрып (Қара-Ағаш ауылында), бертін 71 жасында қайтыс болады (1944). Ал қызы Мәликеден Айтбай, одан Наушабай, одан Нұржан туады. Соңғысы Шал ақынның жиеншары. Яғни, Нұржан Наушабаев нағашысына тартып белгілі ақын атанады (Қостанай облысында).

Жас Тілеке батыр әкесімен еріп жүргенде хан алдына кез болады деген сөз бар. Сонда баланың талабына риза болған хан “Шал болсын” деп батасын берген екен. Одан соң ерте есейген Тілеукені жеңгелері де, замандастары да “Шал” деп атап кеткен. Сөйтіп, ол жас кезінен бастап “Шал ақын” атанады деген аңыз бар.

Шал ақынның өмірдеректері қай жерде болсын қысқа беріледі. Бірақ оның өлеңдерін оқи келе қандай адам

болғанын байқау қиын емес. Адамның бесіктегі кезінен бастап, шау тартып, шал болғанға дейінгі жағдайын ол өлеңмен суреттейді. “Бір жаста, екі жаста бесіктемін, Бес жаста тәңірі берген несіптемін, Он жаста сүт емген қозыдаймын, – деп келіп, – Жиырмадағы жасым-ай, Көлге біткен құрақтай, Отыздағы жасым-ай таудан аққан бұлақтай, немесе Отызында ор қояндай, Қырқында қынаптан шыққан қылыштай” деп армандайды. Ол қартайған шағында: “Елу – ердің жасы, Жетпіс – оттың басы, Сексен – шоқтың қасы” – деп өкініш сезімін білдіреді.

Шал ақын шығармашылығының тақырыбы әр қилы. Қазақтың салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, дін, оқу, тұрмыс, адам өмірінің кезеңдері, жанүя, әйел т.б. Әйел жөніндегі өлеңдері көбіне қалжың, сықақпен беріледі. Ата-тегінің шежіресі, қонторғай кедейлік кезеңдері де өлеңдеріне арқау болады.

Шал ақынның өлең-жырларының қаймағы бұзылмай, іркілмей ел арасында сақталуы ақынның дарындылығынан, адалдығынан, сезімталдығынан, ұшқыр әзілқойлығынан деп білеміз. Зерттеушілер ақынды суырып салма, төкпе ақын деп тегін айтпаған. Сондықтан да мұндай ақын халық жүрегінен мықтап орын алып, сүйікті ақынға айналуы заңды құбылыс. Ол өзінен бұрынғы ақын-жыраулардың дәстүрін жалғастырып, айтыс өнерінің негізін салушылардың бірі болып отыр және қазақ поэзиясын тақырыптық жағынан байыта түскен ақын. Шал ақынның білімдар, діндар болғанын оның өлеңдерінің мына жолдарынан байқаймыз: “Мен өзім талай сөзді хатпен жаздым”. “Молдадан сабақ алсаңыз алуа, шекер балмен тең”. “Дария – сия болса, қамыс – қалам, жер жүзі қағаз болса рахаттанам”... Ол білімді, сауатты, пенделігін мойындап, дінге сенген адам. Бірақ дінді аса уағыздап, үлкен саясатпен айналысқан адам сияқты емес.

Екі ғасыр бұрын өмір сүрген Шал ақын бізге қалай жетті? – деген ой туындайтыны сөзсіз. Шал ақын жөніндегі деректер де бүгінгі таңда аз емес. Мұның сыры неде? – деген екінші сұрақ туындайды. Ұрпақтан ұрпаққа жетіп, ауыздан ауызға жатталып келген Шал ақын өлеңдері өзінің құндылығымен, қасиеттілігімен сыпатталады. Өткен

ғасырдың екінші жартысында Шал ақын туралы деректер жинастырылып, баспа беттерінде жариялана бастады. Табылған дүниелердің бәрі де Қазақстан Ғылым академиясының Орталық кітапханасындағы сирек қолжазбалар қорында және М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Қолжазба орталығында сақталуда.

Шал ақын шығармашылығы және ол жөніндегі зерттеулер жеке кітап болып шықпағанмен, көптеген жинақтарда басылды. Атап айтсақ, алғашқы жинақ “XVIII–XIX ғасырлардағы қазақ ақындарының шығармалары” деген кітапта Шал ақынның 14 өлеңі берілді (1962). Одан соңғы жинақтар “Үш ғасыр жырлайды” (1967), “Алдаспан” кұрастырушы М.Мағауин (1971), ақынның мұнда 80 өлеңі басылған. Тағы да “XV–XVIII ғасырлардағы қазақ поэзиясы” (1982), “Бес ғасыр жырлайды” (1989), “Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет” (1993) жинақтары баспадан шықты. Онда Шал ақынның 90-нан аса өлеңдері басылған. Сөйтіп, келесі басылымдарда ақынның өлеңдерінің саны көбейе түскен.

1999 жылы Шал ақын шығармашылығын кеңінен жариялаған, ол жөнінде жеке кітап болып шыққан “Шал ақын Күлекеұлы” атты еңбек. Бұл кітапта ақынның жүзден аса өлеңдері және ол жөніндегі көптеген зерттеулер берілген. Бұл үлкен қажырлы еңбектің, ізденістің, әдеби, ғылыми зерттеулердің нәтижесі деп білеміз. Сөз жоқ, бұл іспен айналысқандар зерттеуші-ғалымдар, аспирант-жастар екені белгілі. Оларға жағдай жасап, қол үшін бергендер Шал ақынның жанашырлары, жерлестері, туыс-ұрпақтары болды. Шал ақын туралы алғашқы сөзді Шоқан Уәлиханов айтқан еді. Ол өзінің шығармаларында Шал ақынды жоғары бағалап, құрметтеп жазып кеткен. Шоқан шығыс елдеріне тән ақындық дәстүрді айта келе, қазақ халқының шежіресін эпос етіп жырлаған ақындық өнердің бірден-бір атақты өкілі Шал ақын еді дейді. Яғни, ақынның ата-тегін жазады, оны “Шал жырау” деп атаған. Ендеше Шал ақынның дәрежесі Шоқан кезінде де жоғарыдан байқалады.

Өткен ғасырдың (XX) бірінші жартысында Шал ақын аз айтылады, аз зерттеледі. Тек 1929 жылы “Жаңа әдебиет”

журналына ақынның бір-ақ өлеңі басылады. Содан кейін 1937 жылы белгілі фольклорист, түркі тілдес халықтардың ауыз әдебиетін зерттеуші Хасан Шаяхметұлы Шал ақынның 125 жол өлеңін Ғылым академиясына табыс еткен. Бұл өлеңдер Қазан университетінің кітапханасындағы шығыс қолжазбалары қорынан табылған. 1958 жылы “Қазақ әдебиетінің” бетінде жерлес жазушы Ғалым Малдыбаевтың “Шал ақын кім?” деген тамаша мақаласы және ақынның сегіз өлеңі жарық көрді. Шал ақын шығармашылығына алғаш қозғау салған Ғалым Малдыбаевтың еңбегін ерекше атаған жөн. Одан соңғы істі жалғастырған, ақын мұрасын тырнақтап жинаған Мұхтар Мағауин. Ол – белгілі зерттеуші, әдебиетші-ғалым.

Шал ақынға деп әдейі арналып шыққан алғашқы кітаптың алғы сөзін жазған белгілі азамат Жұмат Тілепов (ф.ғ.д. қолжазба және текстология бағытындағы ірі ғалым) Шал ақын жөнінде әдемі пікірін жазыпты. Онда былай делінген: “Екі жарым ғасырға жуық уақыт бойы шығармалары ел жадында осыншама көлемде сақталған Шал Құлекеұлы – тек біздің ұлттық әдебиетімізде ғана емес, жалпы дүние жүзі халықтарының әдебиетінде өте сирек кездесетін феномендік құбылыс. Ол қазақ әдебиетінің айтыс өнерінде шағын да болса шығармасы сақталған бірінші ақын”. Бұл, әрине, ақынға берілген үлкен баға.

Ел іші – алтын қазына, рухани байлықтың көзі, әсіресе, ауыз әдебиетінен қалған көне поэзияны сақтаушы. Шал ақын жөніндегі көптеген деректердің ел аузынан алынғандығы осының дәлелі болмақ. Әрине ақындық та, ақын өлеңін жадында сақтау да кез-келген кісінің қолынан келе бермейді. Ауызы дуалы, белгілі дарыны бар адамдар ғана ескі, көне мұраларды бізге жеткізді. Мәселен белгілі ақын Ғалым Малдыбаев, ағаш шаруашылығы (Шал ақын ауданы) орталығында тұрған, Шал ақынның ұрпағы Қошан Жантілеуов, Жаңажол ауылында тұрған Ғаббас Елеусізов (кейін Алматыда аудармашы болып істеген) ақынның ондаған өлеңдерін қолжазбалар қорына табыс еткен. Осы аталған ауданның Приишим кеңшарында тұрған Жанакым Әлібаев, Мырзахмет Өзбеков, Балуан ауылынан Қазақстан Республикасына еңбек сіңірген мұғалім, жазушы Сейтен

Сауытбеков, Баян ауылынан Шадат Есмағанбетов, Самарқан Жұмаділов, Көктерек ауылынан облыстың халық ақыны Ахметжан Нұртазин, Еңбек ауылынан халық ақыны Молдахмет Тырбиевтер Шал ақынды келесі ұрпаққа жеткізуге ат салысты, ақынды танытты.

Шал ақын шығармашылығын қайта түлеткен Қазақстанның әдебиетші, тарихшы ғалымдарына, ақын-жазушыларына, одан соң бүгінгі атақты жерлесіміз Аманжол Қошанов, Кәкімбек Салықов, Шота Уәлиханов, Герольд Бельгер, Есләм Зікібаев тағы басқаларға мұндағы жұртшылық атынан үлкен алғысымызды білдіреміз. Шал ақынға арналған кітаптың шығуы аты аталған азаматтардың арқасы деп білеміз. Ақынның есімін мәңгі сақтау жөніндегі іс-шаралар да осы азаматтардың арқасында жасалып жатыр деп түсінген жөн.

Сонғы жылдардың ішінде Шал ақынға деген үлкен бетбұрыс, игілік істер атқарылып жатыр. Атап айтқанда, Алматыда республикалық (халықаралық) деңгейде, облыстық көлемде ақынға арналған ғылыми-теориялық конференциялар өткізілді. Сергеев ауданына Шал ақын аты берілді. Айта кетсек, 1993 жылы облыс әкімшілігінде бұл ауданға “Аю тас” атын беру жөнінде мәселе қаралған еді. Сол мәжілісте Қабдырақым Жақыпов бұл ұсынысқа қарсы шығып, “бұл іске біз асықпайық” деп көрегендік корсеткен еді. Соның нәтижесінде кейін ауданға “Аю тас” емес, “Шал ақын” аты берілді. Қабдырақым Жақыпов мырзаға үлкен ризашылығымызды білдіреміз. Сонымен қатар Шал ақын жөніндегі бастамалардың басы-қасында болып, терін төккен Сергеев қаласының тұрғындарына, аудан басшыларына, ақсақалдар алқасына, әсіресе, ақын ұрпағы Уәп Латановқа шын жүректен алғыс сезімімізді білдіреміз.

Атқарар істер алда көп. Шынын айтсақ, қазақ әдебиетінің алыптары Қожаберген жырау, Сегіз сері, Шал ақын, Үкілі Ыбырай сияқты жерлестеріміздің асыл мұралары мектеп және басқа оқу орындарының оқу бағдарламасынан тыс қалған. Бүгінгі жастар түгілі, бүгінгі ақсақалдар да бұларды білмейді. Олардың шығармалары жетіспейді, жарыққа шыққан дүниелері жергілікті жерге

жетпейді. Оқулық пен хрестоматиялар жоқ. Әрине, бұл – оқу жүйесінің жұмысы, келешектің ісі.

Шал ақынның есімін мәңгі сақтау үшін жасалып жатқан жұмыстар енді ғана басталды деуге болады. Шал ақын ауданының орталығы Сергеевка қаласында ақынның ескерткіш-мүсінін орнату ісі қолға алынуда. Келешекте Қызылжар қаласында бір көшенің аты ақынға арналуы тиіс. Шал ақын атындағы айтыстар, жарыстар, кездесулер, естеліктер, зерттеулер өз жалғасын табары сөзсіз. Сөйтіп, бірте-бірте әйгілі ақын бабамыз ұлт тарихынан, халық жүрегінен лайықты орнын алады деп сенеміз.



Ш

ШАЛ АҚЫННЫҢ ОРЫС ТІЛІНЕ АУДАРЫЛҒАН ТУЫНДЫЛАРЫ

СТИХОТВОРЕНИЯ ШАЛ АҚЫНА ПЕРЕВЕДЕННЫЕ НА РУССКИЙ ЯЗЫК



* * *

Не на радость совсем человеку такая жена,
 С нею каждый познает скандалы и ссоры сполна.
 Коль ругаться начнет, с ней не сладишь
 один на один,
 Не тебя одного, весь аул одолеет она.
 А сама — поглядишь — погрузилась в грехи
 с головой,
 Да и мужа туда же потянет она за собой.
 Даже див побоялся бы встречи с такой албасты,
 Как же жить в одном доме мне с бабой шальной!

* * *

Для отважного жигита бедность горькая —
 не стыд.
 Если беден, то для близких ты ничем не знаменит.
 Дом холодный, скот голодный и сварливая жена —
 Доля бешеная, злая горькой бедности дана.
 Если беден, то тарантул красно-рыжий — твой сосед,
 А богатый, то отбоя от гостей неожиданных нет.
 И пока далеко бедность, ты ее предупреждай,
 А не то врасплох застанет, туго будет — так и знай.
 Преступивший в страхе клятву, одинок навеки он,
 Погружается в болото и в дурной впадает сон.
 Будь хотя рабом безродным, чужаком в чужом краю,
 Но поддерживают, знаю, табуны лишь честь твою.

* * *

Ты не хвались, что пять пудов ты вешишь,
 На свете есть потяжелее вещи.
 Не хвастай, что достиг большого чина,
 Ведь выше — белоснежная вершина.
 А за вершиной этую в покое
 Превыше солнца — небо голубое.

И, думая, что счастлив ты навеки,
Что не страшны измены и наветы,
Не вздумай же в погоне за поживой
Таскать ты зло в мир бессердечный, лживый...

* * *

Землю создал ты и нарядил
В белое, ковыльное литье.
Создал ты овцу — и наградил
Ласковым ягненочком ее.
Дерево ты создал — нарядил
Листьями, что рвутся к вышине.
Птицы ты создал певчия — и наградил
Яйцами у гнездышке на дне.
Горы создал ты — нарядил,
Родниками теми, что звенят.
Коз ты тоже создал — наградил
Чмоканьем их маленьких козлят.
И озера ты украсил все
Тростниками, эхо вдаль гоня.
Я — дитя твое, родня весне,
Что ж заставил плакать ты мне?
Рад архар — дитя ступает в след,
Блеет грустно, если его нет!
Если вижу вдруг кого-нибудь
Я с ребенком малым на руках,
Пламя входит мне внезапно в грудь,
Радость у меня горит в глазах.
Чем утешусь я, живя вот так?
А приду домой: удел кляня,
Бабы слезы льют сильнее меня!

* * *

Пусть удачу, довольство тебе доведется узнать,
Хоть не всем и дается такая у нас благодать.

Но, когда даже золотом выложен будет порог,
 Не имея ребенка, счастливым тебе не бывать!
 Ля иллах иль аллах — вот о чем говорить ты бы мог.
 Хорошо, коль услышит моления души твоей бог
 И любимая сына тебе принесет.
 Жизнь твоя без конца будет мирного счастья полна,
 Ну а если же сына тебе не подарит жена,
 Это значит — печально тобою окончится род.

* * *

Одежда, честный меч — жигита красота,
 Отважный в битве муж — народа красота,
 Вещь хороша, когда у ней есть назначенье,
 Пух белых лебедей в озерах — красота.

Лес и весенний луг с цветами — красота,
 И горы на земле, родной нам, — красота,
 Когда меж близкими людьми раздора нет,
 То это и для всех соседей — красота.

Ученый и мудрец для рода — красота,
 Он для своей земли, для мира — красота,
 Коль будешь слушать ты, что говорит аллах,
 Откроется тебе всей правды Красота.

* * *

В пятнадцать сел я на коня, держась за гриву крепко...
 Я падал беркутом тогда на камни и на ветки.
 Слова мои в себе тогда несли огонь и пламя,
 Оставил в сердце этот год лишь светлые

заметки.

Я в восемнадцать лет спешил постичь любви
 искусство,
 И все ж не мог подумать я, что вдруг погаснут
 чувства.

Был голос как у соловья, шаги как у Дульдудля,
Но не имел ребенка я, и оттого не грустно.
А в двадцать странствовать я стал в степях
широких, знойных,
Писал я шумные стихи в скитаньях беспокойных.
А в двадцать пять, а в двадцать пять отринул
я забавы
И стал без страха, не таясь брать сторону
достойных.
А в тридцать лет был полон весь я радостного пыла.
Вкус дела я познал; познал в чем человека сила.
Я понял: лишине слова — не смысла в них,
ни пользы,
Когда за целых сорок лет мне вдруг перевалило.
А в пятьдесят стал тихо жить, молитвы
повторяя,
Священные слова молитв о вышних куцах рая.
А в шестьдесят я прекратил мирские
развлеченья.
Прихода смерти, как мудрец, спокойно
ожидая.

* * *

Подпоясался веревкой оттого, что нет ремня.
Не женитесь вы, жигиты юные, на неучтивых,
Неучтивую возьмете — обречете, страх гоня.
Жизнь свою на поруганье, стать счастливыми
не в силах.
“Наш старик” — когда-нибудь прозовет тебя
токал.
Никогда любви не будет у тебя, мой друг, с такою.
Стоит косо посмотреть на тебя, и ты пропал —
Взгляд ее наполнит грудь острой болью и тоскою.
О верблюдница моя белая, забыть нельзя,
Как тебя не оставлял без заботы, без ухода.
Грудь твоя — источник жизни, руки — словно
два крыла.
Что со мной, супруга, стало после твоего ухода!

И в год, и в два, и в три — я в люльке плыл,
В четыре года набирался сил,
В шесть лет я был словно кора березы,
В семь лет — словно ковыль низинный был.

А в десять лет — ягненок-сосунок,
В пятнадцать — как козленок без рога,
А в двадцать лет познал я путь жигита,
Живущего беспечно, без тревог.

По мне вздыхать красавиц был удел,
Ни в чем себе отказа не терпел.
Я в тридцать лет был словно заяц вольный,
На празднествах всегда успех имел.

На камни падал словно беркут я,
И восхищала храбрость всех моя.
А в сорок лет я был кинжалом в ножнах,
Души своей порывы не тая.
Средь самых именитых: кто кого —
Имел я в красноречье торжество.
А в пятьдесят проникся интересом
К истории народа моего.

Хотелось мне вернуться в двадцать пять,
чтоб в сердце пел былой рассвет опять.
Жизнь в шестьдесят — как старый волк
бессильный:

Ум ослабел и потерялась стать.
А в семьдесят потянет на покой,
Не встанешь ты, не опершись рукой.
О землю... Но со старостью не спорят —
что делать, если возраст твой такой!

А в восемьдесят лет — и жизнь не в грош,
Ногой и той едва ли шевельнешь...
Заржавленный свинец ты в девяносто:
Расплавь — а формы все ж не обретешь.

До девяноста девять дотянуть,
Так и до ста дотянешь как-нибудь!
Ты видел ли столетнего мужчину?
Хотя б вполглаза на него взглянуть...

СТАРОСТЬ

Когда года идут, стареет человек
И вкус тогда к еде теряет человек,
Не замечает он, что старость подошла,
Что щедро жизнь свою растратил человек.

Все знают — первую стареет голова.
Когда у старика седая голова,
Каким бы смолоду красавцем ни был ты, —
Теперь в морщинах лоб, поникла голова.

И старые глаза уже не так глядят,
Уж мы и слова роняем невпопад.
Хрустят суставы, гибкость потеряв,
И ноги у тебя, когда идешь, дрожат.

Под старость и твой слух становится тугим,
И слезы катятся, и видишь как сквозь дым.
Что ясно для других, тебе затемнено,
И спорит слепота со зрением твоим.

И плохо, что уже зубов недостает,
Что черной пропасти подобен стал твой рот.
Красотки, чьи уста нежнее лепестков,
Стареют так, что их никто не узнает.

Красивей хана был ты в юности твоей,
И красотой мог бы радовать людей,
Но старость забрала всю эту красоту...
Где чернота волос, где густота бровей?

Примета старости — твоя больная грудь,
И кашель, да такой, что тяжело вздохнуть.
В цветущих был летах ты плотен и могуч,
Теперь так одряхлел, что не на что взглянуть.

Приметы старости — и бродим мы с трудом,
Дела не спорятся, лишь только их начнем.
Лекарств от старости и не было, и нет,
В слезах мы жизнь свою постылую ведем.

Когда ты старишься, болят суставы ног,
От бесконечного лежания ноет бок.
Теряешь цену ты себе день ото дня,
Жена уже тебя не пустит на порог.

Под старость — боль в спине и в сердце
тяжкий стук;
И в пояснице боль тебя сгибает в крюк.
Чуть простудился ты, уже ложись постель,
Чтоб старый не свалил тебя совсем недуг.

Под старость с палкою едва бредешь без сил,
И кто-то, кажется, твой рост укоротил,
А если до тебя родным и дела нет,
Садись один к огню — ты никому не мил.

Заслуги все твои бывшие — уж не впрок,
Теперь ты ничего и сделать бы не мог.
Приходится тебе пасти одних телят,
И только для того, чтоб хлеба был кусок.

Заслуги прошлые вдруг стали ни к чему,
Уже твои слова не нужны никому.
Ох, если б за тобой ухаживать кто мог!
Ты на дырявую похожим стал суму.

Лежишь в постели ты который день подряд,
О чем ни попросил, в ответ тебе молчат.
Когда твой сын ленив и вздорная сноха,
Считай, что дням твоим пришел уже закат.

* * *

В мире семьдесят видов сиротства у нас.
Настоящих лишь три назову я сейчас:
Это всадник без доброго скакуна,
хозяина беркут, чья зоркость нужна,
И не знавшая доброго мужа жена.

* * *

Жигиты, не тратьте хвастливых речей,
Себя не считайте соседей важней.
Беда подойдет — вы не только врагов,
Но даже себе не найдете друзей.

Жигиты, не хвастайтесь: много скота,
Одежда цела и утроба сыта.
Лишился Даут сразу всех сыновей,
Вот, значит, к чему похвальбы пустота.

Жигиты, покинем мы мир в свой черед,
И смерть наши души себе заберет,
А вместе с душой сам уйдешь в мир иной,
Останутся только: жена, дети, скот.

* * *

От смерти не спастись ее не избежать,
Когда б ты мог себя и львом средь львов считать.
Захочет бог — звезда сорвется вдруг с небес
И рухнет, чтоб у ног осколками сверкать.

Жигиты, верьте мне — над нами бог велик,
Пуускай ему хвалу возносит ваш язык,
Коркыт на сорок лет свой возраст пережил.
И все же в конце концов скончался тот старик.

Закрыв глаза старик — и замерли ветра.
Так и жигит умрет. Так молнии игра
Большое дерево порой испепелит
В единый только миг. Куда как смерть быстра!

* * *

Не всех коней в байге награда ждет,
Под меру общую не вгонишь весь народ.
Еще вчера мне было двадцать пять,
Все было к месту, было все под стать.
Я столько перевалов одолел,
На стольких пиршествах больших сидел!
Хан и батыры, люди — стар и мал, —
Перед вами я слухами гарцевал.
Но молодость прошла. Перед концом
Душа моя вся налита свинцом.
Был иноходцем с крепким крупом я,
Ни разу не сбивалась рысь моя.

Я, вспомнив юность, головой поник.
Я — как отставший от других киик.

ШАЛ АҚЫН ТУРАЛЫ ЛЕБІЗДЕР

Менің бабам Абылай ханның замандасы, Арғын, Атығай ішінде Бәйімбет табынан шыққан Шал ақын қазақ халқының тегі, қазақ халқын құраған рулар жайлы аңыздарды жинақтап, гажайып эпос жасады.

Шоқан УӘЛИХАНОВ

* * *

Қазақтың өлең өнерінің інжу-маржан үлгілерін жасаған, артына өлмейтұғын сөз қалдырған, поэзия тұғырын биікке көтерген ақындар атасы Шал Құлекеұлының мұрасы болашақта да қадір-қасиетін сақтай беретіні кәміл.

Рахманқұл БЕРДІБАЙ

* * *

Шал ақынның қай өлеңін алсаң да адамға үлкен ой салады, салыстырмалылықтың шебері адамға заман әлпетін таныстыра біліп, қыр-сырын айдай айқын ашады. Өлеңін, не айтысын, не әзілін оқысаңыз 250 жыл уақыт өткендей емес, екі елі қалыспай қасыңда жүргендей сезінесің.

Көкімбек САЛЫҚОВ

* * *

Шал — өз заманының беделді ақыны. Оның өлеңдері өз кезінің өзекті мәселелерін көтеріп, халыққа адамгершілік ақыл-гип-рат береді. Ақын творчествосы әдебиетіміздің әлеуметтік сы-рын айқындап, оның халықтық тенденциясын нығайтты.

Ханғали СҮЙІНШӘЛИЕВ

* * *

Біздің қолымызға жеткен қазынасына қарағанда, Шал Құлекеұлы қазақ әдебиетінде Бұқардан кейінгі жарық жұлдыз-дардың бірі екендігінде шек жоқ. Мұндай халық тұрмысына, тіршілігіне жақын тұрған табиғи төкпе ақындар табиғат-та сирек ұшырайтын құбылыс санатына жатады.

Өтеген КҮМІСБАЕВ

ШАЛ АҚЫН МҰРАСЫН ЖИНАҒАН ЖЕРЛЕСТЕРІМІЗ



Қошан ЖАНТІЛЕУОВ

Қошан Жантілеуов Шал ақынның кейінгі ұрпақтарының бірі. Шал ақынның өмірі мен шығармашылығын алғаш рет кең көлемде зерттеуші Халық жазушысы Мұхтар Мағауин ақын туралы негізгі деректерді Қошан ақсақалдан алып, 20 шақты өлеңін жазып алған. Зерделі қарттың Шал ақынды тануға қосқан үлесі өте зор. Қошан қарттан мына сияқты өлеңдері жазып алынды:

“Жігіттер, жау алмайды ақылдассаң...”, “Екі арыстан жабылса, дәуді өлтірер”, “Сөйлеп қал, сөйле тілім – арыс келді”, “Біз-дағы келіп қаппыз елулерге”, “Біреудің баласы өлгенде айтқан жұбату”, “Шал мен кемпірі”, “Иман – қой, ақыл – қойшы, нәпсі – бөрі”, “Шежірелі қартың болса”, “Беліме жіп буындым белбеусізден”, “Қашыр-құшыр шайнайтын қайран тісім”, “Санай берсең жетімді жетпіс болар”, “Өлімнен құтылмассың қашсаңдағы”, “Шалыңның екі көзі жайнап жатыр”, т.б.

Шал ақынның өмірдеректерінің көбі Қошан қарттан алынды.



Ғаббас ЕЛЕУСИЗОВ

Шал ақын мұраларын ел ішінен жинастырып, Ұлттық Ғылым академиясының Орталық кітапханасындағы сирек қолжазбалар қорына алғаш тапсырушылардың бірі – 100 жасаған шежіреші қарт Ғаббас Елеусізов.

Олар: “Құдая, күдіретіңмен сақтағайсың”, “Бақ көшсе ақылыңа қарамайды”, “Ашу – дұшпан болғанда, нәпсі – жауың”, “Әр жерде қадір-құрмет көрген жанмын”, “Ай-тайын біраз кеңес бастан кешкен”, “Өнершек жігітлікте жүрме бекер”, “Мекке менен Мәдине жолдың ұшы”, “Ханнан тақыт таярда”, “Пұт болдым деп мақтанба”, “Алпыс жас – бұл бір өткен өмір сәні”, т.б.

Абзал қарт ақын мұраларын жинаушы ғана емес, ел ішінде таратушылардың бірі болды. Осы күнге дейін Ғаббас қарттан естіп едім деп ақын өлеңдерін айтып отырушылар кездеседі.

Ғұлама қарт біздің өңірдегі араб тілін білушілердің де бірі еді. Көрнекті ғалым Ақжан Машановтың сұрауы бойынша ол кісі халқымыздың данышпан перзенті әл-Фарабидің бірнеше еңбектерін араб тілінен қазақшаға аударған.



Ғалым МАЛДЫБАЕВ

Шал ақын мұраларын жинастырушы және зерттеушілердің бірі – белгілі жерлес ақынымыз Ғалым Малдыбаев. Алғаш рет “Қазақ әдебиеті” газетіне 1958 жылы 28 қарашада “Өлеңге тоқтамайды Шал дегенің” деген атпен бір топ өлеңдерін бастырды. Одан кейін де облыстық “Ленин туы” газетінде ақынның шығармашылығын зерттеу мақалалары шықты.

Ұлттық Ғылым академиясына ақынның онға жақын өлеңдерін тапсырды. Шал ақын шығармашылығын насихаттау ісінде көп еңбек сіңірді.



Сейтен САУЫТБЕКОВ

Жазушы, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мұғалімі Сейтен Сауытбеков Шал ақын шығармаларын жинастырушылардың бірі. Шал ақын шығармашылығын зерттеушілердің айтуынша, ақынның 300 жолдан аса өлеңдері Сейтен ақсақалдың жеке архивінен алынған.

Мысалы: “Қатын алма алпыстан асқаннан соң”, “Жаратқан Мұхамедтің нұрын құдай”, “Мейманға бер бір аяқ асың болса” сияқты өлеңдерін Сейтен ақсақал жариялатты.

Ол Шал ақын туралы мектеп оқушыларына арнап “Аютас”, “Бала Шал”, т.б. әңгімелер жазған.

Уәп ЛАТАНОВ



Шал ақынның кейінгі ұрпақтарының бірі – соғыс және еңбек ардагері Уәп Латанов. 1998 жылы 25 қарашада өткен “Шал ақын Құлекеұлы және ақындық өнері” атты халықаралық ғылыми-теориялық конференцияға шақырылып, кейінгі ұрпақтары атынан сөз сөйлеген.

Шал ақын есімін ел есінде сақтау шараларына байланысты көп жұмыс істеді. Атап айтсақ, ауданға Шал ақын атын беру, аудан орталығына ақынға ескерткіш орнату, өлеңдерін елге таратуға байланысты көп еңбек етті.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Уәлиханов Шоқан*. Таңдамалы. Алматы: “Жазушы”, 1985.
2. *Мағауин Мұхтар*. Қобыз сарыны. Алматы: 1968.
3. *Мағауин Мұхтар*. Кобыз и копые. Алматы: “Жазушы”, 1970.
4. Казахско-русские отношения в XVI–XVIII веках. Алматы, 1961.
5. Алдаспан. Алматы: “Жазушы”, 1971.
6. XV–XVII ғасырлардағы қазақ поэзиясы. Алматы: “Ғылым”, 1982.
7. Бес ғасыр жырлайды. Алматы: “Жалын”, 1989. I том.
8. Ай, заман-ай, заман-ай. Алматы: Қазақ ССР Баспасөз жөніндегі мемлекеттік комитеті Бас редакциясы, 1991.
9. Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет. Хрестоматия. (Төртінші кітап). Алматы, 1998.
10. *Шал ақын Күлекеұлы*. Шығармалары. Зерттеулер. Алматы: “Дайк-Пресс”, 1999.

МАЗМҰНЫ

ҚОШАНОВ Аманжол. Асыл мұра	5
ЖҰМАБАЕВ Социал. “Өлеңге тоқтамайды Шал дегенің”	7

І. ЖАҚСЫЛАР АҒЫН СУДАЙ, АСҚАР ТАУДАЙ

Шал ақын шығармалары

“Өлеңге тоқтамайды Шал дегенің”	18
“Бақытыңа кез бопты долы қатын”	—
“Пасыл да пасыл, пасылман”	19
“Арғымақ ат кімде жоқ”	22
“Саясы жоқ бәйтерек”	23
“Кұдая, күдіретіңмен сақтағайсың”	24
“Түседі өлең десе қайғы-шерім”	25
Қыздар туралы	26
Күлен шешенге	27
“Бақ көшсе ақылыңа қарамайды”	—
“Күні шолақ болған соң”	28
“Екі қатын алғанның”	—
Тоқтының батасы	29
“Жамандар өзін-өзі”	—
Әкесі Құлеке өлгенде айтқаны	30
“Бұл өлім қайда жоқ?”	—
“Жарға біткен жантақты”	31
“Ашу — дұшпан болғанда”	32
“Жігіттер, жау алмайды ақылдассаң”	—
“Әр жерде қадір, құрмет”	33
“Кедейлік ер жігітке”	35
Шал мен Дегдар қыз	36
“Екі арыстан жабылса”	39
“Жаманға дәулет бітсе”	—
“Айтайын біраз кеңес”	40
Жігіт туралы	41
Әйел туралы	42
Кедейлік туралы	43

“Жақсы әйел”	44
Баспайға	45
Өнершек жігітлікте	—
“Бұрынғы бар кісілер”	46
“Жер түрлентіп жараттың”	47
“Мекке менен Мәдине”	48
“Бақ-дәулет, жеті мұният”	—
“Шәйі сиса, асыл қылыш”	49
“Қорқақ емей немене”	—
“Сөйлеп қал”	50
“Жастарға бақыт, байлық”	51
“Ата-ананың қадірін”	—
“Қона берсе”	52
“Ханнан тақыт таярда”	—
“Көкала көл, нар қамыс”	53
“Біз-дағы келіп қаппыз”	—
“Сабының сақар”	54
Екі келін	—
Біреудің баласы өлгенде	55
“Біздерді алдап келер”	56
Күлетейге	—
“Он бесте тартып міндім”	57
“Алпыс жас”	58
Шал мен Күлімжан қыз	60
Жігіт пен Шал	61
Шал мен кемпірі	62
“Тоқсан баулы”	63
Мешкей кәрілерге	64
Қыз сыны	—
“Иман — қой”	65
“Шежірелі қартың болса”	66
“Бұл дүниенің мысалы”	67
“Пұт болдым деп”	69
“Қазаққа пайда мынау”	70
“Ат сұлу”	71
“Беліме жіп буындым”	72
“Қызығын талай көрдің”	73

Сұрау – жауап	74
“Қатын шайпау болғаны”	75
“Келін жақсы болса”	—
“Үш-төрттен талап еттім”	76
“Қашыр-құшыр шайнайтын”	78
“Шалыңның екі көзі”	—
“Көрілік — күлге аунаған”	79
Көрілік	81
“Он бестегі жасым-ай”	83
“Бір жаста”	84
“Елу — ердің жасы екен”	85
“Жиырма бес”	86
“Дүния деген”	87
“Бақ дәулет”	88
“Байлауы жоқ шешеннен”	89
“Санай берсең”	—
“Жігіттер, сақтаныңыз”	90
“Өлімнен құтылмассың”	91
“Бәйгеден келе бермес”	92
“Бір құдайдан”	93
“Мен келдім”	94
“Қаракөк, жылқы ішінде”	95
“Тентегің тентек десең”	96
“Жолаушы ат өлтірмес”	—
Шалдың жігіт кезінде	97
“Адамзат тірісінде”	98
“Ханды құдай соқса”	—
“Жаратқан Мұхамедтің”	99
“Дәретсіз жеркенеді”	103
“Көңілдің қазығы жоқ”	104
“Кең жайлау”	105
“Балаңда ер сабырлы”	107
“Көрілік әрбір жерден”	108
“Қылыш алып”	109
“Атығайдың басы екен”	—
“Жиырмамда сегіз қырлы”	110
“Жаһаннам түбі терең”	111
“Дүниенің кемшілігін”	—

“Жігітім, қатарыңнан”	—
Шал ақын мен Қареке	—

II. АҚЫНДАР АТАСЫ

Шал ақын өлеңдері туралы зерттеу мақалалар

<i>САЛЫҚОВ Кәкімбек. Өзіл сөздің атасы</i>	114
<i>МАГАУИН Мухтар. Шал ақын</i>	128
<i>БЕЛЬГЕР Герольд. “Жат та жақын болады, таныс болса”</i>	146
<i>ЗІКІБАЕВ Есләм. Алдымыз айдын</i>	149
<i>ЛАТАНОВ Уәп. Ақындар атасы</i>	156
<i>МҰҚАНОВ Қайролла. Шал ақын поэзиясындағы педагогикалық ой-пікірлер</i>	163
<i>ҚАДІРӘЛІҰЛЫ Ғалым. Әйгілі ақын бабамыз</i>	169

III. СТИХОТВОРЕНИЯ ШАЛ АҚЫНА ПЕРЕВЕДЕННЫЕ НА РУССКИЙ ЯЗЫК

“Не на радость”	178
“Для отважного жигита”	—
“Ты не хвались”	—
“Землю создал ты”	179
“Пусть удачу, довольство тебе”	—
“Одежда, честный меч”	180
“В пятнадцать сел я на коня”	—
“Подпоясался веревкой”	181
“И в год, и в два”	182
Старость	183
“В мире семьдесят видов”	185
“Жигиты, не тратьте”	—
“От смерти не спасись”	—
“Не всех коней в байге”	186
<i>Шал ақын туралы лебіздер</i>	187
<i>Шал ақынның мұрасын жинаған жерлестеріміз</i>	188

ШАЛ АҚЫН
Өлеңдер
Зерттеу деректер

Редакторы Ә.Ақпанбетұлы
Суретшісі Н.Нұрмұханбетов
Техникалық редакторы С.Ақылов

ИБ № 213

Терімге 08.05.2003 жіберілді. Басуға 11.06.2003 қол қойылды. Пішімі 84x108 1/32. Офсеттік қағаз. Шартты баспа табағы 13,5. Есепті баспа табағы 12,5. Таралымы 1000. Тапсырыс 13.

480091, Алматы,
Құрманғазы көшесі, 29
«Арыс» баспасы
тел./факс: 916 628, 916 692
E-mail: aris@nursat.kz

Типография ТОО «Мария»
480012. Алматы қаласы, Сейфуллин даңғылы, 555^а
Тел.: 630 944

Ардақты Алаш азаматтары!



Бұл кітапты сатып алып, “АРЫС” қорының ісі оңға басуына үлес қосқан Сізге мың да бір рахмет!

Репрессияға ұшыраған Қазақстан зиялыларының мұрасын зерттейтін “АРЫС” қоры жазықсыз жазаланып, аттары аталмай, көпшілік жадынан оше бастаған біртуар азаматтарымыздың мұрасын жинап, еңбектерін жарыққа шығарады; ескерткіш, мүсіндерін жасап, музейлерін жабдықтайды; арыстарымыздың өмірі мен творчествосын насихаттаушыларға жәрдем беріп, мерейтойларын өткізуге атсалысады; ардақтыларынан ажырап қалған шаңырақтарға қайырымдылық көрсетеді...

Қор жанындағы “АРЫС” баспасы Сіздің түрлі мәдени тапсырыстарыңызды тез әрі сапалы орындап береді.

Бірлесіп жұмыс істеп, демеуші болам деушілерге:

*е/ш 001700102 (теңге) 30070492 (валюта)
Алматы қаласындағы ААҚ “Казкоммерцбанк”
МФО 190501724 РНН 600400010767
“Арыс” қорына*

**тел/факс: 8(3272) 916 628, 916 692
E-mail: aris@nursat.kz**